



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

Қоғам және Дәуір

ҒЫЛЫМИ - САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

1/2008

СЫРТҚЫ САЯСАТ
ЖӘНЕ
ҚАУІПСІЗДІК

ІШКІ САЯСАТ
ЭКОНОМИКА

ҚОҒАМ
ТАРИХ
МӘДЕНИЕТ

Астана



«Қоғам және Дәуір» журналы ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетінің докторлық және кандидаттық диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін жариялайтын ғылыми басылымдар тізіміне төмендегі мамандықтар бойынша енгізілген:

07.00.00 – ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫ
09.00.00 – ФИЛОСОФИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ
23.00.00 – САЯСИ ҒЫЛЫМДАРЫ



2004 жылдан бастап
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор
Болат СҰЛТАНОВ,
ҚР Президентінің жанындағы
ҚСЗИ директоры

Жауапты редактор
Нұрлан СЕЙДІН

Шығаруға жауапты:
Ү.Нысанбек

Дизайн және беттеу
Г.Хаткулиева, А.Садвакасов

Редакция мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 87-б
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ

Телефон (727) 264-34-04
Факс (727) 264-49-95
E-mail: office@kisi.kz,
www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде 2003 ж.
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы
№ 4526-Ж куәлік берілген.

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды
көшіріп басқан, микрофильмдеген
жағдайда журналға сілтеме жасалынуы
міндетті. Жарияланған мақала
авторларының пікірі редакция
көзқарасын білдірмеуі мүмкін.

Алматы қаласы «Школа XXI века» ҚБ
баспаханасында басылып шығарылды.
050010, Алматы қаласы,
Уәлиханов көшесі, 115.

Таралымы 500 дана.

Қоғам Дәуір ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ



ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ
ЖОЛДАУЫ ЖОЛДАРЫНАН

Әсел Назарбетова
Елбасы Жолдауындағы «Еуропаға жол»
бағдарламасының өзектілігі 4

СЫРТҚЫ САЯСАТ ЖӘНЕ
ҚАУІПСІЗДІК

Нұрлан Сейдін
Қазақстан және ЕҚЫҰ: қауіпсіздік пен
даму кепілі 8

Әлібек Күзербаев
Орталық Азиядағы исламның радикалдану
процесі: өткені мен бүгіні 13

ІШКІ САЯСАТ

Гүлшат Нұрымбетова
Саяси қарсылық көрсету –
қатысудың ерекше түрі 18

Жұмабек Кенжалин
Салиқалы ойды сабақты
пікірмен өрбіткен 24

Анар Абулкасова
Мемлекеттік-әкімшілік басқару
жүйесіндегі аймақтық саяси
менеджменттің өзіне тән ерекшелігі 27

Әмірхан Рахымжанов
Әлеуметтік және саяси капитал табысты
реформалаудың құрамдас бөлігі 33

Арман Нұрмаханбетов
Ұйымдастырушылық-кадрлық талдаудың
тиімділік үрдістері 39

Аймен Құрманғали
Қазақстан Республикасындағы
парламенттің саяси дамуы 43

Назгүл Шыңғысова
Аймақтық басылымдардың имиджі 47

Салтанат Станбаева Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің саяси аспектілері	51
---	----

Қарғаш Жанпейісова Саяси ой тарихындағы халық өкілдігі идеясы.....	56
---	----

Мұрат Насимов Қазақстан Республикасындағы саяси партиялардың парламенттік сайлау науқандарындағы саяси жарнамалары	61
---	----

ЭКОНОМИКА

Қуаныш Айтаханов 2008: Жолдау және ауыл.....	71
--	----

Мүбәрәк Тілеуберген Жер асты қазба байлықтарына салық салу мәселесі	77
--	----

Гүлнар Өндіржанова Әлемдік экономика интеграциясына ену – Қазақстан экономикасы дамуының негізі ретінде.....	82
--	----

ҚОҒАМ. ТАРИХ. МӘДЕНИЕТ

Айболат Көшкімбаев Алтын Орданың қарулы күштері.....	85
--	----

Болат Сайлан Қазақстан жастарының Ұлы Отан соғыс жылдарында тыл майданындағы күресі (1941-1945 жж.)	90
---	----

Досбол Байғонақов Г.И. Пацевич еңбектеріндегі көне дәуірлер тарихының сауалдары	99
--	----

Фатима Адилова Патшалық Ресейдің Қазақстанды отарлаудағы Орынбор діни басқармасының қызметі	106
---	-----

Түйіндеме	114
------------------------	-----

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Болат СҰЛТАНОВ	– редакциялық кеңестің төрағасы, ҚР Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының (ҚСЗИ) директоры, тарих ғылымдарының докторы
Нұрлан СЕЙДІН	– жауапты редактор, ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты
Нұржамал АЛДАБЕК	– әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінің деканы, тарих ғылымдарының докторы, профессор
Мәулен ӘШІМБАЕВ	– ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, саяси ғылымдарының кандидаты
Камал БУРХАНОВ	– ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, саяси ғылымдарының докторы, профессор
Ержан ЖАТҚАНБАЕВ	– әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың экономика және бизнес факультетінің деканы, экономика ғылымдарының докторы, профессор
Санат КӨШКІМБАЕВ	– ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ директорының бірінші орынбасары, саяси ғылымдарының докторы
Қуанышбек ҚАРАЖАН	– әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор
Әбдімәлік НЫСАНБАЕВ	– ҚР БҒМ философия және саясаттану институтының директоры, ҚР ҰҒА академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор
Сайпулла САПАНОВ	– әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар кафедрасының доценті, саяси ғылымдарының кандидаты
Марат ТӘЖИН	– ҚР сыртқы істер министрі, социология ғылымдарының докторы, профессор
Болат ТЛЕПОВ	– Алматы қаласы әкімі аппараты Ішкі саясат департаменті директорының орынбасары, саяси ғылымдарының кандидаты
Айгүл ТҮЛЕМБАЕВА	– әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың маркетинг кафедрасының меңгерушісі, экономика ғылымдарының докторы, профессор

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

Булат СУЛТАНОВ	– председатель редакционного совета, директор Казахстанского института стратегических исследований (КИСИ) при Президенте РК, доктор исторических наук
Нурлан СЕЙДИН	– ответственный редактор, ведущий научный сотрудник КИСИ при Президенте РК, кандидат исторических наук
Нуржамал АЛДАБЕК	– декан факультета востоковедения КазНУ им. аль-Фараби, доктор исторических наук, профессор
Маулен АШИМБАЕВ	– заместитель Руководителя Администрации Президента РК, кандидат политических наук
Камал БУРХАНОВ	– депутат Мажилиса Парламента РК, доктор политических наук, профессор
Ержан ЖАТҚАНБАЕВ	– декан факультета экономики и бизнеса КазНУ им. аль-Фараби, доктор экономических наук, профессор
Санат КУШКУМБАЕВ	– первый заместитель директора КИСИ при Президенте РК, доктор политических наук
Қуанышбек ҚАРАЖАН	– заведующий кафедрой новой и новейшей истории Казахстана КазНУ им. аль-Фараби, доктор исторических наук, профессор
Абдумалик НЫСАНБАЕВ	– директор Института философии и политологии МОН РК, академик НАН РК, доктор философских наук, профессор
Сайпулла САПАНОВ	– доцент кафедры международных отношений КазНУ им. аль-Фараби, кандидат политических наук
Марат ТАЖИН	– министр иностранных дел РК, доктор социологических наук, профессор
Болат ТЛЕПОВ	– заместитель директора Департамента внутренней политики аппарата акима г. Алматы, кандидат политических наук
Айгүл ТҮЛЕМБАЕВА	– заведующая кафедрой маркетинга КазНУ им. аль-Фараби, доктор экономических наук, профессор

Елбасы Жолдауындағы «Еуропаға жол» бағдарламасының өзектілігі

Әсел НАЗАРБЕТОВА,
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың ғылыми қызметкері

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты кезекті Жолдауы еліміздің алдағы дамуының негізгі бағыт-бағдарларын айқындап берді. Жолдауда айтылғандай Қазақстанның сыртқы саясаттағы және қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы басымдықтары өзгеріссіз қала береді. Қазақстанның бастамасымен құрылған АӨСШК, ШЫҰ, ҰҚШҰ сияқты ұйымдар шеңберінде аймақтық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыру, Ресей, Қытай, Орталық Азия мемлекеттері және АҚШ, ЕО, НАТО-мен өзара сындарлы ықпалдастықты ары қарай дамыту үрдісі өз жалғасын таппақ.

Бүгінде Қазақстан әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі болып, халықаралық мойындаудың жаңа сапалы сатысына көтерілді. Оған дәлел Қазақстанның 2010 жылы беделді халықаралық ұйым Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуі жөніндегі шешімнің қабылдануы. Осы орайда биылғы Жолдаудың еліміздің ішкі және сыртқы саясатына тікелей қатысы бар мақсат-міндеттерінің бірі - еліміздің ЕҚЫҰ төрағалығын атқаруына байланысты «Еуропаға жол» бағдарламасын әзірлеу болып табылады. Жолдаудың сыртқы саясат бөлігінде елең еткізерлік жаңалық болмағанымен, «Еуропаға жол» бағдарламасы, логикалық тұрғыда көпвекторлы саясаттың жалғасы ретінде көрініс тапты. Елбасының берген тапсырмасына сәйкес «бағдарлама экономикалық ынтымақтастықты дамытуға, басқарудың тәжірибесі мен технологиясын тартуға, заңдарымызды жетілдіруге, ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуіміздің стратегиялық пайымын және өзіміздің күн тәртібімізді белгілеуге ықпал етуге тиіс» [1].

«Еуропаға жол» бағдарламасы келешегі зор бастама болмақ. Себебі ЕҚЫҰ-ға төрағалық тек сыртқы саясаттың жеңісі ғана емес, сонымен қатар күрделі, әрі жауапты міндет, бұл жағдай батыс елдерінің Қазақстанға деген аса қызығушылығын арттырады. Сол себепті Президент Н. Назарбаев биылғы Жолдауында еуропалық бағдарды ерекше атап көрсетті. Елбасы жақын арада Еуропалық Одақпен, жалпы еуропалық мемлекеттермен тығыз қарым-қатынастар орнату, қалыптасқан байланыстарды тереңдету қажеттігін алға тартты. Мұндай дипломатиялық стратегия Астана мен Брюссельге жаңа жағдайдағы ынтымақтастықтың күн тәртібін тиімді қалыптастыруға мүмкіндік туғызады. Бағдарламаның қосымша міндеті Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығына байланысты пікір алмасу және тараптар мүдделерін айқындау. Еуропа Қазақстанның қандай нақты ұсыныстар жасайтындығына қызығушылық танытса, Астана одан Еуропа не күтіп отырғандығын, қандай шаралар мен іс-қимылдарды жүзеге асыру қажеттігін білгенді жөн көреді.

ЕҚЫҰ төрағасы ретінде Қазақстан тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, төзімділік пен кемсітпеушілікті нығайту, халықаралық терроризмге қарсы тұру секілді мәселелерге ден қояр еді. Қазақстанның сыртқы саяси ведомствосы басшысының пікірі бойынша, ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету саяси жүйені одан әрі жаңаландыруға септігін тигізетін болады, ол Президенттің елдің қоғамдық-саяси өмірін одан әрі демократияландыруға бағытталған курсымен сәйкес келеді. Алайда Елбасы Жолдауында Қазақстан өзіндік даму жолынан таймайтындығын да ескертті.

Сонымен қатар, М. Тәжиннің пікірінше, «Қазақстанның төрағалық етуі арқасында ЕҚЫҰ батыстың Азияда болып жатқан процестер туралы хабардарлығын және оларға деген қызығушылығын арттыруға, осы аймақтың елдерімен анағұрлым тығыз серіктестік қатынастар орнатуға және Ауғанстан шекарасында едәуір айқындықты қамтамасыз етуге керемет мүмкіндікті иемденеді. Қауіпсіз, тұрлаулы және болжамды Орталық Азия құруға мүмкіндіктер пайда болуда, оған тек аймақ мемлекеттері ғана емес, бүкіл халықаралық қауымдастық мүдделі» [2].

Мадридте сөйлеген сөзінде сыртқы істер министрі М. Тәжин Қазақстан ЕҚЫҰ төрағасы мәртебесінде осы ұйым жұмысына сапалы өзгерістер әкелу мүмкіндіктері туралы айырықша атап өтті. Ұйымға шын мәнінде пайдасын тигізіп, артылған зор үмітті ақтау үшін Қазақстан өз алдына басымдықтарын айқындауы қажет. Осы ұйымның дамуы үшін қандай реформалар ерекше маңызды саяси (Еуропадағы әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету, Ауғанстан шекарасындағы тұрақтылық, есірткі тасымалына қарсы күрес) немесе гуманитарлық (діни және этникалық төзімділік, экология, түрлі мәдениеттердің тоғысы) екендігін сараптап, талдау жасау міндеті тұр.

Батыс мемлекеттері Қазақстанның берген барлық уәделерінің орындалуын, оның ішінде саяси реформаларды жүзеге асыру және заңнамаларды ЕҚЫҰ стандарттарына сәйкес жақындастыру қажеттігін қатаң бақылауда. Мадридтегі алған міндеттемелерін ойдағыдай жүзеге асыру Қазақстан мәртебесін халықаралық деңгейде де, ел ішінде де жоғарылатады. ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету үш жылға созылмақ. 2009 жылы Қазақстан ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуші елдердің «үштігіне» кіреді. 2010 жылы ЕҚЫҰ-ның қазіргі басшысы ретінде, 2011 жылы бұрынғы төраға ретінде өтеді. Сондықтан да Қазақстанның «үштікке» қатысу дайындығында 2008 жылдың орны ерекше. Осы үш жыл ішінде Қазақстан алға қойған мақсаттары мен жоспарланған жобаларын жүзеге асыруға қол жеткізуі тиіс.

Шет мемлекеттердің Қазақстанға қызығушылығы артып отырғандығының айғағы ретінде Қазақстан Республикасының Елшіліктері ұйымдастыруымен жүзеге асырылып отырған бірқатар ақпараттық іс-шараларды айтуға болады. Олардың мақсаты - түрлі топтар өкілдерін Елбасы Жолдауының басты қағидаларымен хабардар ету. Шетел саясаткерлері мен сарапшыларын Президент Жолдауындағы «Еуропаға жол» бағдарламасы қызықтырып отыр, сондай-ақ, аталған бағдарлама шет елдерде де қолдау табуда.

Атап айтқанда, Астанаға сапармен келген АҚШ Мемлекеттік хатшысының Оңтүстік және Орталық Азия істері жөніндегі көмекшісі Ричард Баучер ресми Вашингтон Қазақстанның «Еуропаға жол» бағдарламасын қолдайтындығын және бұл бағдарламаның барлық қырларын мұқият талқылауға бейіл екендігін айтты. «Өйткені біз елдің шын мәнінде өркениетті республикаға айналуына

көмектесуге тиіспіз», деді Ричард Баучер. Дипломаттың атап өтуінше, 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету мәртебесіне ие болған Қазақстан 2008 жыл ішінде өзінің заңнамаларын ЕҚЫҰ-ның халықаралық стандарттарына сәйкес келтіру бойынша бірқатар міндеттемелер қабылдаған. Оның ішінде сайлауға, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметіне және саяси партияларды тіркеуге қатысты мәселелер бар, деді Ричард Баучер.

Сонымен қатар Ригада болып өткен «Стратегиялық әріптестік 1520: Балтық өңірі» атты екінші халықаралық темір жол бизнес-форумы аясында Қазақстанның Балтық елдеріндегі және Финляндиядағы елшісі Т. Қабдырахманов қатысушыларға Қазақстан басшысы Жолдауының негізгі қағидаттарын мазмұндап берді. Әңгімеге қатысушылар Қазақстанның экономикалық жағынан қарыштап дамуының сипатын атап көрсетті және екі ел арасындағы қарым-қатынастардың деңгейін жоғары бағалады. Жолдауда атап көрсетілген ірі көлік жобасы – «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» трансконтинентальдық дәлізін іске асыруға ерекше ынта қойды. Литва СІМ-і Шығыс көршілестік саясаты департаментінің директоры А. Винчунас «Еуропаға жол» атты арнайы бағдарламаны құптайтынын білдірді.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі М. Тәжиннің Францияға ресми сапары барысында «Еуропаға жол» бағдарламасына деген қызығушылық байқалды. Үстіміздегі жылдың шілдесінен Франция Еуроодақ басшылығына ие болады. Осы орайда М. Тәжин Орталық Азияға қатысты ЕО стратегиясының Франция СІМ жетекшілігімен ерекше қарқынға ие болатындығына сенім білдірді. Франция сыртқы істер министрі ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Францияға ресми сапары барысында «Еуропаға жол» бағдарламасы аясында бірқатар жобаларды талқылауға болатындығы туралы ұсыныс білдірді.

Сондай-ақ, 21-22 ақпанда Венада өткен ЕҚЫҰ ПА отырысында Қазақстан өзінің төрағалығын қалай қабылдағандығы жөніндегі мәселеге көңіл бөлінді. ЕҚЫҰ ПА жазғы сессиясы Астанада өтеді. Осы уақытқа дейін батыс өкілдері Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатында қандай оң өзгерістер болып жатқандығын бақылап, нәтижелер бар екендігіне көз жеткізуі қажет. «Дөңгелек үстел» мақсаты пікірталас барысында Астананың сыртқы саясатының мақсат-міндеттерін айқындау болды. Қазақстан жағынан отырысқа Сыртқы саясат, қорғаныс және қауіпсіздік мәселелері бойынша парламент комитетінің төрағасы Н. Рүстемов қатысты.

Германия Сыртқы істер министрі Франк-Вальтер Штайнмайер Орталық Азияға сапары барысында Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығының қолдауда белгілі ұстанымдар болу қажеттігін айтып өткен болатын, яғни төрағалық функциялары сол мемлекетке өзінің ішкі саясатын халықаралық стандарттарға, қажет болған жағдайда демократиялық, құқықтық мемлекет құруға сәйкестендіруге қосымша мотивация бола алады [3].

Еуропалық Одақ мемлекеттерінің Қазақстанға, сондай-ақ, жалпы аймаққа қызығушылығы артып отырғандығының тағы бір көрінісі ретінде 2007 жылдың маусым айында Еуропалық Кеңес отырысында ЕО-ның Орталық Азия жөніндегі 2007-2013 жылдарға арналған стратегиясы қабылдануын айтуға болады. Жолдауда айқындалған Қазақстан сыртқы саясатының ЕО-ның Орталық Азия жөніндегі стратегиясымен және ЕО-ның көршілестік саясатымен үндесетіндігін мамандар атап көрсетуде.

Аймаққа деген қызығушылық еуропалықтардың баламалы энергия көздеріне мұқтаждығынан туындап отыр. Стратегия қысқа мерзімге арналғандығына қарамастан, ол саяси құжат болып табылады. Мұнда Еуроодақ аймақтағы өз ұстанымы мен мүдделерін айқындады. Қабылданған стратегияда саяси мәселелер – адам құқықтары, саяси жүйені реформалау бірінші кезекте тұрған жоқ. Басымдық энергетикалық саясат пен энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге берілген, яғни ЕО-ның экономикалық мүдделерінің жоғарылығы айқын. Бұған дәлел соңғы уақыттағы оқиғалар – Қазақстанның 2010 жылғы төрағалығы, ЕО Стратегиясы, ЕО энерго жүйесін реформалау жобасы, Транскаспий газқұбырын қолдау. Стратегияны жасаушы Берлин, қатаң талаптар мен сыни көзқарастар Орталық Азия мемлекеттерінің саяси жүйесін ары қарай реформалауға және демократиялық үрдістерге ықпал жасамайтындығына сенімді. Сондықтан Қазақстанды ЕҚЫҰ төрағасы ретінде бекітуі ЕО сыртқы саясатының құндылық аспектілері қазіргі кезде басты емес екендігінің тағы бір көрінісі [4].

Қазақстан Еуропалық Одақпен аймақтық және халықаралық қауіпсіздік, энергетика, экология, экономиканы диверсификациялау, әлеуметтік-мәдени даму саласындағы ынтымақтастыққа көбірек мазмұндылық беруге мүдделі. Осы орайда, Қазақстанда жасалып жатқан «Еуропаға жол» арнайы бағдарламасы ынтымақтастықты ары қарай дамытуға және тереңдетуге зор ықпал жасауы қажет.

Бұдан былай Еуропаға құр еліктемей, олардың ғасырлар бойына сыннан өткен озық үлгілерін өзіміздің табиғи ерекшелігімізбен сабақтастыра отырып қабылдауға күш салу еліміздің алдында тұрған міндеттердің бірі. Қазақстанның ЕҚЫҰ төрағасы ретіндегі сыннан сүрінбей өтуі үшін барлық мемлекеттік құзырлы органдар, саясаттанушылар мен сарапшылар «Еуропаға жол» бағдарламасының толыққанды, мазмұнды болуына жауапкершілікпен ат салысуы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауы «Қазақстан халқының өлауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты», 2008 жылғы 6 ақпан. //www.akorda.kz
2. ҚР Сыртқы істер министрі М.Тәжиннің «Хабар» агенттігінің «Жеті күн» бағдарламасына берген сұхбаты. //www.mfa.kz
3. В. Волков. Казахстан: перспективы председательства в ОБСЕ. //www.Dw-world.de
4. Т. Умбеталиева. Интересы Европейского Союза в Центральной Азии. //www.risk.kz

Қазақстан және ЕҚЫҰ: қауіпсіздік пен даму кепілі

Нұрлан СЕЙДІН,
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың жетекші ғылыми
қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ЕҚЫҰ) тарихында тұңғыш рет посткеңестік республика, яғни Қазақстан Республикасы 2010 жылы төрағалық етуге дайындалуда. Мұндай шешім 2007 жылдың 30 қарашасында Испанияның астанасы Мадрид қаласында ЕҚЫҰ-ның сыртқы істер министрлері кеңесінің отырысында қабылданған еді. Қазақстан кандидатурасын Ұйымға мүше 56 елдің өкілдері бірауыздан қолдап, сенім білдірді. Халықаралық қауымдастықтың мемлекетіміздің төрағалық етуіне қолдау көрсетіп, шешім қабылдаулары Қазақстанның демократиялық қоғам құрудағы және либералды нарықтық экономика қалыптастырудағы жеткен нақты жетістіктерінің нәтижесін мойындаулары болды. Сонымен қатар, Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуіне Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың белсенді халықаралық, реформаторлық және бітімгерлік қызметі арқылы жинақталған беделі мен оған деген халықаралық қауымдастықтың үлкен сенімнің әсер еткені және Қазақстан кандидатурасын қарастыруда оның құнсыз активі болғаны белгілі.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қазақстан әлемдік державалар мен беделді халықаралық ұйымдардың, оның ішінде ЕҚЫҰ-ның қолдауын қажет етті. Дегенмен, әлемдік қоғамдастық қуаты жағынан дүние жүзінде төртінші орын алатын ядролық қаруға ие Қазақстан Республикасының сыртқы саясатында үйлесімділіктің болуына мүдделі еді. Осыны ескерген Қазақстан сыртқы саясатында стратегияның өзегі саналатын көпжақты әріптестікті таңдады.

ЕҚЫҰ өзінің бірегей географиялық ұнақтысу алаңында осыған ерекше үміт артты. Сондықтан жетекші Батыс елдерінің Ұйымға кіруге шақыруын Қазақстан Еуропа қауіпсіздігінің жаңа архитектурасын құруға бағытталған қадам ретінде қабыл алды. Әрі ол тең құқықтық жағдайында болды және онда бөле-жаратын желі жоқ еді.

2003 жылы кандидатурасын ресми ұсынған кезден бастап қазақстандық дипломатия объективті және субъективті қиындықтарға карамастан, ЕҚЫҰ-ға төрағалыққа өтінішті жалғастыра берді. Жасыратыны жоқ, айтарлықтай қолдау болғанымен, Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға саяси көшбасшы болу ниетіне бірқатар елдер, олардың ішінде ықпалды мемлекеттер тарапынан жекелеген скептицизмдер орын алды. Бұлар ЕҚЫҰ-ға ешқандай қатысы жоқ формальды түрдегі талаптар еді.

Бүгінгі таңда ЕҚЫҰ құрамына 56 мемлекет мүше. Бюджеті 168,2 млн. евроны құрайды (2006 жыл). Қызметкерлердің саны – шамамен 3500 адам. Бұл ұйым Еуропа құрлығы, Кавказ, Орта Азия және Солтүстік Америка аймақтарындағы

қауіпсіздік жөніндегі ең ірі өңірлік ұйымдардың бірі. Осылайша, ЕҚЫҰ бүгінде Еуроатлантика және Еуразия кеңістігін біріктіріп отыр. Сонымен қатар, бұрынғы КСРО территориясында құрылған жаңа тәуелсіз мемлекеттерде 19 миссиясы жұмыс істеуде. Оның 14 НАТО елдерінің өкілдері басқарады, тек біреуін Ресей азаматы (Ереванда) басқаруда. ТМД елдерінен өкілдер жоқ. Сол себептен де елімізді ұйымға төрағалық етуге бірауыздан сайлаулары аталған жалпыеуропалық ұйымның Қазақстандағы жаңару бағытында жүріп жатқан реформалардың шынайылығына сенімдерінің артқандығының белгісі. Қазақстанның биік халықаралық мәртебесі оның түрлі күрмеуі қиын мәселелер бойынша ұсыныстарын біздің мемлекет үшін ғана емес, жалпы халықаралық еуропалық қауымдастық пайдасына ЕҚЫҰ мінберінен шешуге мүмкіндік тудыруда. Қазақстан елдің беделін жалпыеуропалық сахнада нығайтуға және еуропалықтардың орталықазия еліне деген қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік алуда.

ЕҚЫҰ-ның іс-қызметіне қатысушы елдердің мәртебелері тең және олар ешқандай да шарттық міндеттемелермен байланысты емес. ЕҚЫҰ-ның шеңберіндегі шешімдер құқықтық міндетке ие емес, саяси сипатта және консенсус арқылы қабылданады. ЕҚЫҰ-ның институттарын саяси шешімдерді қабылдайтын саяси органдар және жедел қызмет органдары деп екі негізгі топқа бөлуге болады. ЕҚЫҰ-ның саяси институттарының қатарына Саммиттер, Сыртқы істер министрлерінің Кеңесі, Жетекші Кеңес (ЕҚЫҰ-ның Экономикалық форумы), Тұрақты Кеңес, Қауіпсіздік ынтымақтастығы саласындағы форум жатады.

Жедел қызмет ететін ұйымның жалпы басшылығын қазіргі Төраға жүзеге асырады. ЕҚЫҰ-ға төрағалық ететін мемлекеттің сыртқы істер министрі болып қызмет атқаратын Төраға 1 жыл мерзімге тағайындалады. ЕҚЫҰ-ның Вена қаласындағы хатшылығын Сыртқы істер министрлерінің Кеңесі үш жыл мерзімге тағайындаған Бас хатшы басқарады. Бүгінде ЕҚЫҰ-ның ең басты әкімшілік лауазымды тұлғасы қазіргі Төрағаның өкілі болып табылады. Оның функцияларына ЕҚЫҰ-ның құрылымдары мен операцияларына басшылық жасау кіреді. ЕҚЫҰ-ның аз ұлттар істері жөніндегі Жоғарғы комиссары, ЕҚЫҰ-ның БАҚ бостандығы жөніндегі өкілі, Парламенттік ассамблея, ЕҚЫҰ-ның ымырашылдық және арбитраждық соты, сондай-ақ ЕҚЫҰ-ның жедел шешім қабылдайтын органдары болып табылады.

Ұйымның жедел қызмет құралының бірі – қақтығыстарды болдырмау және дағдарыстарды реттеу мақсатында қызмет ететін ЕҚЫҰ-ның миссиялары болып табылады. Олардың ең басты қызметі қабылдаушы жаққа миссия мандатымен қабылданған міндеттерді шешуде жәрдемдесуге негізделген. Бүгінгі таңда ЕҚЫҰ-ның 18 миссиясы немесе 16 мемлекетте басқалай өкілдері бар.

Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюро (ДИАҚБ) – ЕҚЫҰ-ның ең танымал институттарының бірі. Бұл бюро – демократияны дамытуға заң үстемдігін бекітуге, адам құқықтарын жүзеге асыруға жәрдемдесу үшін жауап беретін құрылым. Бюро сайлау барысын қадағалауда, адам құқықтары жөніндегі ұлттық институттардың қалыптасуында белсенді рөл атқарады, адамзат өлшемдері саласындағы міндеттемелерді орындау жөнінде сарапшылардың кеңестері мен семинарларын өткізетін форум қызметін атқарады. Сондай-ақ, ол ақпарат алмасу орталығы, үкіметтік емес ұйымдармен қарым-қатынасын орнату үшін байланыс пункті болып табылады. ЕҚЫҰ-ның адамзат өлшемдері саласындағы миссияларына және үйлестіру көмегі бағдарламасын жүзеге асыру

жөніндегі іс-шараларға қолдау көрсету орталығы болып табылады. Сарапшылық көмекті қамтамасыз етеді, сондай-ақ конституциялық және құқықтық мәселелер бойынша мамандар даярлайды.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ өз қызметінің аясында ЕҚЫҰ-ға мүше елдердің демократиялық сайлауларды өткізу және ұйымдастыру жөніндегі міндеттемелерін орындау барысы туралы ауқымды және құнды деректерді жинақтады, талдады және қорытып әлем жұртшылығының назарына ұсынды. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-ның штаб-пәтері Варшавада орналасқан. Тәуелсіз Қазақстанның жалпы әлемдік, оның ішінде еуропалық үдерістердің бағытындағы даму мүдделерін ескере келіп, 1975 жылғы Хельсинки қорытынды актісінде және ұйымның басқа да құжаттарында негізі салынған қағидаттарды іске асыруға белсене қатысуға талпына отырып, Қазақстан Республикасы 1992 жылдың қаңтарында ЕҚЫҰ-ға мүшелікке өткен еді.

Қазақстанның ТМД елдері ішінен ұжымдық кандидат ретінде ұсынылуы, Ақорданың халықаралық беделінің белгісі. Ресей саясаттанушысы Вячеслав Никоновтың пікірінше, «Ресей ЕҚЫҰ-да конструктивті күштер мен мемлекеттердің төрағалық етуіне мүдделі. Қазақстан – шын мәнінде лайықты кандидатура. Мәселе қазақ-ресей қарым-қатынастарының жоғары деңгейде болуында емес. Соңғы жылдары біздің көршіміз тамаша экономикалық көрсеткіштерге қол жеткізіп, мемлекет әлеуметтік бағытта қарқынды дамуда. Енді көпшілігіміз үлкен күмәнмен қараған ұйымды реформалауға қатысты мүмкіндіктер туралы айтып қана қоймай, Қазақстанның ұйым қызметінің тиімділігін арттырып, ЕҚЫҰ төрағасы қызметін басқада ТМД елдері үшін ашатынына сенеміз. 2012 жылдан кейін ЕҚЫҰ төрағасы қызметіне бір топ посткеңестік республикалар таласа алады: Грузия, Украина, Армения, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Молдавия, Әзербайжан».

РИА Новости агенттігінің белгілі саяси шолушысы Д. Косыревтың айтуынша ЕҚЫҰ-да төраға-елді таңдау қашанда немқұрайлы және маңызсыз үрдіс болатын. Бірақ Мадридте өткен ЕҚЫҰ елдері сыртқы істер министрлерінің кеңесінде Қазақстанның 2009 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуге өтуі мен өтпеуіне ұйымның болашағы байланысты еді. Осы сұрақтың шешілуі ЕҚЫҰ мүшесі Ресей мен басқада бір топ елдің ұйымнан мүшеліктен кетуімен байланысты болды. Ресей мен басқа да бірқатар мемлекеттердің ұйымнан мүшеліктен кетуі оның жалпыеуразиялық сипатынан айырылуына әкелер еді. Ал еуропа мемлекеттерінің басын топтастыратын еуроқұрылымдар жетерлік. Сол себептен де Қазақстанның кандидатурасы үшін күрес бірнеше жыл жүрді. Нәтижесінде ұйымға мүше мемлекеттер ортақ бір шешімге келіп төрағалыққа Қазақстан 2010 жылы бекітілген Финляндия мен Грекиядан кейін келсін деп уағдаласты.

Қалай айтсақ та Қазақстанды төрағалыққа сайлау оның саяси және экономикалық дамуы мен әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалар жолындағы логикалық бір кезеңі. Қазақстанның төрағалық етуінің еліміздің сыртқы және ішкі саяси мәселелеріне қосатын үлесі ерекше болмақ. Қазақстан өзін халықаралық қауіпсіздік проблемаларын шешуге, көпжақты ынтымақтастық пен өзара тиімді интеграцияны дамытуға белсенді қатысушы, жақтаушы ретінде көрсетті. Әлемдік қоғамдастық Астананың жаһандық және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, қарусыздану және қаруды таратпау режимін нығайтуға, сондай-ақ Ауғанстан мен Ирактағы жағдайды тұрақтандыруға, лаңкестікпен, діни экстремизммен күресті күшейтуге, мәдени және дінаралық үнқатысуды дамытуға қосқан үлесін жоғары бағалап келеді.

Біздің еліміздің қазіргі кездегі жетістігі әлемдік ерекшеліктерді ескере отырып, мәдени өркениеттілікке толеранттылықпен қарау, теңқұқылық үнқатысуға бейімделу, бір-біріміздің мүддемізді қорғауға ұмтылу, адам құқы арасындағы өзара байланысты жандандыру және қауіпсіздікті нығайтумен сипатталады. Міне, осылар қазақстандық дипломатияның ЕҚЫҰ жанындағы саяси көшбасшылық өкілеттілігін жүзеге асыруда негізгі сапалық іс-шаралары болады.

Бүгінде Қазақстан сапалық тұрғыдан Орталық Азияның барлығына даму мен тұрақтылықты жаңғыртудың үлгісі болып отыр. Сондай-ақ ол ЕҚЫҰ-ның аймақтағы негізгі әріптесі болып табылады. Қазақстан экономикалық қиындықтарды бастан өткізген Орталық Азия елдеріне ЕҚЫҰ-ның нақты және тәжірибе жүзінде көрсеткен көмектерін түсінеді. Осыған байланысты Қазақстан Сыртқы істер министрі М.Тәжин өзінің 2007 жылғы 30 сәуірде Венадағы ЕҚЫҰ Тұрақты кеңесінің арнаулы отырысында сөйлеген сөзінде: «Орталық Азиядағы қажеттілікті шоғырландыруда біз көршілеріміз үшін ерекше маңызы бар ЕҚЫҰ жобаларын бюджеттен тыс тең қаржыландыруға дайынбыз. Екіжақты қатынастар аясында Қазақстан аймақ елдеріне де, Ауғанстанға да белсенді қолдау көрсетеді. Мысалы, Қазақстан Қырғыз Республикасына көлемі 100 миллион доллардың қаржылай көмегін көрсетуге дайын екенін білдірді. Донорлық көмекті ЕҚЫҰ-ның жобалық қызметі арқылы көрсету Ұйым қызметіне Орталық Азияны тартуға ықпал ететіндігіне біз сенімдіміз», – деп атап көрсетті.

Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы туралы хабар Қазақстанның өзінде де, шетелдерде де үлкен серпіліспен қарсы алынды. Өйткені, Ақордаға ЕҚЫҰ-ны реформалау ісінде үлкен үміт артылып отыр. Ұйымның дағдарысқа ұрынғаны Мадридтегі кездесулер кезінде анық аңғарылды. ЕҚЫҰ өзінің саяси рөлін өзі кішірейтуде. Ахуал бұл калпында осылай жалғаса беретін болса, Ұйыммен есептесетіндер саны да азая түсетіні сөзсіз. Ал ЕҚЫҰ-ның өзі болса, тиімділігін жоғалтады. Қазақстан енді ЕҚЫҰ-ға өзінің халықаралық ұйымдарды, олардың ішінде қызметі ЕҚЫҰ функцияларына ұқсас ұйымдарды басқарудағы үлкен тәжірибесін ұсына алады. Қазақстан ТМД, ШЫҰ, ЭЫҰ секілді көпқырлы құрылымдарды басқаруда орасан ұйымдастырушылық және саяси тәжірибе жинақтап үлгерді. Бұл оның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуде көмектесетіні еш күмән туғызбайды. Қазақстанның ЕҚЫҰ-ның азиялық баламасы – АӨСШК-ге бастамашылық танытып, соңғы 15 жыл бойы табысты басқаруының да маңызы зор. Қазақстан іс жүзінде ЕҚЫҰ-ны реформалаудың басты субъектісі болып отыр. Өйткені, ол Батыспен де, Шығыспен де жақсы қарым-қатынастағы бірегей ел болып табылады. Сонымен қатар, еш елмен қарама-қайшылығы немесе аумақтық талас-тартысы жоқ. Қазақстан сондай-ақ теңдестірілген ұлтаралық және дінаралық ішкі саясаты бар аздаған елдердің қатарына кіреді. ЕҚЫҰ Шығыс Еуропадағы бірқатар жанжалдарды шешуде үлкен маңызға иелік етсе, Қазақстан аталған Ұйымның беделін өсіруге және тиімділігін арттыруға қол жеткізбек ниетте. Қазақстанда ЕҚЫҰ-ны сақтау қажеттігі хақында қағидатты нақты түсінік бар. Бұл халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сонымен қатар, Ұйымның халықаралық беделін өсіріп, оның әлеуетін қауіпсіздіктің көкейкесті проблемаларын шешуге жұмсау үшін қажет.

Қазақстанның 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалығы аталған халықаралық Ұйымға Шығыс Еуропа елдері мен ТМД мемлекеттерінің сенімін нығайтуды жоспарлауда. Қазақстан өзінің ЕҚЫҰ-ға төрағалығы кезеңінде, Ауғанстанды қоса алғанда, Орталық Азия проблемаларына назарды күшейтетінін және лаңкестікпен,

ұйымдасқан қылмыспен, есірткі трафигімен, адам және қару-жарак саудасымен күрес бағыттарында белсенді жұмыс жүргізу қажеттігін басты міндеттерінің бірі деп есептейді.

ТМД елдері атынан ұжымдық кандидат ретінде ұсынылған Қазақстанға ЕҚЫҰ төрағасы ретінде ЕҚЫҰ –да бүгіндері орын алған, оның белсенділігінің географиялық теңсіздікті, «екі түрлі стандарттарды» әсіресе посткеңестік кеңістіктегі елдерге қатысты ала-құлалықты толығымен жоюға тырысуы қажет. Ұйымдағы реформаларды одан әрі қарқынмен жүргізуі тиіс. Егер 2010 жылға дейін ЕҚЫҰ Жарғысының жобасы бойынша ТМД мемлекеттерінің ЕҚЫҰ тарапынан жалпыұлттық сайлауларды бақылауды ұйымдастырудың негізгі ұстанымдары бойынша ұсыныстары қабылданбайтын болса, онда Қазақстан төраға ретінде оны насихаттап, іс жүзіне асыруға ат салысуы тиіс.

Қазақстан Республикасы алдында 2010 жылы ЕҚЫҰ-ның белсенділігін арттыру, осы халықаралық қауымдастықтың күн тәртібіне қандай маңызды мәселелерді енгізу, жалпыеуропалық кеңістіктің қандай мәселелері ЕҚЫҰ мүше-мемлекеттерінің ұжымдық шешімін қажет етуде деген сияқты үлкен маңызды мәселелер тұр. Қазақстан өз ұстанымдарын басқа мемлекеттерге күштеп таңбай, керісінше ЕҚЫҰ қызметінің мазмұнын арттырып, ұйымды Еуропа халқын шын мәнінде мазалап отырған мәселелерге бұрып, нақты шешімдер қабылдауы қажет. Сонда барып барлық қатысушы-мемлекеттер здерін ынтымақтастық пен конструктивті диалогтағы ұйымның бір мүшесі ретінде сезінеді. Болашақта ЕҚЫҰ аясында Қазақстан жоспарлаған форумдар аталған халықаралық ұйымның ХХІ ғасырдың қауіп-қатарларына шынайы жауап қайтаратындай дайындық көрсетуі тиіс. Сол себептен, осы кезден бастап республикалық министрліктер мен ведомстволар басшыларының қатысуымен Қазақстанның ЕҚЫҰ-да төрағалық етуіне дайындалатын арнайы Мемлекеттік комиссия құрған жөн. Комиссия «Қазақстан - ЕҚЫҰ: 2010 жыл» бағдарламасын дайындауы тиіс. Біздің ел ЕҚЫҰ-ға мүше-мемлекеттердің сенімін және 2010 жылғы ЕҚЫҰ-ның төрағасы ретінде биік міндеттер жүктеген жауапкершілікті абыроймен атқарады деп зор сеніммен үміттенеміз.

Орталық Азиядағы исламның радикалдану үрдісі: өткені мен бүгіні

Әлібек КҮЗЕРБАЕВ,

ҚР БҒМ Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының аспиранты

Ислам дінінің практика жүзінде радикалдану процесі 18 ғ-да Араб түбегінде өмір сүрген Мұхамет Әбд әл-Уаххабтың есімімен тікелей байланысты. Діни отбасында дүниеге келген Мұхамет Әбд әл-Уаххаб ерте жастан ислам догматтарына қызығып, бірқатар ислам оқу орталықтарында оқыды. Ислам дініндегі ең қатал ханбалиттік мазхаб идеологтары еңбектерін оқып-өскен ол ең алдымен, замандастарына Мұхамет пайғамбар заманынан бері ислам дінінің қатты бұрмаланғанын айтып, ислам дінін «жаңартулардан тазартуға» шақырды. Ол әулиелердің бейіттеріне барып зиярат ету (оның ішінде Мұхаммет пайғамбардың да), адамдардың оларды құдай алдында қамқорлыққа шақыру және т. б. ислам дінімен біте қайнасып кеткен салт-дәстүрлерді ауыр күнелардың қатарына жатқызды. Діни сауаты төмен араб тайпалары арасында қолдау тапқан Әбд әл-Уаххабтың насихаттары сондай-ақ, мақсатқа жетудің тәсілі ретінде халықты «жиһатқа», яғни қасиетті соғысқа шақырды. Көптеген ғылыми әдебиеттерде «реформатор» деп есептелінетін, алайда ислам дінінің дамуына, көркеюіне ешбір үлес қоспаған оның идеяларында алғашқы кезден-ақ саяси реңк байқалды. Өйткені Әбд әл-Уаххаб шынайы діни емес, араб халықтарының басын біріктіріп, Осман империясының боданынан шығу сияқты саяси мәселелермен шұғылданып кетті. Мұны байқаған Недж мемлекетінің (Орталық Арабия) әмірі Сауд Әбд әл-Уаххабтың соңынан ергендерге (ары қарай уаххабшыларға) үлкен қолдау көрсететіндігін білдіріп, оларды сол кезде саяси жағынан бытыраңқы болған арабтарды бірлесіп, біріктіруге шақырды. Екі жак арасындағы уағдаластық шамамен 1750 жылы жасалды [1].

Мұнан кейінгі 15 жылда Саудтың басшылығымен уаххабшылар Орталық Арабияны түгел өздеріне бағындырып, 1786 ж. мұнда Саудтың әулеті билік құрған ірі мемлекет пайда болды. Ал 1787ж. (1791) Әбд әл-Уаххаб қайтыс болғаннан соң Саудтар мемлекетіндегі рухани билік те осы әулеттің қолына өтті. Ал Сауд өмірден озған соң Араб түбегін біріктіру ісі оның ұрпақтары – ұлы Әбд әл-Әзиз бен немересі Саудқа қалды. Уаххаб ілімін өз мемлекетінің идеологиясы қылып алған Саудтықтар кейінгі жылдары да өздерінің жаулап алушылық соғыстарында бірталай жетістіктерге жетті. Мысалы, ұзақ соғыстардан кейін уаххабшылар 1804ж. Араб түбегінің көп бөлігін, оның ішінде мұсылмандар үшін ең қасиетті екі қала Мекке мен Мединені де басып алды [2]. Алайда Ирак пен Сирияға жасаған жорықтары нәтижесіз аяқталды. Қайда барса да өз идеологияларын өзгелерге күштеп таңбақ болған уаххабшыларды жергілікті халықтар қолдамады.

Ал 19 ғасырдың басында уаххабшылардың күшейіп бара жатқанын көрген Осман империясы Саудтар мемлекетіне қарсы шықты. Түрік сұлтаны бұйрығымен Египет билеушісі Мұхаммет Әли 1818-1819жж. Саудтар мемлекетіне қарсы жорыққа шығып, уаххабшыларды жеңіліске ұшыратты. Алайда жеңілістен мойымаған уаххабшылар радикалды исламды шетелдерге таратуды одан ары жалғастырып, 19 ғ-дың 20-шы жж. Үндістанға да жетті. Осы жылдары Мұхаммет Исмаил мен Саид Ахмет Барелви деген екі уаххабшының басшылығымен Солтүстік Үндістан мұсылмандарының жергілікті билікке қарсы қозғалысы болып өтті. Бас көтерушілер өзге уаххабшылар тәрізді мұсылман қауымын Мұхаммет пайғамбар заманындағы исламға оралуға шақырып, халықты билікті басып алуға жұмылдыруға тырысты. Егер мұсылман елдеріндегі уаххабшыларға исламды пұтқа табынушылықтан «тазарту» ұраны тән болса, үндістандық уаххабшылар исламды индуизм дінінің сарқыншақтарынан «тазартуға» шақырды. Алайда бұл қозғалыс жеңіліспен аяқталды. Уаххабшылар Үндістанда бірбеткей катігездіктерімен өздеріне тек үнділер мен сикхтарды ғана емес, өз пікірлерімен келіспеген мұсылмандарды да қарсы қойды.

Ал Орталық Азияға уаххабизмнің енуі жайындағы деректер, бізге оның Кеңес үкіметінің құрылуымен бірге келгенін көрсетеді. Ол 20 ғасырдың басында Осман империясынан уаххабшыл көзқарасына байланысты қуылған Саид ибн Мұхаммет аш-Шаами ат-Тараблуси немесе Шаами-дамулла (1867-1932) деген сириялық арабтың есімімен тығыз байланысты. Каирдің әл-Азхар университетінде білім алған ол шафииттік мазхабтың өкілі болды. Осман империясынан жер аударылғаннан кейін ол Иран, Ауғанстан, Үндістан елдерін аралап, 20 ғасырдың басында Шығыс Түркістанға келеді. Ал Шаами-дамулланың 1919ж. Шығыс Түркістаннан (Қашғар) Орталық Азияға (Ташкент) келуіне кеңестік коммунистердің тікелей әсері болды [3]. Ол уаххабизм ілімін тарату арқылы жергілікті мұсылмандар арасына жік салып, кеңес үкіметінің Орталық Азиядағы отаршылдық езгісін күшейтуге «жәрдемші» рөлін атқаруы тиіс болды. Коммунистердің келісімен миссионерлік қызмет атқарған Шаами-дамулла өзінің шафииттік көзқарасына байланысты ханафиттік мазхабты ұстанатын жергілікті қауым, дәлірек айтқанда дін ғұламалары тарапынан үнемі қарсылыққа ұшырап отырды. Жергілікті халық ұстанатын исламның формасын, салт-дәстүрді қатты сынға алуы оның жат ілімнің немесе уаххабизм ағымынан екендігін көрсетіп тұрды. Ол да өзге исламның радикалды тармағын ұстанушылар тәрізді фундаменталистік көзқарасты жақтап, ортағасырлық дін ғұламаларының мұрасын қабылдамай, мұсылмандар негізгі тірек ретінде тек Құран мен Мұхаммет пайғамбардың хадистеріне ғана сүйенуі керек деген көзқараста болды.

Алайда бірнеше тілді жетік меңгерген (араб, парсы, түркі), діндар көпшілік жиналған жерлерде Құран мен хадистерден көптеген мысалдар немесе сілтемелер келтіріп, негізінен қарапайым халықтың арасында абырой жинап, кейіннен Ташкент төңірегінде танымал діндар саналды.

Ол өзінің Ташкенттегі эмиграциясы кезінде қоғамдық-саясимен қатар, діни-ағарту ісімен де айналысты. Одан тәлім алған шәкірттердің жалпы саны аз болғанымен (шамамен 20-30), олар кейіннен Орталық Азияда радикалды исламның насихатталып, таралуына өзіндік үлес қосты. Шаами-дамулла шәкірттерінің қатарындағы ең танымалы 1957-1982жж. САДУМ-ның (Орта Азия мұсылмандары діни басқармасы) мүфтиі қызметін атқарған Зияутдин Бабаханов болды [4].

Алайда бұл кезде уаххабизмнің жергілікті исламды ығыстырып шығарып, аймақта үстемдік етуі мүмкін емес еді. Бұған бір жағынан Кеңес Одағының саясиленген исламға аса сақтықпен қарауы себепші болса, екінші жағынан жергілікті радикалды ислам мен шетелдік өкілдер арасында тығыз байланыстың орнауына КСРО-ның жүргізген окшаулану саясаты кедергі болды.

Орталық Азияда ислам дінін реформалау мен «тазартуға» бағытталған саяси белсенділіктің онан кейінгі кезеңі 60-шы жж.-дың аяғы мен 70-ші жж.-дың басына тура келді. Осы кезде араб-израиль жанжалының ушығуы, араб елдерінде діни топтардың қаптап кетуі, Ирандағы ислам төңкерісі Орталық Азиядағы исламның радикалдану процесіне үлкен серпін берді. КСРО-ның социалистік бағытты таңдаған араб елдерімен тығыз байланыс орнатып, арадағы алыс-берісті кеңейтуі жағдайды одан ары шиеленістірді.

Бұл кезеңде де жергілікті радикалды исламды қолдаушылардың көтерген тақырыптары негізінен Орта Азия халықтарының ислам дінімен қатпарлас әдет-ғұрыптарына қатысты болды. Нақтырақ айтқанда, әулиелердің мазарларына барып зиярат ету, ұлттық және діни рәсімдерді өткізу және т.б.-ларға қатысты мәселелер ислам дінінің жаңа буын өкілдері («реформашылдар», «радикалшылдар») мен ескі буын өкілдері («дәстүршілдер») арасында үлкен тартысқа түсті.

Осы кезеңде радикалды исламның Кеңес Одағы құрамындағы Орталық Азияға бірнеше жолмен тарағаны анықталған. Бірінші жол, Өзбек ССР-іне мемлекетаралық келісім бойынша араб елдерінен келіп окитын студенттердің жергілікті жастармен орнатқан астыртын қарым-қатынасы арқылы жүрді. Радикалды исламды насихаттауға келген студенттердің көпшілігі Палестина, Сирия және Египеттегі діни-саяси партиялар мен қозғалыстардың өкілдері болды. Шетелдік студенттер өз қатарларына жергілікті жастарды тарту арқылы Әндіжан, Ферғана, Наманган, Қокан және т.б. қалаларында уаххабизмді насихаттайтын астыртын ұйымдар мен заңсыз діни мектептер құрып, бірсыпыра жұмыстар атқарды. Өзбекстан Ислам Қозғалысы жетекшілерінің бірі Жұма Намангани осындай мектептердің бірінен дайындықтан өткен болатын [5].

Екінші жол – араб елдерінен әкелінген радикалды бағыттағы әдебиеттер арқылы таралды. Ондай әдебиеттер қатарында Хасан әл-Банна, Сейіт Құтып, әл-Маудуди және т.б. фундаментализм мен экстремизмді жақтаған идеологтардың еңбектері болды. Мәселен, Сейіт Құтыптың еңбектерінде мұсылмандар пайғамбар заманындағы «нағыз исламға» оралып, әділетті қоғам орнатуы керек деген сияқты идеялар жазылды. Өз кітаптарының бірінде ол Батыстық империализм мен демократияны, коммунизм мен атеизмді (кеңестік) қатты сынға алып, идеалды саяси жүйе ретінде Халифатты атады. Сондай-ақ, Құтыптың еңбектері мұсылмандарды отаршылдық, империализм және коммунизмге қарсы «жиһатқа» шақырып, зайырлы мұсылман елдеріне қарсы күреске насихаттады. Сондай-ақ, шетелдерден радикалды ұйымдардың журналдары мен прокламациялары да жіберіліп отырды.

Сондай-ақ, діни және діни-саяси мазмұндағы әдебиеттер араб елдерінен ресми жолдар арқылы да тасымалданып отырды. Оларды Таяу және Орта Шығыстағы мұсылман елдеріне қатынап жүрген кеңес делегациясы әкелді. Мұндай әдебиеттердің көптеп әкеліне бастаған уақыты Зияутдин Бабахановтың САДУМ-ға (Орта Азия Мұсылмандарының Діни Басқармасы) мүфти болған кезімен тұстас келді. Зияутдин Бабахановтың Шаами-дамулланың тікелей шәкірті болғанын

ескерсек, бұл әрекеттердің САДУМ тарапынан кездейсоқ жасалмағандығын көруге болады.

Радикалды исламның ұрықтары Орталық Азия елдеріне Иран, Ауғанстаннан таратылатын радиостанция бағдарламалары арқылы да себілді. Оның ішінде әсіресе, діни тақырыптарды қозғаған Тегеран радиосын ерекше атаған жөн. Мұндай бағдарламалар әсіресе, иран халқымен туыстас жақындығы бар Тәжікстанда жақсы танымал болды. Радиотыңдаушылар жұрттың көзіне түсіп қалмас үшін діни бағдарламаларды транзисторлық қабылдағыштар арқылы түнде жазып алып, оны өз араларында жиі талқылайтын болған [6].

Осылайша, жоғарыда аталған факторлардың бәрі КСРО жерінде радикалды бағыттағы «жас буын» өкілдерінің қалыптасуында әжептеуір рөл ойнады. Әсіресе, уаххабизм идеясымен қаруланған Өзбекстан мен Тәжікстанның бірқатар жастары, жер-жерлерде астыртын діни ұйымдар ашты. Бұл әрекет Әндіжан қаласында жақсы жолға қойылып, ол жердегі жамағатқа Тәжікстан жастары да келіп, білім алып тұрды. Өз кезегінде Тәжікстандағы радикалды исламды ұстанушылардың жиналыстарына Әндіжандағы танымал діндарлар, «жас буын» өкілдері Рахметолла Алом мен Әбдуэли Мирзоев қатысып тұрды. Ал 1976-1977жж. тәжік жастары Қорғантабе жерінде астыртын «Мұсылман жастар ұйымын» құрса, кейіннен оның бөлімшелері Душанбе, Куляб, Гиссар, Ленин және т.б. аудандарда пайда болды. Мұнымен қоса, Тәжікстанда жасырын діни-саяси мектептердің жүйесі де құрылып, онда ислам канондарымен қатар, жастардың физикалық денсаулығына да көп көңіл бөлінді. Мұндай мектептерде қаратә және т.б. үйрену мүмкін болды. Кейіннен мұндай мектептерді жүздеген жастар бітіріп шықты.

Жоғарыда аталған өзбек және тәжік жастарының радикалды исламды таратуға қатысты шараларына қарамастан, кеңес заманында радикалды ислам саяси сахнада сол күйі айтарлықтай үлкен күшке айнала алмады. Үлкен тосқауыл Қауіпсіздік комитеті қызметкерлері тарапынан жасалып отырды. Десе де, кеңес заманында бүкіл республикалардағы уаххабшылардың іс-әрекетін бір орталықтан толық бақылап отырудың қиыншылықтары кейінгі уақытта ауыр зардаптарға әкеліп отырды.

Радикалды исламның Орталық Азия елдеріне таралу процесі әсіресе, КСРО тарағаннан кейін кең етек алды. Идеологиялық вакуум, халықтың қиын әлеуметтік-экономикалық жағдайға душар болуы, заңдағы солқылдақтар және т. б. радикалды исламның жаппай таралуына тиімді жағдай болды. 1992 жылдың өзінде-ақ, Орталық Азия елдерінде халықаралық экстремистік «Хизбут Таһрир» ұйымының бөлімшелері ашылып үлгерді. 1992-1994жж. ең алғаш болып Ферғана, Әндіжан, Ташкент қаласында, ал 1998-2000жж. Тәжікстан мен Қырғызстанда ашылды [7]. «Хизбут Таһрирдің» алғашқы іс-әрекеттері Қазақстанда 1998 жылдан бастап тіркелді. Бұл ұйымның Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстанда экстремистік, заңсыз деп танылғанына қарамастан, мамандардың айтуынша, «Хизбут Таһрир» ұйымын жақтаушылардың саны аймақта көбею үстінде.

Орталық Азиядағы тағы бір ең ықпалды, әрі қауіпті діни ұйымдардың бірі Өзбекстан Ислам Қозғалысына келетін болсақ, бұл ұйым 1990жж.-дың басында Наманган қаласында құрылды. Ұйымның негізгі мақсаты Өзбекстан президенті Ислам Кәрімовты биліктен тайдырып, Өзбекстанда ислам мемлекетін құру. Осы мақсатпен ұйым Ислам Кәрімовке қарсы Ташкентте бірнеше жарылыстар ұйымдастырды. Бүгінде ӨИҚның террористік ұйымдар қатарына қосылып,

қудалануына байланысты оның мүшелері Өзбекстаннан Ауғанстан мен Пәкістанның жиі әскери қақтығыстар болып отыратын, билік толық бақылау орнатпаған аймақтарына қарай ауысқан. Ұйым «әл-Каеда», «Талибан» ұйымдарымен тығыз байланыс орнатып, шетелден көп көмек алып тұрады. Ал жалпы қазіргі уақытта Орталық Азия елдерінде радикалды бағытта жұмыс істеп жүрген діни ұйымдар мен қозғалыстардың саны бұдан да көп.

Қорытындылай келе, Орталық Азиядағы исламның радикалдану процесіне үнемі Таяу және Орта Шығыс елдерінің ықпал етіп отырғандығын және ол алғашқы кезеңдерде негізінен миссионерлік жолмен тарағанын көруге болады. Кеңестік кезеңде радикалды исламды насихаттау ісі астыртын немесе латентті түрде жүрсе, Кеңес Одағы тарағаннан кейін Орталық Азия елдеріндегі «таза исламға» бет бұру «ашық», жалпыхалықтық сипат ала бастады. Бұл кезең радикалды исламды ұстанушылар үшін билікпен ашық теке-тіреске түсіп, өз мақсаттарына жету жолында әр түрлі амалдар қолданумен (террор, адам ұрлау, диверсиялық акт т.б.) ерекшеленді. Мұның бәрі Орталық Азия аймағын дүние жүзіндегі ең тұрақсыз және әр түрлі себептерге байланысты (геосаяси фактор, қазба байлық, көлік дәлізі) ірі державалардың тартысқа толы аймақтарының біріне айналдырып отыр.

ӨДЕБИЕТТЕР:

1. Ваххабиты 18-20 века: Историческое исследование.- М., 2003. 131 с.
2. Там же. 136 с.
3. Аширбек Муминов. Шами-дамудла и его роль в формировании «советского ислама» // «Ислам, идентичность и политика в постсоветском пространстве». Материалы международной конференции.-Казань 2005. 236 с.
4. Ислам на территории бывшей Российской империи: Энциклопедический словарь.-М., 1999, выпуск 4. 12 с.
5. Давлат Назиров. Политический ислам в Центральной Азии: истоки и этапы становления // Центральная Азия и Кавказ. 2003, №4. 183 с.
6. Там же. 184 с.
7. Дмитрий Карманов. Радикальные исламские организации Центральной Азии // Центральная Азия и Кавказ. 2004, №6. 63 с.

Саяси қарсылық көрсету – қатысудың ерекше түрі

Гүлшат НҰРЫМБЕТОВА,

саяси ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың теориялық және қолданбалы саясаттану кафедрасы

Саяси қатысудың ерекше формасының бірі қарсылық көрсету болып табылады. Қарсылық көрсету формасында қатысуды теориялық тұрғыдан түсіндірудің өзі қиын. Себебі, қарсылық көрсетудің тиімді қабылданатын инструменттік сипаты жоқ, сонымен бірге оны билікпен тікелей байланыс түсініктері арқылы түсіндіру мүмкін емес. Бірақ саяси қарсылық көрсету қоғамның саяси жүйесіне күшті ықпал ететін әлеуметтік белсенділіктің жарқын көрінісі ретінде қарастыруымыз керек.

Біздің ойымызша, саяси қарсылық көрсету азаматтардың шығармашылығына негізделген, оның билікке балама саяси даму жолын ұсыну мақсатында туындайтын іс-әрекеті.

Қарсылық көрсету формасында қатысудың басты ерекшелігі оған тартылған индивидтер мен топтардың қалыптасып отырған әлеуметтік-саяси және құқықтық тәртіп шеңберінде орталық және жергілікті билік құрылымдарымен конструктивті ынтымақтасудан бас тартуы болып табылады. Мұндай жағдай қарсылық көрсету формасында қатысуды «дәстүрлі емес саясат» ретінде анықтауға мәжбүр етеді. Сонымен, қарсылық көрсету формасында қатысу әр түрлі саяси белсенділік түрінде жүзеге асырылуы мүмкін. Олардың қатарында: ресми ұйымдар мен лауазымды тұлғаларға хат жазу; «қарсы» дауыс беру, яғни сайлаушының барлық үміткерге қарсы дауыс беруі; «қарсылық көрсету» акцияларына қатысу және т.б.

Бірақ бұл қарсылық көрсетушілер билікті толығымен мойындамайды дегенді білдірмейді. Керісінше, оларды басқару жүйесінің ахуалы қатты толғандыратынын көрсетеді.

Қарсылық көрсету формасында қатысуды зерттеген А. Марш қарсылық көрсетуді міндетті түрде ортодоксалды саяси мінез-құлыққа қарсы қоюдың қажеті жоқ екенін көрсетеді [1]. Марш пікірінше, индивид мінез-құлықтағы қарсылық көрсету потенциалы мен олардың ортодоксалды саяси мінез-құлық моделіне қосылуына дайындығы арасында өзара байланыс бар. Яғни, қарсылық көрсету формасында қатысу белгілі бір деңгейде, жағдайда ортодоксалдық қатысуға айналу мүмкіндігін айтты. Себебі, қарсылық көрсету формасында қатысу басқа қатысу формаларынан бас тарту дегенді білдірмейді. Керісінше, қарсылық көрсету формасында қатысу әлеуметтік-саяси тұрғыдан белсенді азаматтар қызметі.

Қарсылық көрсету акцияларына қатысу дайындығы мен іс-жүзінде қарсылық көрсету, көңіл толмаушылықтың шынайы деңгейін анықтау мақсатында саяси ғылымда «қарсылық көрсету белсенділігі» мен «қарсылық көрсету потенциалы» деген ұғымдар пайдаланылады.

«Қарсылық көрсету белсенділігі» мен «қарсылық көрсету потенциалды» қалыптастыруға ықпал ететін факторларды шартты түрдегі депривация теориясымен түсіндіруге болады. Азаматтық дау-жанжалдарды зерттеуші Тед Роберт Гарр фрустрацияны немесе көңіл толмаушылықты түсіндіру үшін шартты түрдегі депривация теориясын ұсынды [2]. Зерттеуші пікірінше, шартты түрдегі депривация адамдардың өздерінің жақсы өмір сүру құқығы мен оған қол жеткізу қабілеттіліктері мен мүмкіндіктерін бағалауы арасындағы қарама-қайшылық. Шартты түрдегі депривацияны сезіну фрустрацияға алып келеді, яғни оның негізгі көзі болып табылады. Сонымен бірге, депривация сипатына нақты әлеуметтік орта ықпал етеді. Егер қоршаған орта деңгейі төмен болса, онда ол көңіл толмаушылықты төмендетіп және депривацияны басуға алып келеді. Ал қоршаған орта деңгейі жоғары болса, онда ол әділетсіздік сезімін қалыптастыруға және депривация алғы шартына айналады.

Протестік потенциалға шартты түрдегі депривациямен қатар, субъектілердің әлеуметтік және саяси қатынастарды тұжырымдауға қабілеттілігі, билік органдарының қызметіне көңіл толмаушылығы ықпал етеді.

Қазіргі заманда қарсылық көрсетушілер қатарында өздерінің қоғамдық жағдайын жақсартуға ұмтылушылармен қатар, қатысудың психологиялық аспектісі маңызды деп есептейтін топтар да бар. Сондықтан, қарсылық көрсету формасында қатысуды құрайтын топтарды екіге бөлуімізге болады. Бірі материалдық бағыттағы топ, екіншісі материалдық емес бағыттағы топ.

Материалдық бағыттағы қарсылық көрсету тобына әлеуметтік мәртебесі төмен топтар немесе әр түрлі этникалық, діни т.б. азшылықтар жатады. Бұл қарсылық көрсету тобындағылар үшін қарсылық көрсету әлеуметтік белсенділік инструменти. Олар өздерінің алдына әлеуметтік мәртебесін, жағдайын жақсарту жолында нақты мақсаттар қояды. Мысалыға, Қырғызстандағы қарсылық көрсетуші топтың негізін, қалыптасып отырған әлеуметтік-экономикалық жағдайға байланысты, осы материалдық бағыттағы топ құрады.

Материалдық емес бағыттағы топ жоғары мәртебедегі топ өкілдерінен тұрады. Бұл топ өкілдері үшін қарсылық көрсету формасында қатысу инструменталдық сипатта емес, олар әлеуметтік және психологиялық энергия алу, өз-өздерін тұлға ретінде көрсету мақсатында қолданылады.

Жалпы қарсылық мінез-құлық балама әлеуметтік-саяси қатынас және өмір сүруші саяси режимді жоққа шығару болып табылмайды. Дәстүрлі демократиялық жүйелерде қарсылық көрсету өзіндік даму құралы. Демократиялық қоғамдарда демонстрациялар нақты іске қоғамдық қолдау көрсету мақсатында ұйымдастырылады. Мұндай белсенділіктің мысалы ретінде АҚШ-ғы қоршаған ортаны қорғаушылар демонстрацияларын, таңдау құқығын қорғау мақсатындағы үзіліссіз митингілердің ұйымдастырылуын айтуымызға болады [2].

Саяси қарсылық көрсету саяси жүйенің белгілі бір әлеуметтік топтарды ықпалдастыруға қабілетсіздігінен туындайды. Мұндай қабілетсіздік саяси жетекшілердің білгірсіздігінің салдары. Қарсылық көрсету саяси үрдістің бір бөлігі ретінде бұзушы, құртушы құбылыс ретінде бағаланбауы керек. Мысалы, патшалық Ресей үкіметі қазақ халқының ұлт-азаттық жолындағы көтерілістеріне «бүлік», «қарақшылық» деген мазмұндағы баға берген. Ал кеңестік үкіметте бұл саясаттан алыс кете алған жоқ. Сонымен бірге, «бүлік» деп бағаланғанына қарамастан Сукарно басқару кезіндегі қарсылық көрсету акциялары дайындалған,

ұйымдастырылған түрде өткізілген. Бірақ қарсылық көрсетудің оң потенциалын көтеру үшін оған сай алғы шарттар болуы қажет.

Қарсылық көрсету формасында қатысу ортодоксалдық емес қатысу түрі ретінде анықталғанмен, Қазақстан азаматтарымен де саяси үрдісті жандандырушы қажетті шара ретінде мойындалып отыр. Саяси жүйе құрылымдарының қызметіне көңіл толмаушылық қарсылық көрсету формасында қатысу негізі болуы мүмкін. Яғни, өздерінің қоғамдық жағдайына «кінәлілерді» іздеу. Сонымен, қарсылық көрсету формасында қатысу себептерінің қатарында қоғамда қалыптасып отырған жағдайға көңіл толмаушылықтың өсуі, индивидтердің өзінің қоғамдық жағдайына қанағаттанбауын жатқызуымызға болады.

Кез келген әлеуметтік жүйеде әлеуметтік даудың дәстүрлі құрылымдық және мәдени тұсы бар. Даудың дәстүрлі құрылымы, ең алдымен, белгілі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік жүйесін әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан қабылдаумен байланысты.

Осылайша, Батыс саяси тарихындағы дәстүрлі дау үлгілерінің екі түрін ажыратып көрсетуге болады: американдық және еуропалық. Америкада еш уақытта қатаң белгіленген, мәртебенің туғаннан мұра болып қалатын сипаттамаларымен байланысты жеке тұлғалардың сословиелік немесе таптық жағдайлар жүйесі болған емес. Сондықтан американдықтар үшін адамның мәртебелік жағдайын біреуге бай ақсүйек отбасында, біреуге кедей және артықшылық жоқ отбасында дүниеге келуді бұйырған кездейсоқ тағдырдың нәтижесі ретінде қарастыру жат. Американдық дәстүр адамның мәртебелік жағдайын оның өзінің еңбегінің нәтижесі ретінде қарастырады. Басқаша айтқанда, қоғамдағы адамның жағдайы оның әлеуметтік сатымен көтерілуі үшін жұмсаған күш-жігерінің көрінісі болып табылады.

Еуропалық саяси дәстүр болса, керісінше, әлеуметтік жағдайдың мұраға қалу мәселелерін толық қамтиды. Еуропада феодалды бірлескен жүйе әлі күнге дейін қоғамдық таптарға бөліну жүйесі мен сәйкес нормативті кешендерге өз ықпалын тигізіп келеді, жақын арадағы уақытқа дейін бұл ықпалдың күші зор еді. Бірлескен жүйе адамның еңбегі мен жеке потенциалын ескерместен, оның әлеуметтік саты бойымен жылжыуын айтарлықтай деңгейде шектейді. Белгілі бір сословиеге деген мұрагерлік қатыстылық фактісі әр жеке адам мәртебесінің өмірбақи сипаттамалары мен оның өзін тап деңгейінде тануына анықтаушы әсер етеді.

Әлеуметтік теңсіздік жүйелерінің осындай түрлі жағдайлары мен оларды қоғам мүшелерінің қабылдауы қоғамдық әрекеттестік сипатын бағалауда да, әлеуметтік саяси жүріс-тұрыстың басым құрылымдарында да айырмашылықтар туғызады. Американдықтарды олардың барлығы бірдей дерлік жағдайда өмір сүретіндіктері және әр адамның әлеуметтік игілігі белгілі әлеуметтік жүйе шеңберінде өзінің күшіне ғана байланысты болатындығы біріктіреді. Олар өздерінің әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін бір-бірімен әрекет ету қажеттігін түсінеді. Мұндай жағдайда дау «табиғи» түрде прагматикалық бәсекелестік деңгейінде қабылданып, экстремистік қоғамға қарсы наразылыққа ауып кетпейді. Даулар мен сан ғасырлық таптық қорлық сезімін көрмеген американдық ортаңғы тап өздерінің таптық артықшылықтарын сақтауға тырыскандарға қарсы күрес жүргізуді қажет етпейтін өзінің өмірге деген құқығын солай болуы қажет деп санап келді.

Еуропада болса, қоғамның таптар мен сословиелерге бөлінуі және сонымен байланысты қиян-кескі күрес тарихи өмір ерекшеліктерінің бірі. Осы тұста

К.Маркстың әлеуметтік талдауы әділ. Еуропа тарихы шын мәнісінде таптық күрес тарихы, әлеуметтік өмір сүрудің әділ әрі тең жағдайлары үшін күрес болып табылады. Жұмысшы сословиесінің таптық күресі кезеңінің алдында буржуазияның маңызы одан кем емес және қызу таптық күресінің кезеңі болған еді. К.Маркстың осы екі таптық қозғалыстардың арасындағы тығыз байланыс жөніндегі пікірі әбден дұрыс. Шын мәнісінде буржуазия жұмысшылар қозғалысы үшін институционалды және идеологиялық негіздеме құрып, пролетариаттың ұстазы болып шықты. К.Маркс сөзімен айтсақ «буржуазия өзінің көрін қазушы - пролетариатты дүниеге әкелді».

Ал Қазақстан жағдайындағы әлеуметтік дау себептері жоғарыда көрсетілген екі жағдайға да келмейді. Біздің ойымызша, кеңестік дәуірде қалыптасқан жоспарланған экономика қалыптастырған әлеуметтік теңдікте, мемлекет қамқорлығында өмір сүруге үйреніп қалған адамдарға нарықтық экономика шындығын қабылдауда көптеген қиындықтардан өтулеріне тура келді. Сондықтан да, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында кеңес азаматтары үшін тіптен жат жұмыссыздық, кедейшілік мәселелері Қазақстан халқының қарсылық көрсетуінің негізін құрады.

Саяси қарсылық көрсетудің бір түрі ретінде сайлаудағы абсентеизм, яғни сайлауда дауыс беруге қарсылық көрсету мотивтеріне байланысты қатыспау қарастырылады. Еліміздегі Жоғарғы Кеңес пен Парламент Мәжілісіне сайлауға қатысушылар санының 1990-2007 жж. аралығында, жылдан-жылға азаюы, сайлауда дауыс беруге қатыспаушылар санын көбейтті - 1990 ж. - 16%, 1994 ж. - 26,48%, 1995 ж. - 20,16%, 1999 ж. - 37,44%, 2004 ж. - 43,4%, 2007 ж. - 31,6%. Әрине, біз сайлауға дауыс беруге қатыспаушылардың барлығын бірдей абсентеистер қатарына жатқыза алмаймыз.

Жалпы сайлауға саналы түрде қатыспаушылықты анықтау өте күрделі. Дегенмен, сайлауға қатыспаушылардың белгілі бір тобы оны өздерінің қарсылық көрсету формасы ретінде таңдайды. Біз оған сайлауға қатыспау мотивтерін анықтау арқылы көз жеткізуімізге болады. 2004 ж. Парламент Мәжілісіне депутаттарды сайлау қарсаңында жүргізілген социологиялық зерттеу қорытындысына сүйенер болсақ, сауалнамаға қатысқан респонденттер Мәжіліс сайлауына дауыс беруге қатыспау мотивтерінің (себептері) қатарында келесі жауаптарды көрсеткен: өз дауысы ешнәрсе өзгертпейді - 25,2%, ал сайлаудың таза және әділетті өтетініне сенбейді - 22% [3].

Ал Парламент сайлауынан кейін Қазақстанның әлеуметтанушылары мен саясаттанушыларының бірлестігі жүргізген социологиялық сауалнама қорытындысы бойынша сайлауда дауыс беруге қатыспаған азаматтар төрт топқа бөлінген. Бірінші топқа дауыс беруге саналы түрде қатыспаған азаматтар, екінші топқа объективті себептерге байланысты қатыспаған азаматтар, үшінші топқа сайлауды ұйымдастырудағы кемшіліктерге байланысты қатыспаған азаматтар, төртінші топқа сайлау комиссиялары дауыс беруге жібермеген азаматтар жатады [4]. Сауалнамаға қатысқан азаматтардың 18% - өздерін бірінше топқа, 9,4% - екінші топқа, 9,1% - үшінші топқа, 1,9% - төртінші топқа жатқызған. Яғни, сайлауда дауыс беруге саналы түрде қатыспаған азаматтар тобы басқа топтармен салыстырғанда басым түсіп отыр.

Ал Ресейдегі 2003 ж. Дума сайлауына қатыспау себебі ретінде «сайлау нәтижелері менің қатысуым мен дауыс беруімнен еш тәуелсіз болды» деп жауап

берген респонденттер пайызы - 9% құрайды [5]. Яғни, ресейліктердің сайлауға, онда дауыс беруге деген ұстанымдарының өзгергенін көрсетеді.

Сайлауда қарсылық көрсетудің келесі формасы «барлығына қарсы» дауыс беру. Мұндай дауыс беру жүргізіліп отырған саяси курске ғана емес, жалпы саяси режим мен оның кейбір институттарына сенімсіздік таныту, қарсылық көрсету болуы мүмкін. Сайлаушылардың сайлауда «барлығына қарсы» дауыс нақты сандарды келтіру арқылы «қарсылық көрсету әлеуетін» анықтауға мүмкіндік береді.

Парламент Мәжілісіне 1999 сайлауда «барлығына қарсы» дауыс берген сайлаушылар 3,2 пайызды құрайды. Парламент Мәжілісіне көңіл толмаушылықтың 2004 ж. сайлау нәтижесінен де көрініс тапқанын айттық. Бірақ Орталық сайлау комиссиясы «бәріне қарсы» дауыс берген сайлаушылар санын жарияламауына байланысты, қарсы дауыс беруші топты анықтауымызға мүмкіндік болған жоқ.

Жалпы Қазақстанда қарсылық көрсету формасында қатысуға жоғарыда көрсетілген екі бағыттағы да (материалдық және материалдық емес) топтың бар екенін айтуымыз керек. Мысалыға, тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында өндіріс орындарының жабылуы, жұмыссыздық пен кедейшілікті ұлғайтты, осыған байланысты облыс орталықтарында, шағын қалаларда қарсылық көрсету акциялары жүзеге асырылды. Сонда қарсылық көрсету мақсаты әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту болды. Яғни, әлеуметтік дау-жанжалды шешу. Статистикалық мәліметтер еліміздегі қарсылық көрсету іс-әрекеттерінің бірте-бірте азайып отырғанын көрсетеді. Мәселен, 2002 ж. 516 бейбіт жиналыс, митингілер өткізілсе, ал 2003 ж. бейбіт жиналыс, митингілер саны 351-ге дейін азайған.

Ал материалдық емес бағыттағы топқа оппозициялық қозғалыс жетекшілерін жатқызуымызға болады. Олардың қарсылық көрсету формасында қатысу себептерінің бірі жеке тұлға ретінде өз-өздерін көрсету, психологиялық қанағаттану. Осы топ өкілдерінің ортақ сипаты басым көпшілігінің Республика басшылығында жоғары лауазымды қызмет атқарулары. Ж. Тұяқбай - Мәжіліс спикері, А.Баймен - министр, Президент әкімшілігінің жетекшісі, О.Жандосов - министр, вице-министр т.б.

Оппозициялық, оппозициялық қозғалыстың қызмет етуі тек демократиялық қоғамға тән құбылыс. Себебі, тоталитарлық саяси режимдерде жетекші партия рөлі басқа саяси құрылымдардың өмір сүруіне мүмкіндік бермейді. Өтпелі қоғамдарда оппозиция дамушы, қозғаушы күшке және маңызды сауықтырушы факторға айналуы керек. Билік пен оппозициялық күштер арасында шығармашылық диалог орнауы қажет. Оппозиция саяси үрдістің негізгі субъектілерінің бірі болуына байланысты, оның әлеуметтік құндылығын түсінбеу қоғамның саяси жүйесін әлсіретуі мүмкін.

Ал Қазақстан Конституциясында саяси плюрализмнің мойындалуы әр түрлі бағыттағы саяси партиялар мен қозғалыстарды дүниеге алып келді. Дәл осы саяси партиялар құру мен қоғамдық қозғалыстар қызметінен Қазақстандағы оппозициялық қызмет көрініс тапты.

Әрине, бізде оппозиция бар немес жоқ деп біржақты жауап беру мүмкін емес. Бірақ еліміздегі Коммунистік партия, жұмысшылар қозғалысы, "Поколение" қозғалысы, Қазақстанның республикандық халықтық партиясы, Қазақстанның

демократиялық таңдауы, Ақ жол партияларының қызметі Қазақстандық оппозициялық қозғалыстың көріністері. Бірақ мәселе оппозициялық лагерьдегі партиялар мен қоғамдық қозғалыстар санында емес, олардың тиімді қызмет жасауында болып табылады.

Жалпы Қазақстан азаматтарының қарсылық көрсету көздерінің қатарында әлеуметтік-экономикалық мәселелер бірінші орында тұр. Бұған үлеспен тұрғын үй салу, азық-түлік бағасының өсуі төңірегінде тұрғындар наразылығының өсуі дәлел.

Қазақстан азаматтары биліктік шешімдерге өздерінің келіспеушіліктерін негізінен бейбіт жолдармен билік органдарына хат жолдау, рұқсат етілген митингілерге қатысу арқылы білдіруді қалайды. Ресми билік оппозицияға қарсы позицияны емес бірлесу, ықпалдасу позициясын ұстануы абзал. Себебі, балама даму тұжырымы, балама көзқарастар әр кезде де қоғамды қозғалысқа итермелейді. Ал өзіне көңіл толушылық, масайраушылық тоқырауға ұшыратады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Marsh A. Political Action in Europe and the USA. London. Macmillan. 1990. P.35.
2. Алмонд Г., Пауэлл Дж., Стром К., Далтон Р. Сравнительная политология сегодня: Мировой обзор: Учебное пособие/Сокр. пер. с англ. А.С. Богдановского, Л.А. Галкиной; Под ред. М.В. Ильина, А.Ю. Мельвиля. - М., 2002. с. 125.
3. Национальный опрос избирателей Казахстана. Опрос провело Агентство БРИФ Центральная Азия. 2004 г. июль.
4. Оценки избирателей политического администрирования выборов в Мажилис Парламента РК 2004 г.: социологический обзор. А., 2004. с. 19.
5. Результаты выборов в Государственную Думу // www. elections. ru

Салиқалы ойды сабақты пікірмен өрбіткен

Жұмабек КЕНЖАЛИН,
«Ақиқат» журналының бас редакторы, саяси ғылымдарының кандидаты

Ел тәуелсіздігімен қоса қоғамдық ой-сана үрдісінде де түбегейлі өзгерістер болып, болмысқа баға беруде жаңашылдық көзқарастар үстемдік ала бастағаны мәлім. Ілгерідегі сартап моноидеологияның шеңбері сетінеп, ендігі жерде төңіректегі болып жатқан құбылысқа тың көзқарас қалыптастыру қажеттігін уақыттың өзі ұсына бастады.

Соны байламдар жасап, егемендік идеологиясының сарқылмас қуатына орай тиянақты қорытындылар мен дәйектемелер ұсыну қоғамтанушы ғалымдар алдына айырықша міндет жүктеді.

Осы ауқымды міндеттің ең бір салмақты тұсы жаңа қоғамдық құрылыспен еншілесе келген қазақстандық саясаттану ғылымының туу, өсу, өркендеу үрдісіне тікелей байланысты болғаны даусыз.

Несін жасырайық, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін күні бүгінге дейінгі он жеті жыл ішінде сан қатпарлы саяси ғылымның құпия сырын меңгеріп, саяси технологияның майын езіп ішкен дейтін тұлғалар некен саяк. Рас, қайраткерлер бар. Бұл тұрғыдан келгенде аузымызды құр шөппен сүрткіміз келмейді. Ал бірақ қайраткерлердің бәрі саясаткерлер емес қой.

Өркениет саясаткерлеріне, саясаттанушыларына қойылар міндет қандай? Азаматтық позицияның нарқы немен өлшенеді? Бағамдау мен бағалаудың, талдау мен таразылаудың түп атасы неден бастау алады? Саясат пен парасат үндес болуы үшін не істеу керек? Міне, осынау шексіз де шетсіз сауалдарға жауап қайтару оңай шаруа емес, әрине.

Осы тұрғыдан келгенде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің саясаттану және әлеуметтану кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы, профессор Қазақстанда ғана емес, сондай-ақ шетелдерде де кең танымал саясаттанушы — ғалым Раушанбек Әбсаттаровтың қаламынан туған «Саясаттану және оның проблемалары» /Алматы, 2007ж. — 464 б./ деген оқу құралы жоғарыда біз тізбектеген сауалға жауап іздеуді мұрат қылған.

Бірден басын ашып айту керек, оқулық ғалымның талай жылғы қажырлы еңбегінің, зерделі зерттеуінің нәтижесі, ғылыми педагогикалық тәжірибесінің жемісі екені сөзсіз. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік білім беру стандарттарына» сай оқырман қауымға жол тапқан бұл еңбекте саясаттанудың негізгі ұғымдары мен әдістер жүйесі, саяси технологияның қыры мен сыры байыпталған. Кітапта еліміздің және шетел ғылыми әлеуетінің құнды материалдары негізге алынып, Қазақстан мен әлемдік қауымдастықтағы саяси үрдістің өзекті мәселелері талданған.

Өн бойында саяси ғылым мен саясаттанудың ең өзекті деген он алты тақырыбы бойынша сараптама жасаған автордың өзіндік байламын, нақты проблемаларды шешу жолындағы білімі мен білігін оқырман қауым бірден аңғарары сөзсіз.

Профессор Раушанбек Әбсаттаровтың «Саясаттану — ғылым», «Саяси ғылым тарихы», «Салыстырмалы саясаттану», «Саяси режимдер», «Қоғамның саяси жүйесі», т.б. пәндік дәріснамалық зерттеулеріндегі соны пікірлерді былай қойғанда, оның «Саяси сана», «Саяси мәдениет», «Саяси элита және саяси көшбасшылық», «Саяси технологиялар» тақырыптарындағы пайымдаулары тың көзқарастарымен қызықтырады. Ол сонымен бірге саясаттанудың жете зерттелмеген проблемалары мен дискуссиялық мәселелеріне де, айтарлықтай көңіл бөлуімен назар аудартады.

Неге?

Негесі сол, ғалымның талдамаларындағы ой жосығына өзек болған толғаулы мәселелермен біз екі күннің бірінде бетпе-бет келіп жүрміз. Ал жиырмасыншы ғасырдың тоқсаныншы жылдарындағы демократиялық жаңғырулардың сабақтары күні кешегідей әлі жадымызда. Ол жылдардағы үрдістерге «көше митингішілдігі», «аула аттаншылдығы», «айқайшылдық» деп ат қойылып, айдар тағылды.

Алайда, қалай болғанда да мұның бәрі жылдар бойы сірескен сартап идеологияның сетінеген тұсындағы еркіндікті, бостандықты аңсаған халық көңіл ауанының көрінісі еді. Ал қазір ше? Қазіргі қазақ қоғамы ол жылдармен салыстырғанда көш ілгері алға кеткен.

Қазіргі қазақ қоғамы кімнің кім екенін, ненің не екенін айтқызбай біледі. Өйткені, акпараттық басымдық әрбір шаңыраққа өз өктемдігін жүргізіп отырған шакта екінші, үшінші ауыздан естіген әңгімемен өзгені иландыруыңыз неғайбіл. Сондықтанда міне, келелі мәселелер төңірегінде пікір алысқанда, не болмаса көгілдір экраннан мәлімдеме жасаушылар туралы ой тастағанда «саяси мәдениеті жоғары екен», иә болмаса «саяси санасы саяз екен» деген пікірлердің естіліп қалып жататыны тегін емес.

Автор, өз туындысында міне, осындай пікірлердің астарына үңіледі, ой қорытады, тұжырым жасайды.

Бұл ретте оның: «Саяси сананың құрылымы қоғамдық қызметтің әр түрлі салаларын кеңінен қамтиды және жеке саяси процеске қатынасу варианттарын қалыптастырады. Осылайша саяси сана құрылымының, менің көзқарасымша, келесі негізгі компоненттерін гносеологиялық, аксиологиялық және әлеуметтанулық деп бөліп көрсетуге болады» (312- бет) деуін қош көреміз. Мұнан соң автор осы негізгі үш компонентті бұтарлап талдап, таратып береді.

Кітапта саяси сана мәселесіне айырықша мән бермеудің, нақты жағдай мен мүмкіндікті ескермеудің, иә болмаса оны асыра бағалаудың салдарынан бүтіндей қоғам қаншалықты зардап шегетіндігі нақты мысалдармен дәлелденген. Айталық, горбачевтық «қайта құру» кезінде реформаның утопиялық бағдарламасы жасалып, оны жүзеге асыру арқылы 500 күнде елді дағдарыстан шығару жөніндегі демагогиялық бастаманың қалай күлкіге айналғаны әсерлі киюластырылған.

Қазақстан — ішкі саясатта көп реңкті: түрлі институттардың — ағымдар мен қозғалыстардың, саяси партиялардың қызметімен ерекшеленетін демократиялық, ізгілікті қоғам орнатуға ұмтылған ел. Сондықтан да автордың саяси сананың маңызды бір формасы саналатын саяси психология мәселесіне айырықша назар аударуы өте құптарлық.

Р.Әбсаттаров «Саяси мәдениет», «Саяси элита және саяси көшбасшылық» тақырыптарында өзі тілге тиек етіп отырған мәселелердің түп тамырын тереңінен толғап, олардың дәл қазіргі Қазақстан жағдайындағы тұрқына талдау жасайды. Осы тұста, әсіресе, «Саяси элиталардың қалыптасу, ауысу процестері

және олардың функциялары» деп аталатын мәселелер қарастырылған кезде автордың ғылыми саралау әдістерімен қоса оның азаматтық позициясы айқын аңғарылып отырады.

Ол күні бүгін қоғамдық ортада болып жатқан теріс тенденцияларға, құбылыстарға бей-жай қарай алмайтындығын білдіреді. Қазіргі Қазақстан элитасының қатарында жүрмін дегендердің түсін түстейді: ұятсыздар мен мансапқорлардың, жемқорлар мен жарамсақтардың, халық үшін көк тиын шығармайтын қайырымсыз адамдардың пайда болуының түп тамырына үңіледі. Бұл ретте автордың: «Саяси элита қызметінің тұрақсыздығы, әлсіздігі және тиімсіздігі көбіне көп оның кәсібилігінің жеткіліксіздігінен, моральдық-этикалық көрсеткіштерінің төмендігінен, артық тұйықталудан, қоғамның өзге бөліктерінен алыстауға тырмысуынан, ұлттық мемлекеттік мүдделерді түсінбеуден немесе жокқа шығарудан туындайды. Ерте ме, кеш пе мұндай элита өзінің орнын әлдеқайда жоғары сапаларын көрсетіп жүрген контр элитаға береді» (362- бет) деген тұжырыммен келіспеске болмайды.

Бұл оқулық, жоғарыда айтылған ой-толғамдарымен қоса несімен құнды деген сұрақ туғанда мына мәселелерді айырықша атап өту қажет. Біріншіден, бұл күндері тәуелсіз Қазақстанның саясаткерлері мен саясаттанушыларының жаңа толқынын әзірлеп шығару елеулі міндет болып отырғаны сөзсіз. Осы тұрғыдан келгенде еліміздің саясат өнерімен айналысатын жастарды дайындайтын жоғары және арнаулы оқу орындары үшін бұл оқулық ауадай қажет деп есептейміз.

Екіншіден, көптеген партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың жергілікті буындарының қызметкерлері өздерінің кәсіптік білімін жетілдіру мақсатында осы оқулықты үзбей пайдаланса артықтық етпейді. Үшіншіден, қазір бүкіл ел көлемінде ана тіліміздің мәртебесін өсіру жолында ұмтылыс жүріп жатқанымен ол бірқатар жерлерде түрлі кедергілерге тап болып отырғаны жасырын емес. Осы тұрғыдан келгенде профессор Раушанбек Әбсаттаровтың «Саясаттану және оның проблемалары» деп аталатын оқу құралының қазақ тілінде жазылып, мемлекеттік тіл бағдарламасын орындау жолындағы нақты бір құлшыныстың мысалына айналып отырғандығы қуантады. Сонымен қатар осы оқу құралы ЖОО-ның студенттері мен магистрлеріне, аспиранттар мен оқытушыларына, сондай-ақ саясаттанудың проблемаларына қызығушылық танытатындардың барлығына да саяси мәселелерді дұрыс түсінуіне барынша жәрдемін тигізеді деп сенеміз.

Мемлекеттік-әкімшілік басқару жүйесіндегі аймақтық саяси менеджменттің өзіне тән ерекшелігі

Анар АБУЛКАСОВА,

саяси ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың саясаттану кафедрасының доценті

Тұтастай мемлекеттің және жекелеген аймақтардың деңгейіндегі саяси басқару осы аталған территориялық социумның әр түрлі әлеуметтік этникалық топтары мен тұлғаларының, халқының уақыт тудырған жергілікті дәстүріне, мәдени амуына, қажеттілігіне сәйкес құрылуы қажет. Дәл осы критерийлер аталған орындарда мемлекеттік басқаруды тиімді жүзеге асыру бойынша белгілі бір нәтижеге қол жеткізуді қамтамасыз ете алатын саяси басқарудың әдістері мен технологияларын, өзар әрекеттесу үлгілерін таңдауды анықтап беруі қажет. Басқару үлгілерін дұрыс таңдаудың басты критерийлерінің бірі- басқарудың кез келген шешімдерін халықпен бірдей деңгейде қабылдау болып табылады, басқаша айтқанда жергілікті қауым өркениетті саяси менеджмент шарттары негізінде атқарушы биліктің саясатын өздерінің өмір сүру сапасын көтеруге бағытталған аса қажетті конструктивті акт әрекеті ретінде бағалайды деген сөз.

Халық өзінің әлеуметтік тұрғыда қорғалуына және өмір сүру сапасының көтерілу мүмкіндігіне жақын арада көз жеткізе алмаса, мұндай жағдайдың өзінде де әр түрлі басқару шешімдерін легитимациялау шарты міндетті шарт болып табылады, яғни азматтардың қарсы перспективаға деген сенімділігі орын алуы қажет. Біздің көзқарасымызша қоғамдық пікірді бұлайша манипуляциялау саяси менеджменттің теріс сипаттамасы болып табылмайды, демек, халықтың тарапынан туындайтын мұндай пікір әлеуметтік-саяси жағдайды тұрақсыздандыратын қоғамдағы ультра-дикалды толқулардың күшеюін, бұқара халықтың ашу-ызасы қозуын болдырмай, бір сөзбен айтқанда қоғамдық тұрақтылықты ұстап тұру үшін қажет. Біздің ойымызша, саяси басқару – менеджментке талдау жасаудан бұрын ең алдымен аталған құбылысқа дәл анықтама беріп, оның мәнін ашып алу басты міндет. Сонымен, ресей зерттеушілері А.Л. Гаповенко мен А.П. Панкратовтың пікіріне сүйенсек: «менеджмент (ағылшын сөз management – басқару) – адамдар мен әр түрлі ұйымдарды, әлеуметтік топтарды басқару процесі (үрдісі); басқару жайлы ғылым; әлеуметтік - экономикалық процесстерді басқару саласы; басқару өнері; басқару дағдыларының жиынтығы; бір сөзбен айтқанда басқару органы» [1,26 б]. Бір ескерте кететін нәрсе мемлекеттік қызметтегі менеджмент басқарудың өздігінен жұмыс жасайтын аспектісі ретінде мемлекеттік ұйымдарды басқарудағы жалпы менеджменттің ортақ заңдылықтарын қолданумен ұштасып отырады. Сондай-ақ А.Л. Гаповенко мен А.П. Панкратов саяси процесстің мемлекеттік қызмет менеджменті деп аталатын басқа бір құбылысын тармағынасында былай деп түсіндіреді: «мемлекеттік қызмет менеджменті дегеніміз

— мемлекеттік қызмет мекемелері шеңберіндегі басқару процессі, басқарудың аталған түрі жайлы ғылым, басқару өнері, соған сәйкес қалыптасқан дағдылар жиынтығы және мемлекеттік басқарудың персоналы». Бұл зерттеушілер келесідегідей негізгі функцияларды (қызмет) бөліп көрсетеді, олар: жоспарлау, ұйымдастыру, координациялау, мотивациялау және бақылау [1,336].

Қандай да бір аймақ деңгейіндегі саяси басқару концепциясы туралы сөз қозғайтын болсақ, аймақтық саяси басқару жалпылай мемлекеттік басқару идеясына толығымен сәйкес келуі қажет. Сонымен қатар, аймақтық саяси менеджмент жүйесі жергілікті халықтың әр түрлі топтарындағы белгілі бір құндылықтар мен қызығушылықтарға негізделетін нақты территориялық социумның әлеуметтік жүйесіне қарай бейімделуі қажет. Тұтастай мемлекет болып табылатын Қазақстан Республикасында қазіргі уақытта регионализм бағытының дамуы түбегейлі орын алған. Сонымен, өркениетті регионализмді жалпымемлекеттік құрылыстың құрамдық бөлігі ретінде қалыптастыру дәстүрлі әкімшілік бюрократизмге ғана емес, трайбализмнің дамып келе жатқан элиталық топтарының біраз бөлігіне де кедергі келтіреді. Бұл жағынан алғанда жергілікті қауымның әлеуметтік-экономикалық түрлерге бөлінуіне, олардың саяси санасы мен тәжірибесіне, дәстүрлеріне, ережелеріне, сондай-ақ мәдени, діни және ұлттық сипаттамаларына қарай таңдалған басқару үлгісінің дифференциаланған тәсілі маңызды рөл атқарады. Демек, саяси менеджменттің дамуы аймақтық саяси-басқарудың аса маңызды жаңаша (инновационный) технологиясы ретінде көрінеді.

Сонымен қатар, аймақтық басқару шеңберіндегі саяси менеджменттің атқаратын басты әрі негізгі қызметі сол аймақтың әлеуметтік-саяси ахуалын көрсететін процесстерді бақылап отыру болып табылады. Тоқырауға ұшырауға қарсы (антикризисный) аймақтық басқаруда туындаған қажеттілік саяси менеджменттің тағы бір функциясын қалыптастырады., ол функция-теріс әсерлі әлеуметтік құбылыстарға қарсы ұйымдастырылған реакцияларды жүзеге асыру деп аталады. Сонымен бірге, саяси менеджменттің алдын-алда болжаған нәрселері техникалық, технологиялық және әлеуметтік салдарларға қатысты жағымсыз нәтиже беретін кездерде әрекет етуші риск-менеджмент деген түрі де барын атап өткен жөн. Тағы бір айта кетер жайт бар, ол саяси менеджменттің тиімділігі кез-келген жағдайда биліктің атқарушы және өкілетті органдары мен қалалық, облыстық әкімшіліктің арасындағы, әлеуметтік саясатты жүзеге асыру органдары мен өзін-өзі басқару органдары арасындағы өзара әрекет дәрежесіне тәуелді екенін ескеру.

Қазіргі жағдайда саяси менеджментті тұтастай мемлекеттің немесе аймақтың көлемінде жүзеге асыру барысында барлық қарама-қайшылықтарды ескеру өте маңызды нәрсе. Біз сөз қылып отырған қарама-қайшылықтар өзінің әр түрлі сипатымен ерекшеленеді, мысалы: мәніне мен мазмұнына, болмысы мен табиғатына, жүйелік белгісіне, себебіне, пайда болу саласына, көлемі мен салдарына, тарихи қызметінің нысанына, уақытша белгісіне қарай т.б. Саяси менеджмент бойынша топтық, класстық, аймақтық, ұлттық, жалпымемлекеттік деңгейіндегі қарама-қайшылықтар барынша үлкен мәнге ие болуда. Мысалы, саясиландыру, бюрократияландыру, сыбайлас жемқорлық, бизнеспен және қылмыстық-мафиялық құрылымдармен астыртын байланыс нәтижесінде туындайтын субъектілер мен объектілер әрекетінің ішкі жағдайы секілді саяси билік пен мемлекеттік басқарудың арасындағы қарама-қайшылықты айтуға болады.

Саясат саласында тарихи қалыптасқан билік пен азаматтық қоғамның, сондай-ақ саяси элита мен бұқара халықтың, орталық пен аймақтардың арасындағы қарама-қайшылық айқын туындайды. Бұл ретте қоғамдық бірлестіктер мен

қозғалыстардың бағдарламалық қызметінде байқалатын ұлтшылдықтың радикалдануы этноцентризм секілді факторларды атап көрсетуге болады. Демек, мұндай құбылыстар аз немесе көп дәрежеде әр түрлі аймақтарда аңғарылады, бірақ мұндай теріс көңіл-күй мүлде байқалмайтын аймақтар да кездеседі.

Саяси менеджменттің көзқарасы бойынша атқарушы билік пен өкілетті биліктің арасындағы институциональді байланыс аса маңызды. Отандық тәжірибе өкілетті биліктің өзін сайлаған халықтан сайлау өте салысымен алшақтап кетуінің немесе атқарушы биліктің салық төлеушілерден мемлекеттік қызметке қол жеткізіп алған соң алыстап кетуінің әдетке айналғанын көрсетеді. Демек, біз буржуазиялық-демократиялық жүйеге арналған халық пен билік арасындағы классикалық қарама-қайшылық жайлы айта аламыз. Қатардағы қарапайым халық таңдаған билік субъектілері мен арнайы тағайындалған өкілетті биліктің субъектілері өз қолдарында билік ресурстарын концентрациялайды, соның салдарынан қоғамдық дамудағы өз үлгісін жасайды және осы процессті бақылауды жүзеге асырады.

Аталған қарама-қайшылықтардың қатарында қазіргі басқару жүйесінің мынадай мәселелерін қоя аламыз, олар: жергілікті бюджеттің бір-біріне қатысты балансының болмауы, әр түрлі субъектілердің билік ресурстарын пайдаланудағы құқықтық қамтамасыз ету қызметінің дамымай қалуы, нақты әлеуметтік механизмдердің болмауы т.б. Біз бұдан «аталып өткен барлық қарама-қайшылықтарды анықтау және нейтралдау саяси басқарудың аса маңызды қызметі болып табылады» деген тұжырым жасай аламыз.

Аймақтық саяси менеджментті талдай отырып «аймақ» ұғымын нақты анықтап алу қажет. Қазіргі заманғы саясаттану жайлы еңбектерде «аймақ» ұғымын анықтаудың ауқымы өте кең. Зерттеушілердің біраз бөлігі аймақтың экономикалық-географиялық ерекшеліктері мен территория ортақтығы секілді белгілерге сүйенеді. Ал, ғалымдардың тағы бір тобы табиғи байлықты пайдалануға негізделген халық шаруашылығының міндеттері мен аймақтағы қоғамдық өндірістің біртұтастығын, сондай-ақ экономикалық дамудың жоспарлы құрылымын басты назарда ұстаса, енді бір зерттеушілер әкімшілік-территориялық шекараға бөлу факторын алға тартады. Ал, төртінші топқа кіретін кейбір ғалымдар этносаяси және мәдени сипаттамаларға баса назар аударады [2].

Аймақтық саяси менеджмент жайлы Қазақстанда жүргізілген зерттеулерде де «аймақ» терминін қолдана отырып, біз оның астарынан Қазақстан Республикасының облыстық территорияларға бөлінуін аңғара аламыз, демек жоғарыда көрсетілген сипаттамалардың барлығы тұтастай мөлшерде облыстарға сай келеді.

Біздің көзқарасымызша, аймақтық саяси менеджмент саяси ғылымның жеке саласы ретінде танылатын аймақтық басқарудың құрамдық элементі болып табылады. Саясаттану ғылымының аталмыш бөлімі аймақтық-әлеуметтік саяси процесстердің дамуына ықпал ететін саяси, саяси-экономикалық және әлеуметтік аспектілерді зерттеумен, сондай-ақ осы процесстерді басқару тәсілдерін жасаумен айналысады.

• Аймақтық саяси менеджменттің субъектілері ретінде таныла алатындар мыналар:

- Мемлекеттік басқарудың орталық органдары;
- Облыстық (аймақтық) деңгейдегі атқарушы және өкілетті органдар;
- Қалалар мен аудандардағы жергілікті өзін-өзі басқару органдары;
- Аталған территорияларда жұмыс жасайтын ассоциациялардың, ұйымдардың, қоғамдық-саяси қозғалыстардың, партиялардың аймақтық бөлімшелеріндегі жетекшілер.

Іс жүзінде аймақтық саяси менеджмент аймақты өзара тәуелді элементтердің біртұтас жүйесі ретінде әлеуметтік-саяси және экономикалық тұрғыда басқарудың теориялық зерттеулеріне негізделеді де басқарудың бұл екі түрі халықтың өмір сүру әрекетін басқарумен тығыз байланыста болады, соның салдарынан олар халықтың тағдырына айрықша әсер етеді. Сонымен бірге, жаңа заманғы саяси құрылым құру мен аймақтық саяси менеджмент механизмдерін жасау барысында оның шынайы мазмұнын және ішкі саяси ерекшелігін басшылыққа ала отырып жасаудың маңызы зор. Тұтастай алып қарағанда басқарудың келесідегі салаларында басты орынға ие.

Бірінші, біз сөз етіп отырған аймақтық саяси менеджмент мемлекет басшысының аймақтағы басты өкілі ретінде жұмыс атқаратын облыс әкімінің қызметінде тікелей көрініс табады. Қазақстан Республикасының қандай да бір облысына қатысы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің әкімшілігі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің әкімшілік-басқару қызметінде кешенді түрде жүзеге асырылады.

Екінші, аймақтық саяси менеджмент Қазақстан Республикасының қандай да бір облысына қатысы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің әкімшілігі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің әкімшілік-басқару қызметінде кешенді түрде жүзеге асырылады.

Үшінші, аймақтық саяси менеджмент елдің нақты аймақтарындағы лоббистік әрекеттің өкілдері болып табылатын ҚР Парламенті, Сенат және Мәжіліс депутаттары қызметінде белсенді түрде көрініс табады.

Төртіншіден, аймақтық менеджмент әлеуметтік балансты сақтау мақсатында өздеріне бөлінген аймақтардың саяси өміріне белгілі бір дәрежеде әсер етіп, жергілікті өзін-өзі басқару органын басқару статусына ие болған облыстық Маслихат депутаттарының әрекеті арқылы жүзеге асады.

Аймақтық саяси менеджмент екіжақты процесс болып табылады, яғни нақты бір территорияға сәйкес аймақтық билік пен аймаққа қатысты орталық ретінде жүзеге асырыла алады. Демек, аймақтық саяси менеджменттің мәні аталған әкімшілік аймақтың қызметін мақсатты түрде қалыптастыру және ұйымдастырумен ұштасады. Аймақтық менеджменттің технологиялары көп жағдайда ел дамуының нақты кезеңдеріндегі жалпымемлекеттік саяси басымдалақтарға ықпал ететінін ескерген жөн. Басқарудың саяси басымдылықтан бастау алатын дәл осы тәуелділігінен аймақтық саяси менеджменттің негізгі ерекшелігі туындайды.

Аталған бұл көзқарас саяси басқаруды зерттеуші ғалымдар А.В. Понедельков пен А.М. Старостиннің: «мәселенің мәнісі қандай да бір мектептің дәстүрі мен басымдылығында ғана емес, сонымен бірге саяси элита мен саяси мақсаттар жайлы ғылыми тұтастыққа сәйкес келе бермейтін тұжырымдарда» деген пікірімен ұқсас келмейді. Олар: «қазіргі заманғы мемлекет мақсаттары мен құндылықтарын декларациялайтын саяси тұрғыда екіжақты ойлау құбылысы (феномен) туындады. Мысалы, демократиялық сипаттағы саяси басқарудың критерийлері мен стандарттары декларацияланады. Қазіргі заманғы қоғамда олар ең алдымен адамзат дамуының көрсеткіштеріне сәйкес келуі және осы көрсеткіштердің көтерілуіне ықпал етуі қажет. Шын мәнінде тікелей қарама-қарсы картина көрініс табады. Нәтижесінде биліктің жасаған қадамдары тиімділік критерийлеріне бағытталған және ол декларацияланбаған басқару әрекетін жүзеге асырады» деп есептейді [3]. Басқаша айтқанда, мұнда саяси басқару жүйесіндегі мемлекеттің өркениеттілігі, сонымен бірге дәстүрлі нарықтық экономикамен құрылымдық-экономикалық бірлестік деңгейі жеткілікті мөлшерде ескерілетіні жайлы сөз болып отыр. Аталған кемшіліктердің мәні зор және барынша терең талдауларды талап етеді.

Сонымен бірге, саяси менеджменттің әдіснамасына ішкі және сыртқы саяси сипаттағы факторлардың тигізер әсері мол. Бізге белгілі болғандай әр түрлі өркениетті мемлекеттермен өзара қарым-қатыныста болуына байланысты Қазақстан Республикасы аса күрделі геосаяси жағдайда өмір сүріп отырғандықтан мұндай тәсілді жүзеге асыру аса қиын. Саяси менеджменттегі геосаяси фактор жайы айта отырып өндірістік күштерді орналастыру мәселесін, атап айтқанда, жылу-энергетикалық орталықтар мен кен қазу орталықтарының орналасу қашықтығы және ауыл шаруашылық орындары мен өндірістік орындардың ара қашықтығын ретке келтіру мәселесін ұмытпаған жөн. Осының нәтижесінде, халық көп орналасқан аудандардағы өндірістік күштердің жеткілікті дамымаған жүйесі деп түсіндірілетін өндірістік-демографиялық асимметрия деген құбылыс туындайды.

Пайда болған дисбаланс әкімшілік-мемлекеттік басқаруды орталықтандыру жолымен шешілгендіктен мұндай фактордың әсері әкімшілік – басқару жүйесінде соншалық маңызды бола қойған жоқ. Демократиялық саяси жүйе жағдайында саяси менеджмент қызметінің әр түрлі мәселелерін шешудің мұндай механизмін қолдану мүмкін емес. Бұдан келіп, орын алған мәселелерді шешудің жаңаша жолдарын жасап шығару қажеттілігі туындайды.

Ресей зерттеушілері А.В. Понедельков пен А.М. Старостин Еуропа елдерінің елдерінің тәжірибесіне сүйенген дұрыс деп жөн сілтейді. Еуропада және бірқатар дамушы елдерде үкіметтің тарапынан ең таңдаулы аймақтық қалалардың өсіп-өркендеуін дамытуға күш салатын полюс (орталық) немесе өсу орталығы атты концепция әрекет етеді. Мысалы, француз аймақтанушысы В. Кристаллер «орталық орын» (центральное место) деп аталатын теория жасаса, тағы бір аймақтанушысы Дж. Шумпетер жаңашылдық енгізу диффузиясы туралы идеяны дамытты. Бұл идеяның ар жағында нарықтық экономика жағдайындағы экономикалық прогресс (алға жылжу) көп дәрежеде өсу полюсін түзе отырып қоршаған ортаға жайлы әсер ететін алдыңғы қатарлы салалардың айналасына топталған әрі кең таралған жаңалық енгізу процессінің тиімділігімен байланысты деген астарлы ой жатыр [3].

Негізінде, әлемдік тәжірибе АҚШ-тағы, Батыс Еуропадағы аймақтық саясаттың негізгі артықшылықтары бүкіл мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық ортасының жақсаруымен және әлеуметтік-экономикалық диспропорциясының төмендеуімен ұштасып жатқандығын көрсетеді. Дамыған елдер нарық жағдайында қоғамдағы әлеуметтік-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету және экономикалық территориялық құрылымын реттеу мақсатын ұстана отырып, басқа аймақтармен бірлесіп еңбек етуге ұмтылады. Осы мақсатта ол елдерде аймақтық процесстерді басқаруды реттеп отыратын арнайы мемлекеттік ведомствалар (мысалы: Италиядағы «Юга» агенттігі, Франциядағы территориялық құрылғы Делегациялары) немесе аймақтық мәселелерді шешумен айналысатын бірқатар министрліктер құрылған. Қазақстан Республикасында жалпымемлекеттік аймақтық басқаруды жүзеге асырудың аралас үлгісі орын алғанмен арнайы мекемелер жоқ, ал олардың қызметі әр түрлі министрліктер мен мемлекеттік органдарға бөлініп берілген.

Басқару қызметінің тиімділігін анықтаудың нақты әдіснамасын жасау жайлы мәселе кешенді тәсілге негізделуі қажет. Бұл әдіснамаға қойылатын басты талап биліктің әр түрлі деңгейіндегі өзара әрекеттің нақты индикаторы мен басқару қызметінің тиімділік критерийлерін жасау болып табылады. Объективті критерийлер жүйесіне келесідей талаптар жатады:

• Биліктің заңнамалы, атқарушы, сот қызметінің тиімділігін, олардың өзара келісім деңгейін бағалау және көпәспекттілі есеп;

• Талдау, сараптамалық және бағалау-сараптамалық факторлар есебі: басқару

қызметінің мақатты түрде жасалатын бағыты мен оның әлеуметтік шығынының көрсеткіштерін, әлеуметтік динамикасы мен әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесін есептеу;

Басқару тиімділігінің жеке дара деңгейін бағалау.

Басқару қызметінің өнімділік деңгейі басқарудағы субъективті факторға тәуелді. Оның астарынан мемлекеттік бюрократия мен қазіргі заманғы саяси элитаны қалыптастыруға мақсатталған мемлекеттің кадрлық саясатын түсіне аламыз. Аталған мақсатқа қол жеткізу мемлекеттік басқару органдары жүйесін реформаландыруды өткізу нәтижесінде қиын болып отыр. Мамандандыру саясатын жүзеге асырудың тежеліп қалуында билік және басқару құрылымдарын қалыптастырудың командалық тәсілі атқаратын рөл өте зор десе де болады. Мамандандыру саясатының алға жылжымай орта жолда тұралап қалуының тағы бір факторы бар, ол саяси және әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларды қолдаудың әлеуметтік базасын азайту, аяси элиталар мен халықтың арасында болатын екіге жіктелу, екіге бөліну болып табылады.

Осылайша, аймақтық саяси менеджмент саяси, саяси-экономикалық және әлеуметтік факторлар мен құбылыстарды зерттеуге бағытталған саяси ғылымның бір саласы әрі саяси менеджменттің қолданбалы жүйесінің құрамдық бөлігі ретінде танылады. Аймақтық саяси менеджменттің субъектісі ретінде мемлекеттік басқару органдары, биліктің облыстық және аудандық деңгейіндегі өкілетті органдар, қалалар мен селолық округтердегі жергілікті өзін-өзі басқару оандары, сондай-ақ жекелеген аудандарда әрекет ететін акссосияциялардың, ұйымдардың, қоғамдық-саяси қозғалыстардың, аймақтық партия бөлімшелерінің жетекшілері таныла алады.

Аймақтық саяси мееджментті жүзеге асыру механизмі мемлекттік биліктің орталық республикалық құрылымдары мен жергілікті мемлекеттік билік органдарының, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, бизнес-құрылымдардың және азаматтық қоғам институттарының арасындағы кооперативтік қарым-қатынастар желісін құруға негізделеді.

Басқару қызметінің айналасында жұмыс жасайтын адамдардың арасындағы өзара қарым-қатынас қоғамдық мәні бар мәселелерді шешу мен қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған. Сонымен қатар, талып өткен бұл әрекет бір аймақта, бір территорияда өмір сүріп отырған бұқара халықтың кез-келген қажеттілігін, сұранысын жеткілікті дәрежеде қанағаттандыру мен олардың мәселелерін дер кезінде тиімді жағынан шешіп беру мақсатында жұмыс істейтін басқару ісінің өкілдері арасындағы әр түрлі, атап айтар болсақ қаржылық, материалдық-техникалық, табиғи, мамандық, саяси және әкімшілік ресурстарының барлық кешенін тең дәрежелі әрі теңқұқықтық тұрғыда бөліп берген жағдайда ғана нәтижелі болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Общий и специальный менеджмент / Под ред. А.Л. Гаповенко, А.П. Панкратова. - М., 2000. - С. 26-35.
2. Игнатов В.Г., Бутов В.И. Регионоведение. - Ростов на Дону, 1998. С. 214-223.
3. Понеделков А.В., Старостин А.М. Государственная власть и местное самоуправление: эффективность и ответственность. - Ростов на Дону, 1998. - С. 25.

Әлеуметтік және саяси капитал табысты реформалаудың құрамдас бөлігі

Әмірхан РАХЫМЖАНОВ,
тарих ғылымдарының кандидаты

Қазіргі жағдайда мемлекеттік басшылыққа, өңірлердегі саяси билік органдарына, нақты лауазымды тұлғаларға, жергілікті өзін-өзі басқару институттарына деген сенім табысты саяси реформалаудың басты құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Тарихи тәжірибе көрсеткендей демократиялық реформалар халықтың қолдауына ие болған кезде ғана мақсатқа жетеді. Саяси ғылымда қолдаудың үш түрі белгіленген:

1) тұтастай саяси қауымдастыққа қолдау көрсету (ұжымға, ұлттық қауымдастыққа адалдық және т.б.)

2) ойын ережелерінің жиынтығы ретінде қабылданатын режимге, саяси жүйенің тірегі болатын құндылықтарға (мысалы: сөз, пікір еркіндігі, пікір алуандығы), нормаларға (конституциялық, құқықтық, адамгершілік және т.б.) билік құрылымына (билік рөлдерін бөлу) қолдау көрсету;

3) билік органдарына қолдау көрсету, яғни лауазымы бойынша саяси жүйедегі билік функцияларын атқаратындарға қолдау көрсету [1].

Француз әлеуметтанушысы П. Бурдьенің анықтамасы бойынша осындай қолдаудың болуын саяси капитал деп атайды [2]. Сонымен қатар, бұндай қолдауды реформалардың саяси және әлеуметтік капиталы деп те атауға болады.

Қазақстанда осындай қолдау бар ма? Қоғамдық пікір негізінде Қазақстан халқының демократиялық реформаларды қабыл алуына берілген баға бұл сұраққа ішінара жауап береді. Көпшіліктің пікіріне назар аудару демократияның тұрақтылығын қамтамасыз етудегі мәдениеттің рөліне ғылыми талдау жасау бағыттарының бірі болып табылады.

Біздің ойымызша, реформалардың әлеуметтік және саяси капиталының жай-күйін қозғалыс үстінде қарастыру қажет. 1996-1997 жылдары және 2007 жылы жүргізілген екі социологиялық зерттеулердің мәліметтеріне талдау жасап көрейік.

1996 жылғы наурызда Қазақстанның даму институты бұқаралық республикалық социологиялық зерттеу жүргізді. Зерттеу барысында барлық 19 облыстар (1996 жылғы жағдай бойынша) мен Алматы қаласында 2910 респонденттер арасында сұрақ-жауап жүргізілді. «Сіздің құқығыңызды Қазақстан Республикасының азаматы ретінде мемлекет қорғайды деп айта аласыз ба?» деген сұраққа респонденттердің 24,7 %- «Ия»; 12,4 % - «Ия деуге болады»; 22,5% - «Жок деуге болады»; 27,2 % - «Жок» деп жауап берді және 13,1 % - жауап беруге қиналды. Нақтырақ айтсақ, құптарлықтай жауап бергендері – 37,1%, ал теріс жауап бергендері – 49,7 %. Сұрақ-жауапқа қатысқандардың тең жартысы мемлекет аза-

маттарды қорғау жөніндегі өзінің міндеттерін орындамай отыр деп түсінетінін білдірді [3].

Респонденттердің жауабына қарағанда елде билік заңдылығының дағдарысы байқалады. 1990 жылдардың ортасында Мемлекет басшысы осы дағдарыстың себебі ретінде ұзаққа созылған экономикалық дағдарысты, экономиканың күйзелген жай-күйін атап көрсетті: «Жұмыстың осы бөлігіндегі жағдай сыртқы және ішкі саяси қызметтің нәтижелерімен салыстырғанда анағұрлым осалдау болып отыр. Тұтастай бір қатар бағыттардағы позитивті экономикалық көрсеткіштерге қарамастан, азаматтардың көпшілігі өзгерістердің нәтижелерін әлі де сезіне қойған жоқ. Бұндай жағдай халық арасында реформалардың қабыл алынбай, азаматтардың мемлекетке деген сенімін жояды» [4].

Президент «экономикалық өзгерістер мен дамытудың түпкілікті мақсаты-халықтың тұрмыс деңгейін көтеруді» есепке ала отырып, 1996 жылы «мүмкіндік шегіндегі барынша көп міндеттерді алдыға қойды: ХХІ ғасырға толығымен сауықтырылған және реформаланған экономикамен кіру; инфляцияның жылдық деңгейін 4-6 пайызға жеткізу; экономикалық өсімнің 3-5 пайызына қол жеткізу; жұмыссыздықты ең төменгі деңгейге түсіру; шетел инвесторлары үшін ең қолайлы жағдайлар жасау; әлеуметтік индикаторлардың тұрақты өсуіне қол жеткізу» [5].

10 жылдан кейін өткізілген осы тәріздес зерттеулер мүлдем басқа нәтижелер берді. Ақтөбе облысы ішкі саяси департаменті мен «Батыс-мониторинг» әлеуметтік және маркетингтік зерттеулер агенттігі «Ақтөбе облысы тұрғындарының елімізде болып жатқан саяси реформаларға қарым-қатынасы» тақырыбына 2007 жылдың 1-10 желтоқсан аралығында өткізген экспресс-сұрақ-жауабының нәтижелерінен Ақтөбе облысын мысалға ала отырып, демократиялық реформалардың саяси капиталының бар болуы (немесе жоқ болуы) жөнінде болжам жасауға болады.

Зерттеудің технологиялық сипаттамасы.

Сұрақ-жауап жүргізу мақсаты: Ақтөбе облысы тұрғындарының Қазақстан Республикасындағы саяси өзгерістер үдерістеріне қатысын айқындау. Сол үшін облыс тұрғындарының елдегі саяси үдерістер туралы хабардарлық деңгейі анықталды, саяси жүйені демократиялық реформалау нәтижелерінің қоғамдық бағасы айқындалды, облыс тұрғындарының демократияны бұдан әрі дамыту қажеттілігіне, ҚР Парламент Мәжілісінің депутаттар санын ұлғайтуға және т.б. мәселелерге көзқарасы зерделенді.

Зерттеу нысаны: Ақтөбе облысының тұрғындары.

Зерттеу мәні: Ақтөбе облысы тұрғындарының елдегі қоғамдық-саяси үдерістерге қатысы.

Тұрғындармен сұрақ-жауап стандартталған сауалнама бойынша жеке сұхбат тәсілімен өткізілді. Ақтөбе облысының барлығы 200 тұрғындары сұралды (олардың 25-і - Ақтөбе қаласында, 175-і - облыс аудандарында) Респонденттерді іріктеу көпсатылы ұялы таңдау негізінде жүргізілді.

Бірінші кезеңде облыс тұрғындары 8 ауданға және Ақтөбе қаласына бөлінді.

Екінші кезеңде Ақтөбе облысы орталығындағы және аудандардың елді мекендеріндегі неғұрлым бір-біріне ұқсас тұрғын үй кварталдары іріктеп алынды.

Үшінші кезеңде респонденттерді жыныс, жас, әлеуметтік мәртебесі және тұратын орнына қарай таңдаудың сипатты ерекшелігін қамтамасыз ететін Киштің әдісі бойынша іріктеу жасалды.


Әлеуметтік-демографиялық тұрғыдан қарағанда іріктеу жиынтығы мынадай түрде берілген: 106 әйелдер мен 94 ерлер, этникалық тиістілігі бойынша – 151 қазақ, 24 орыс, 14 украиндар, 9 татар, 2 басқа ұлт өкілдері.

Жас шамасына қарай сұрақ-жауапқа: 18-ден 22 жасқа дейін-20 сұхбаткер, 21-ден 30 жасқа дейін-24, 31-ден 40 жасқа дейін-55, 41-ден 50 жасқа дейін-42, 51-ден 60 жасқа дейін-27, 60-тан жоғары-16 сұхбаткерлер қатысты.

Мәртебелік сипаттамасы мынадай: студенттер мен оқушылар-11, қызметкерлер-17, жұмыскерлер-22, қызмет көрсету саласындағылар-14, білім беру саласында-40, медицина-27, кәсіпкерлер-23, зейнеткерлер-12, мемлекеттік қызметшілер-34.

1. Еліміздің мемлекет пен қоғамның демократиялық құрылымына қарай ілгерілуіне баға беру үшін «Сіз саяси үдерістердің барысын қалай бағалар едіңіз?» деген сұрақ қойылды.

1-диаграмма. Сіз саяси үдерістердің барысын қалай бағалар едіңіз?



Осы сұраққа берілген жауаптарды талдау барысында облыс тұрғындарының демократиялық өзгерістерге деген тілектестік қарым-қатынасы анықталды. Сұралғандардың 64,5 %-ның пікірі бойынша – еліміз нағыз демократиялық қоғамға қарай жақындап келеді, ал 26,5 % - ы Қазақстанда демократиялық қоғам құрылды деп санайды. Қазіргі саяси жүйенің демократияға ешқандай да қатысы жоқ деп түсініп, бұндай бағамен келіспейтін сұхбаткерлер – 7 %-ды құрайды.

2. Сұхбаткерлердің саяси реформалар қажеттігіне көз жеткізгенін анықтау үшін оларға «Сіз демократияны дамыту қаншалықты қажет деп ойлайсыз?» деген сұрақ қойылды.

2-диаграмма. Сіз демократияны дамыту қаншалықты қажет деп ойлайсыз?


Сұралғандардың көпшілігі (61,5%) демократияны дамытудың айрықша қажеттігіне өздерінің мүдделілігін танытты, ал 23,5% сұхбаткерлердің пікірінше демократияны дамыту қажет, алайда бірінші кезекте одан да басқа маңызды міндеттерді шешкен дұрыс. Сұрақ-жауапқа қатысқандардың 13,8 %-ы демократияны дамытудың айрықша қажеттігі жоқ немесе мүлде қажет емес екенін көрсетті.

«Нұр Отан» партиясының 2007 жылғы парламент сайлауындағы сөзсіз жеңісіне байланысты келесі сұрақ мынадай түрде қойылды: «Сіздің пікіріңізше өткен сайлауда «Нұр Отан» партиясының жеңіске жетуіне не себеп болды: президент тұлғасының факторы; партияның тиімді сайлау науқаны; басқа да себептер; жауап беруге қиналамын».



72 % сұхбаткерлердің ойынша нұротандықтардың сенімді жеңіске жетуінде ел Президенті Н. Назарбаев тұлғасының факторы өте маңызды болды. Сайлаушылар партияға сенім арта отырып, бірінші кезекте Елбасына және оның жүргізіп отырған саясатына сенім көрсетті. Сұралғандардың пікірінше «Нұр Отан» партиясының сайлаудағы толық жеңісін қамтамсыз еткен екінші фактор партияның тиімді сайлау науқаны болып табылады (25%).


3-диаграмма. Сіздің пікіріңізше өткен сайлауда «Нұр Отан» партиясының жеңіске жетуіне не себеп болды: президент тұлғасының факторы; партияның тиімді сайлау науқаны немесе басқа да себептер?



2. «Сіз Президент Н. Ә. Назарбаевтың саяси реформаларын қолдайсыз ба?» деген сұраққа жауап беру барысында сұралғандардың басым көпшілігі


(91 %) Елбасының бастамашылығымен жүргізіліп отырған саяси реформаларды толығымен қолдайтынын білдірді. Реформаларды қолдайтын сұхбаткерлердің 12%-ның ойынша саяси жүйені демократиялық жаңарту үдерісін жеделдету қажет. Сұрақ-жауапқа қатысушылардың арасында 2 %-ы реформаларды қолдамайтынын білдірді.

4-диаграмма. Сіз Президент Н. Ә. Назарбаевтың саяси реформаларын қолдайсыз ба?



Сұхбаткерлердің басым көпшілігі өз тұрмыстарының жақсаруын Мемлекет басшысының жеке тұлғасымен байланыстырады:

5-диаграмма. Тәуелсіздіктің 16 жылында қол жеткізген Қазақстандағы ілгерілеушілікті көп жағдайда кіммен немесе немен байланыстырасыз ?



Осылайша, соңғы жылдардағы ел өміріндегі оң ілгерілеушілікті тұрғындардың басым көпшілігі Республика Президентінің қызметімен байланыстырады. 10% сұхбаткерлер біздің жетістіктеріміз мемлекет дамуының объективті барысының арқасында деп санайды. Бұл нәтижелер халықтың ел Президентіне деген зор сенімі мен оның қызметін жоғары бағалайтынын білдіреді.

Алынған нәтижелер бойынша мынадай қорытынды жасауға болады:

1. Сұралғандардың арасында елімізде болып жатқан саяси өзгерістерді позитивті бағалау басым сипатта: сұхбаткерлердің 91 %-ы осы ұстанымды қолдайды және 12 %-ы реформаларды жеделдету қажет деп санайды.

2. Сұрақ-жауап барысында облыс тұрғындарының елдегі болып жатқан әлеуметтік-саяси оқиғаларға ұдайы қызығушылық танытатыны анықталды. Алынған деректерге сәйкес респонденттердің 90 % - нан астамы облыстың саяси өміріндегі оқиғаларға мән береді.

3. Азаматтар өздерінің тұрмыс жағдайының жақсаруын көп жағдайда Мемлекет басшысымен байланыстырады, оны реформалардың бастамашысы, әлеуметтік тұрақтылықтың және елдің экономикалық көркеюінің кепілі деп санайды.

4. Облыс тұрғындарының көпшілігі елдің заңнамалық органында бір ғана партияның басым болуы демократияның дамуына ешқандай қауіп төндірмейді деп ойлайды. Олардың ойынша ел Президенті басқаратын «Нұр Отан» ХДП сайлаудағы толық жеңісі қазақстандық қоғамның одан әрі нығаюына қызмет ететін болады.

5. Қазақстанның саяси болашағына оң баға бере отырып, облыс тұрғындары демократияны дамыту мен саяси жүйені жетілдірудің қажет екеніне сенімді.

Сонымен, экспресс-сұрақ-жауаптың нәтижелері Ақтөбе облысындағы демократиялық саяси реформалау үдерістерінің кең көлемді қоғамдық қолдауға ие болып отырғанын көрсетті. Ақтөбе облысында өткізілген сұрақ-жауаптың қорытындыларын республиканың барлық өңірлерінде тарата отырып, Мемлекет басшысымен дұрыс таңдалған тәуелсіз мемлекеттің саяси және экономикалық реформалау стратегиясының нәтижесінде қоғам дамуының барлық салаларында оң нәтижелерге қол жеткізілді деп қорытынды жасауға болады. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы жетістіктерінің әсерінен бұқаралық сана өзгерді. Халық Елбасына, мемлекеттік билік органдарына көбірек сенім арта бастады, реформаларға деген сенім пайда болды.

Неғұрлым берік әлеуметтік және саяси капиталдың болуы елдің одан әрі көркеюі үшін жаңа мүмкіндіктер мен перспективаларға жол ашады. Бұл үдемелі саяси реформалауды одан әрі жүргізу үшін Қазақстанда барлық жағдай жасалғанын білдіреді.

ӨДЕБИЕТТЕР:

1. Иванов В.Н., Матвиенко В.Я., Патрушев В.И., Молодых И.В. Технологии политической власти: зарубежный опыт. - Киев, 1994. - С.34-35.
2. Бурдые П. Социология политики. - М.: Socio-Logos, 1993. С. 211-214.
3. Садыков Н.М., Ахметжанова Г.К., Кушербаев К.Е. Оценка уровня гражданской самоидентификации населения Республики Казахстан. Анализ результатов массового общественного опроса). Алматы: ИРК, 1996. С.6-7.
4. Н.Ө. Назарбаев. «Елдегі жағдай мен 1997 жылға арналған ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы». Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы, Қазан 1996 ж.// Тәуелсіздіктің бес жылы. Қазақстан Республикасы Президентінің баяндамаларынан, сөйлеген сөздерінен және мақалаларынан. Алматы: Қазақстан, 1996. 579 б.
5. Н.Ө. Назарбаев. «Елдегі жағдай мен 1997 жылға арналған ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы». Президент Жолдауы. Жарлық 594; 600.

Ұйымдастырушылық-кадрлық талдаудың тиімділік үрдістері

Арман НҰРМАХАНБЕТОВ,

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың доценті, психология ғылымдарының кандидаты

Адами ресурстарды басқару заманауи ұйымдастыруларды басқарудың орталық міндеттері және оның атқарушы басшылығының міндеттері болып табылады. Адамдар, олардың таланттары, білімдері мен дағдылары ұйымның жетістігін анықтайды.

Әлемдік психологиялық, әлеуметтік және экономикалық ғылымда іс жүзінде компания тиімділігін арттыратын адами ресурстарды басқару мүмкіншілігін көрсеткен бірнеше зерттеулер жүргізілді.

Мысалы, Дж. Артур американдық болат құятын отыз зауыт туралы ақпарат жинаған. Ол бақылау стратегиясының және ұйымның еңбек тиімділігі мен ақаулық деңгейіне бейімділік стратегиясының әсерін зерделеген. Дж. Артур жұмыс тиімділігінің кадр және іскерлік стратегиясының сәйкестілік санатына байланыстылығын анықтауға әрекеттенді, сондай-ақ саралау және сәйкестілік стратегиясын қолданушы зауыттар сәйкестілігі бақыланбағандарға қарағанда 25%-ға өндіргіш екендігін тапты [1].

Хьюслид адами ресурстарды басқару практикасының компанияның тиімділігіне әсер етуін 968 американдық компания қызметкерлерін сұрау нәтижелерін талдау әдісімен зерттеді. Ол компаниялардың жұмыс әдістерінің тиімділігін арттырған кезде кадрлар тұрақсыздығының айтарлықтай төмендегендігін және өнімділік пен табыстылықтың едәуір өскендігін тапты (қызметкерлер құрамын басқару практикасын пайдалану кезінде стандартты ауытқулардың ұлғаюы қызметкерге есептегенде орта есеппен 27 044 долларға сату көлемі өседі, қызметкерге есептегенде табыстың 18 641 долларға өсуі) [2].

Хьюслид пен Беккер 740 компанияға тиімділігі жоғары жұмыс жүйесін енгізу дәрежесін көрсететін адами ресурстарды басқару жүйелерінің индексын жасады. Олар индексі анағұрлым жоғары компаниялардың өзге де тең жағдайлар кезінде ұйымдастырушылық тиімділіктің экономикалық және статистикалық маңызды деңгейлерін көрсеткендігін тапты. Олар мұқият әзірленген және пайдаланылып жүрген адами ресурстарды басқару жүйесі ұйымның айтарлықтай экономикалық активтерін ұсынатындығын болжайды, алайда, зерттеу мұндай жүйенің қалайша құндылық жасайтындығын нақты анықтаған жоқ.

Шеффилд университеті Еңбек психологиясының институты (Паттерсон, Уэст, Лоутон мен Никкелл) жүргізген зерттеу ұйымның тиімділігіне қандай факторлардың басқалардан гөрі көп әсер ететіндігін көрсетті. Зерттеу қызметкерлер мақсаттарының, ұйым мәдениетінің, қызметкерлер құрамын басқару практикасының және басқа да басқармалық іс-қимылдың тиімділікке әсер етуін зерделеуден жинақталған. Жоғарыда аталған факторлардың әр қайсысының әсер ету дәрежесі қызметкерге есептегендегі өнімділік пен табыстылық көрсеткіштерінде өлшенді. Нәтижелер белгілі бір фактор есебіне жатқызылатын тиімділіктің пайыздық өлшемдерінде көрінеді: жұмыспен қанағаттану компаниялар арасындағы табыстылық көрсеткіштері бойынша 5

пайыздық айырмашылықты және өндірушіліктегі 16 пайыздық айырмашылықты түсіндірді; ұйымдық мәдениет табыстылықтағы 10 пайыздық айырмашылықты және өндірушіліктегі 29 пайыздық айырмашылықты түсіндірді; қызметкерлер құрамын басқару практикасы табыстылықтағы 19 пайыздық айырмашылықты және өндірушіліктегі 18 пайыздық айырмашылықты түсіндірді. Басқарушылық практикасы мен тиімділік арасындағы байланысты талдау стратегияға, технология мен сапаға қатысты тиімділікке ықпал ету 1-ден 3 пайызға дейін, ҒЗТҚЖ мен өндірушілердің өзара байланыстарынан 6 пайызға және ҒЗТҚЖ мен табыстылықтың өзара байланыстарынан 8 пайызға төмендегендігін анықтады [3].

Соңғы екі он жылдықта өндіріс үдерісіндегі адам рөлін түсінудің артуына байланысты еңбек ресурстарына көп көңіл бөлініп, кәсіпорынның жұмыс істеуін ұйымдастырудағы олардың рөлі өсті, ол аудиторлық қызметтің – кәсіпорынның, ұйымның еңбек әлеуеті толығымен тиімді пайдаланылып жатқандығына көз жеткізетін еңбек саласындағы аудиттің айрықша бағытын қалыптастыруда көрініс тапты.

Бұл, әсіресе кеңестік рынок уақытында жұмыс істеген компаниялар үшін өте өзекті мәселе. Өйткені, олардың көбісі шоғырландырылған өсу (саласы өзгермеген жана өнімді өндіру, рыноктағы ұстанымдарды күшейту, жаңа рыноктарды іздеу, өтім рыногын өзгертпестен ескі өнімді дамыту) стратегиясын не болмаса диверсификациялық өсу (егер фирмалар осы рынокта осы өніммен бір сала шеңберінде дами алмаса, іске асырылады) стратегиясын ұстанады. Бизнесті дамытудың осы екі стратегиясының табыстылығы бар қызметкерлер құрамының құзыреттілігіне тікелей байланысты. Осы жағдайда компания басшылығы қандай кадр ресурсына ие екендіктері туралы бара-бар түсінулері қажет.

Батыс Еуропаның алдыңғы қатарлы университеттерінің деректері бойынша адами ресурстар АҚШ, Франция, Германия, Ұлыбритания, Финляндия, Италия, Сингапур сияқты елдерде 70 пайыздан артық; Испанияда, Австралияда, Жапонияда, Канадада, Чехияда 50 пайызға дейін пайдаланылады. Компаниялардың адами ресурстарын пайдалану көрсеткіші төмен топта Моңғолия, Украина, ҚХР, Польша, Мексика сияқты елдермен қатар Ресейде бар. Жалдаушы компаниялардың адами ресурстарды пайдалану көрсеткіші жалпы кәсіби пакеттен 25 пайыздан асқан жоқ [4].

Бұл зерттеулердің нәтижелері бар болғаны біздің қызметкердің нені білетіндігі мен жасай алатындығы және нені пайдаланатындығы арасындағы айырмашылықтың қаншалықты екендігі туралы ұғымды ғана растайды. Алайда, бұл айырмашылық қаншалықты үлкен? Біздің мамандарымызда қандай әлеует жасырынған? Бұл әлеуеттен компания мүддесі үшін нені пайдалануға болады? Адами ресурстардың қандай қасиеттерін түзету және дамыту керек? Осы және басқа да сауалдарға кадрлық аудит өткізіп және алынған нәтижелер бойынша жұмысты бастай отырып, жауап беруге болады.

Ұйымның табысты және тиімді іс-қимылында қызметкерлер құрамын басқарудың маңыздылық рөлінің ұлғаюы мен өсуі осы саладағы талаптардың артуына және диагноздауға әкеп соқтырды, өйткені ұйымдағы қызметкерлер құрамын басқару саласындағы кәсіби емес диагностикалық жұмыс бұл жүйенің тиімділігін шектеуі мүмкін.

Бұдан басқа ұйымның барлық құрылымдарын реформалаудың соңғы үрдістері тұрғысынан экономистер мен басқарушыларға қызметкерлер құрамы бойынша менеджерлер көмегі талап етілді. Реформалау мен қайта құрылымдау алдымен адамдарға қатысты және осы реформалардың қалай өтуі және олардың қандай нәтижелер алып келетіндігі адамдарға байланысты. Сондықтан қызметкерлер құрамын басқару қызметі осы жұмысқа тартылады, ал қызметтің өзіне жаңа көзқарастар қажет, бұл қызметкерлер құрамы бойынша аудитке қатысты.

Ұйымның қызметкерлер құрамын басқару саласының өзін жаңғырту мен реформалау және қызметкерлер құрамын басқарудың тиімді қызметін жасау шеңберінде бар жағдайды мұқият талдау талап етіледі. Бұл талдаудың негізгі мақсаты – ұйымның қандай жағдайда екендігін түсіну.

Қазіргі уақытта қызметкерлер құрамын басқару жүйесін диагностикалық зерттеудің әр түрлі саласының арасында кадр аудиті барынша тиімді болып саналады.

Функционалды-еңбек талдау мен еңбек бойынша жоспарларды іске асыруды бағалауды ауыстыруға ұйымның қызметкерлер құрамын басқару жүйесін және кадр әлеуетін диагноздаудың анағұрлым тегіс қамти алатын түрі келеді. Қызметкерлер құрамын басқарудың дерлік барлық жағы бағалаудың объектісі болып табылады, ал бағалаудың қалған барлық түрі оның құрамдас бөліктері болып табылады.

Кадрлық аудит – басқармалық аудит түрлерінің бірі, сондай-ақ қаржылық, маркетингтік және өндірістік аудит. Қазіргі уақытта анағұрлым жетілдірілген аудит ол қаржылық аудит болып табылады. Осыған байланысты аудит рәсімі әдетте өндірістік-шаруашылық іс-қимылдың қаржылық жағымен байланыстырылады және нақты, жақсы құжатталған, жеңіл түсіндірілетін және сондықтан аудит үдерісіне жеңіл кіргізілетін стандарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Американдық бухгалтерлік ассоциация комитетінің анықтауы бойынша есепке алудың, аудиттің негізгі тұжырымдамалары бойынша аудиттің мынадай анықтамасы бар: «Аудит – белгілі өлшемдер бойынша олардың сәйкестілік деңгейін белгілейтін және нәтижелерді мүдделі пайдаланушыларға ұсынатын экономикалық іс-қимылдар мен уақиғалар туралы объективті деректерді алу мен бағалаудың жүйелі үдерісі» [5].

Бұл анықтаманың жиырмасыншы жүз жылдықтың 80-90 жылдарында шетел менеджментінде орын алған ұйымдастырушылық проблемалардың басым бөлігіне аудит ұғымын таратуға мүмкіндік беретіндігі туралы Ю.Г.Одегова мен Т.В.Никонованың пікірімен [6] келісеміз, ал қазір бұл кеңестік дәуірдегі кеңестікте даму үстінде. Өйткені, бизнестің жалпы үдерісі қызметкерлер құрамын басқаруды қоса алғанда, басшылар мен мамандардың пікірінше ол барынша күрделі және инновациялық, анағұрлым негізделген болып табылса да, қатаң тәртіпке емес, сондай-ақ қатаң аудиторлық тексеруге ұшырауы мүмкін. Сонымен қатар кадрлық аудиттің басқа да аудит түрлерімен, ішінара бухгалтерлік аудитпен тікелей ұқсастықтары, сондай-ақ оларды жүргізу технологияларын шеттен алып пайдалану әрекеттері нәтижесіз болуы мүмкін. Дегенмен, осы жұмысты ұйымдастыру бөлігінде қаржылық аудиттің жұмыс тәжірибесін басқа да салаларда, ішінара қызметкерлер құрамын басқаруда толығымен қолдануға болады.

Объективті және тәуелсіздік сипатқа ие неғұрлым әзірленген қаржылық аудит, кадрлық аудит шынайы болмыстың формальді бейнеленген деректерінің сәйкестік деңгейін анықтайды, белгілі бір тұлғалардың мүдделеріне қарай жүргізіледі, сол себепті нақты стандарттар сәйкестігін анықтайды.

Талдау – аудиттің негізі болып табылады. Қызметкерлер құрамын басқаруды талдау осы құбылыстың, үдерістің, жүйенің жай-күйін, заңдылығын, үрдісін анықтайды. Алайда, кадрлық аудиттің жалпы ұйымдастырушылық қызметті, т.с.с. қызметкерлер құрамын басқару жүйесі жағдайының арақатынасын белгілейтіндігіне қарамастан, жекелеген элементтер бойынша кадрлық әлеуетті және қызметкерлер құрамын басқару жүйесін жай талдап қана қоймай, өзара байланыс кезінде оларға диагностика жүргізуі және кадрлық аудиттің кәсіпорынның дамуына қаншалықты сәйкестігін, оның стратегияларын, мақсаттары мен міндеттерін түсінуі тиіс.

Қызметкерлер құрамын басқаруды талдау дегеніміз – ұйымның қызметкерлер құрамын басқарудың нақты өлшемі немесе өлшемдер жиынтығының жағдайын, тиімділігін анықтау болып табылады. Ал қызметкерлер құрамын басқаруға байланысты қызметтің жалпы ұйымдастырушылық тиімділігімен өзара қатынаста аудит басқару жүйесін қарастырады.

Сыртқы жағдайдың өзгеруі осы кемшіліктерді анықтағанға дейін кадрлық аудитті пайдалану қызметкерлер құрамын басқару барысындағы осал тұстарды табуға және жоюға мүмкіндік береді, сондай-ақ ұйымдастыру рыногына шығаруға дәрменсіз болып табылады. Едәуір жоғарылау үрдісі бар қызметкерлер құрамын

басқару жұмыстары көлемінің көптігіне және күрделілігіне қарай: аудит тәсілдері, олардың ықтимал нұсқалары, саны және жиынтығы анықталады.

Кадрлық аудит бизнесті дамыту, ұйымдарды реформалау бағдарламаларын әзірлеу туралы стратегиялық шешімдерді, жекелеген ұйымдастырушылық және кадрлық өзгерістерді қабылдауға дайындық мақсатында жүргізіледі. Сонымен қатар ұйымды бұдан бұрынғы реформалау кезеңіндегі кадрлық аудитті осы құрылымды реформалау үдерісінде де мақсатқа сай қолдану қажет. Қызметкерлер құрамын басқару қызметін реформалаудың маңызды элементі реформалардың өтуін бақылау ретінде және ұйым жұмысының жиі өзгеретін жағдайларына тұрақты сәйкестігі ретінде оның нәтижелерін қадағалау болып табылады.

Кәсіпорынның қызметкерлер құрамын басқару саласының жұмыстарын ұйымдастыруды диагностика бойынша ішкі және сыртқы аудит деп бөлуге болады. Сыртқы кадрлық аудит сыртқы мамандардың немесе ұйымдардың көмегімен, ал ішкі – ұйымның өзінің қызметкерлерінің күшімен жүргізіледі.

Сыртқы кадрлық аудит Қазақстанда тек даму үстінде. Алайда көптеген жағдайларда осы қызмет түрінде қызметкерлер құрамының психологиялық ерекшеліктері, жұмыс топтарын үйлестіру, қызметкерлер құрамын негіздеу, шіеленіс жағдайларының орын алуы, басшылық стилі кең көлемде зерттелмейді және бір жолғы болып табылады. Ал мұндай зерттеулердің нәтижелері нашар қалыптасып, кешенді және ұзақ мерзімді сипатқа ие болмайды, ал зерттеулердің өзі қызметкерлер құрамы жұмысының әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің диагностикасын және ұйымның даму стратегиясымен осы жұмыстың байланысын қамти алмайды. Осы текше кеңес беру қызметі рыногында әлі де еркін дамуда.

Бір жағынан, кадрлық аудитті ұйым мамандары да жүргізе алуы мүмкін. Қазіргі уақытта жекелеген ірі фирмалар мен ұлттық компаниялар қаржы саласындағы аудиторлық бөлімшелерге ұқсас ішкі ұйымдастырушылық бақылау бригадаларын құра бастады. Мұндай бригадалар, әсіресе, қызметкерлер құрамын басқару қызметі өңірлік немесе облыстық офисте орталықсыздандырылғанда қажет. Ұйым ішкі аудиторлардың көмегімен басқарудың жүйелі тәжірибесін ҚҚБ-ның әртүрлі жерлерде бірнеше офистері болған жағдайда да сақтауы мүмкін. Мұндай жағдайда бақылау бригадасының болуы қимыл бірлігіне ықпал етеді және сыртқы аудиторлық тексерулер арасында өзін-өзі тексеруді немесе мониторингті (бақылауды) жүзеге асырады. Өйткені, аз мамандандырылған кәсіпқойлар арасында ұсынылған осы қызмет түрінің сапасына алаңдауға және күдікпен қарауға итермелейді, онда өз күштерімен кадрлық аудитті жүргізуге өте абай болуы қажет. Тек өз мүмкіндіктерін шынайы бағалай отырып, қазіргі болмыс талаптарына сәйкес келетін, қажетті білімі бар білікті мамандардың болуы кадрлық аудиттің өз бетінше жүзеге асуына көмектеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Arthur J.B. (1994) Effects of human resource systems on manufacturing performance and turnover". *Academy of Management Review*, 37 (4), Pp.670 - 687.
2. Huselid M.A. (1995) The impact of human resource management practices on turnover, productivity and corporate financial performance. *Academy of Management Journal*. 38 (3). Pp.635 — 672.
3. Becker B.E., Huselid M.A., Pickus P.S. and Spratt M.F. (1997) HR as a source of shareholder value: research and recommendations. *Human Resource Management*. Spring. 36 (1). Pp. 39-47.
4. Попова Л. Кадровый аудит как система оценки человеческого потенциала компании // *Кадровый вестник* №2. 2000.
5. Робертсон Дж. Аудит / Пер. с англ. М., 1993. С.4.
6. Олегов Ю.Г. Аудит и контроллинг персонала / Ю.Г. Олегов, Т.В. Никонова. - М.: Экзамен. - 2004. С.34.

Қазақстан Республикасындағы парламенттің саяси дамуы

Аймен ҚҰРМАНҒАЛИ,

саяси ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың теориялық және қолданбалы саясаттану кафедрасының доценті м.а.

КСРО-ның құлауымен бірге саяси тарихтың бір дәуірі келмеске кетті десек те болады. Алып державаның орнына жаңа тәуелсіз мемлекеттер пайда болды. Жаңа мемлекеттерді халықаралық бірлестіктердің толыққанды мүшесі ретінде мойындауы жаңа басқару жүйелерінің пайда болуына әкеп соқты. Алайда, саяси трансформация процесі бұрынғы жүйенің ауысуы мен жаңа мемлекеттік билік институттарының енгізілуін бір мезгілде жүзеге асырған жоқ. Оның үстіне тоталитарлық мемлекет Үкіметті – Министрлер Кеңесін, Парламенті – Жоғарғы Кеңесті өзінің құзырында ұстады. Бұл саяси аббревиатураның артында жасырын түрде коммунистер партиясының талаптарын қанағаттандыратын саяси институттар болғаны да шындық.

Жаңа тәуелсіз мемлекеттер алдында тұрған басты мақсат өздерінің жеке басқару жүйесін құру болатын. Әсіресе, бұл процесс ауыртпашылықсыз трансформацияның дайын жобасы жоқтығынан аса қиынға соқты.

Алайда, барлық билік элитасының саяси дамудың бағытын анықтауына орай, соған сай жаңа билік институттарын құру көзделген болатын. Ал бұл мақсатылық пен сабырлылықты талап етті. Вестернизация модернизация орнату тәсілі ретінде Латын Америкасы және Африка елдері тәжірибесінде жеңіліс тапты. Сондықтан, саяси процестер Қазақстан Республикасы саяси жүйесінің жаңа институтализациясымен байланысты өзгеріске түсті: біріншіден, жалпы трансформацияны; екіншіден, арнайы саяси шешімдер қабылдауды талап етті; үшіншіден, олар уақытылы және ауыртпалықсыз өтуге тиіс еді. Қарастырылып отырған бұл принциптер саяси институттарға – президентура мен заң шығарушы жиналысқа бірдей дәрежеде әділетті шешім болатын.

Жоғарыда атап өткендей, тоталитарлық басқару жүйесінде Жоғарғы Кеңес секілді квазипарламент жұмыс атқарды. Саяси қайталану принципі бойынша кеңестік республикалардың бәрінде біртүрлі жергілікті мемлекеттік басқару органдары құрылды. Солайша, Қазақ ССР-да да өзінің Жоғарғы Кеңесі және басқалай мемлекеттік билік институттары болғаны белгілі. Әрине, бұл сияқты театрландырылған демократияның артында шынайы саяси билік болған жоқ. Қазақ ССР-ының Жоғарғы Кеңесі тоталитарлық мемлекеттің орталық билігіне тәуелді болды. Сондықтан, оның өз бетімен шешім қабылдауы, әсіресе, саяси басқару саласында, мүмкін емес еді.

Алайда, 1991 жылы 16 желтоқсанда өзінің тәуелсіздігін жариялағанымен, әлемдігі саяси сахнада өзін егемен мемлекет ретінде танытқанымен, КСРО-дан қалған кейбір саяси институттарды сақтауға мәжбүр болды. Олардың кейбіреуі жаңа саяси міндет алды, және жаңа саяси жүйеде аса маңызды рөл атқарды. Бұл жерде әңгіме парламент және президенттік басқару жайында. Енді біз қазақстандық саяси жүйенің мемлекеттік биліктің толыққанды заң шығарушы органы ретінде парламенттің қалыптасу процесінің толыққанды сараптамасын баяндап бермекшіміз.

Парламенттің жаңару процесінің негізгі мақсаты – оны толыққанды және тәуелсіз саяси мемлекеттік басқару институты ретінде құру болатын. Осы орайда қарастырылып жатқан мәселемізге кішігірім түсініктер бере кетпекшіміз. Қазақстан өз модернизациясын бірте-бірте және сатылап жүргізу жолын таңдады. Сол себепті тәуелсіздік алсақ та бұрынғы көптеген саяси институттар әлі де болса өз жұмыстарын атқара берді, ал олардың алмасуы эволюциялық өзгірістер арнасында өтті. Бұл Қазақстан Республикасының заң шығарушы билік органының даму процесінде тиімді болды.

Біздің еліміздегі парламенттік жүйенің мән-маңызын арттырып, күрделі өзгерістерге түсірген 1995 жылғы жаңа Ата Заманымыздың қабылдануы. Жаңа Конституция негізінде парламент екі палатадан құрылды: ол Сенат және Мәжіліс. Заң шығарушы жиналыстың Сенат – жоғарғы, ал Мәжіліс – төменге палатасы.

Жаңа палаталардың әрқайсысы өзінше және өз міндеттеріне сай құрылды. Сенат депутаттарына үш жылдық жергілікті ценз енгізілді, және олар жергілікті мәслихатта жанама дауыс беру принципі арқылы сайланды. Сайлау жүйесі осылайша өзгерді.

Мәжіліс сайлауында жергілікті ценз талап етілмеді. Заң шығарушы органдарға депутаттар құпия дауыс беру арқылы сайланды. Сенатқа өту үшін барлық дауыс берушілердің кемінде 10 пайызға жетуі талап етілді. Бірақ әр дауыс беруші, өз дауысын тек бір ғана кандидатқа бере алады [1]. Мәжіліске депутаттыққа түсуге қолдау тізімінің шешімі қажет емес. Бұл талап кандидаттардың жоғарғы палатаға өтуіне шек қойды, ал бұған қарама-қарсы төменгі палатаға өтуіне мүмкіндік көбейді.

Саяси тұрғыдан қарастырсақ, Сенатқа депутаттыққа ұсынылатын кандидаттар қатары азайып, бұған керісінше Мәжіліске өтпекші кандидаттар саны күрт өсті. Сайлау процесі басекелестіктің өсе түскендігін байқатты. Жоғарғы палата жергілікті жерлердегі сайлаушылардың көзқарасын қорғады, ал төменгі палата бүкіл қазақстандықтардың көзқарасын қарастырады.

Қазақ мемлекетінің басты саяси бағыты демократия болғандықтан да оның негізгі мақсаттарының бірі халықаралық дәрежеде мойындалған стандарттарға сайкес келетін толыққанды заң шығарушы орган қалыптастыру. Дүниежүзілік тәжірибеде парламент сынды саяси институттардың дамуы саяси партиялардың, қоғамдық қозғалыстардың, азаматтық қоғамдардың саяси мәдениетінің өсуіне байланысты.

Жоғарыда айтылғандай парламентаризм – мемлекеттік күшті заң шығарушы органының осы заманғы демократиялық саяси жүйесінің бөлінбес бөлшегі.

Тек қана парламенттік емес, сондай-ақ жартылай президенттік, президенттік республикалар да, тіпті конституциялық монархиялар да көбінесе пропорционалдық өкілдіктер негізінде қызмет атқарытын ықпалды заң шығарушы органдарын қалыптастыруда.

Бұл жағдайдың халықаралық тәжірибеде қалай жүзеге асырылып жатқандығы жоғарыда айтылды. Партиялық тізімдер жолымен демократиялық негізде жасақталған заң шығарушы органдар қалыптасқан жағдайда, саяси ұсыныстар партиялық фракциялардан келіп түсіп, іске асады. Атқарушы биліктің жоғарғы органы – Үкімет – көп ретте парламент алдында есеп береді және парламент арқылы қалыптасады.

1998 жылғы заң шығарушы органдарға қатысты конституциялық өзгерістер және олардың 2007 жылғы жалғасы қоғамдағы демократиялық жалпы процестермен қатарласа жүргізілуі жұртжылық тарапынан қызу қабылданды.

Сонымен қатар Қазақстанның мемлекеттік билігіндегі саяси институттарының дамуы мен өркендеуін айрықша атап өткен орынды. Анығында экономика саласының дамуы – демократия құндылықтарының дамуы мен оның нығаюу принциптеріне жол ашты.

Саяси мәдениет пен саяси сананың дамуы мен өсуі Қазақстанның саяси жүйесіндегі парламент институтының жолы ашылып, бірте-бірте қалыптаса бастағандығына жарқын мысал. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың президенттік-парламенттік басқару жүйесін жариялауы да осы оң өзгерістердің заңды жалғасы.

Саяси тұрғыдан алғанда, өзге де конституциялық өзгерістермен қатар 1998 жылы қабылданған еліміздің заң шығарушы органдарының саяси құрамына төмендегідей жаңалықтар енгізілуі партиялық парламенттің жасақталуына негіз қалады. 2007 жылы көктемдегі президент жолдауы Қазақстанның саяси тарихында, оның ішінде парламенттің дамуында жаңа бетбұрыс болды.

Біз еліміздегі парламенттің даму процесін қарастыратын болсақ, оны эволюциялық алға ұмтылыс – құбылыс деп бағалаймыз. Бұл біздің ойымыша мемлекеттің бүкіл саяси жүйесінің дамуын бейнелейтін саяси процесс.

Біздің пайымдауымызша соңғы конституциялық өзгерістер:

- демократияландырудың жалпы процесіне;
- парламентаризм принциптері дамуының жалғасуына;
- саяси қажеттілігі жөнінен уақытылы және дер мезгілінде қабылдануына;
- барлық саяси жүйенің қалыптасуының тиімді және пайдалы болуына;
- Қазақстанның саяси партиялары дамуының жаңа кезеңі болуына;
- саяси тұрақтылықтың сақтауын қамтамасыз етуге;
- Қазақстан Халық Ассамблеясының жұмысына жаңа мүмкіндіктер беруге

данғыл жол ашты.

Тәуелсіз Қазақстандағы парламент институтының дамуы түрлі сайлау жүйелерінің ауысуы жағдайында жүріп жатты. Біз жоғарыда атап өткендей, қазіргі заманғы саяси ғылымда негізінен үш түрі сайлау жүйесі белгілі: мажоритарлық, пропорционалдық және аралас. Қазақстанда қалыптасқан ақиқатқа жүгінер болсақ, біз мынандай дәлелді айта аламыз: саяси даму процесінде сайлау жүйесі саяси уақыт талабына сай келетін түрлі өзгерістерге түсті, сонымен қатар, бұл өзгерістер заң шығарушы жиналыстың демократиялық тұрғыдан өзгеруіне ықпалын тигізді.

Жалпы модернизациялық процестің басқалай реформаларымен қатар, Қазақстанның саяси өзгеруі жоғарылау сызығы бағытымен жүріп жатыр. Бұл тікелей заң шығарушы парламентке де байланысты. Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы жылдары парламент депутаттары мажоритарлы жүйе бойынша сайлан-

ды. Бұл жүйенің сайлаушылар қатарының көптігі және қалың жұртшылықтың ой-пікірімен санасу сияқты жақсы жақтарына қоса, бірқатар кемшіліктері де болғаны аян. Алайда, біздің көзқарасымыз бойынша оның сол кезеңдегі Қазақстан үшін ең бір ыңғайлы сайлау жүйесі болғаны да ақиқат. Өйткені, пропорционалдықты енгізу саяси тұрғыдан ертелеу еді.

Пропорционалды жүйеге көшудің негізін құрайтын басты элементтер: дамыған көппартиялық жүйе, ықпалды саяси партиялар, жоғарғы дәрежедегі саяси мәдениет, толыққанды азаматтық қоғам және т.б. Ол кезде осы факторлар жаңадан ғана қалыптасып келе жатқанын атап кетеміз. Әрине, сайлаудың пропорционалды жүйесін баяғыда-ақ енгізсе болар еді, бірақ ол енді ғана қалыптасып келе жатқан қазақстандық демократияның жағдайында тиімді болар ма еді? Біздің ойымызша, бұл мәселені саяси тиімділігі жағынан қарастыру қажет, өйткені саясат – бұл ең тиімді саяси шешімдерді іздеп, тауып, қабылдау. Соңдықтан, саяси дамудың тиянақтылығы мен оны бірте-бірте енгізу принциптерін ескеретін болсақ, мажоритарлық жүйеден ойласып барып пропорционалды жүйеге ауысу ең тиімді саяси шешім. Оның үстіне бұл саяси жүйе – кіру-шығу жүйесі жұмысының уақытылы жүзеге асыруының әрі саяси тиімділігінің дәлелдемесі.

Азаматтардың саяси мәдениетінің және саяси партиялардың даму деңгейі сайлаудың пропорционалды жүйесінен гөрі, мажоритарлық жүйені қабылдауға мүмкіншілік берді. Халық партияларға қарағанда, белгілі бір тұлғаға ынтамен дауыс берді. Партиялар ол кездері әлі толық саяси институттар бола қоймаған. Қазақстандық партиялардың қалыптасуы әлі күнге дейін жүріп жатыр. Енді, мәжіліс пропорционалды жүйемен сайланатын кезде, төменгі палатада саяси партиялар, парламенттік фракциялар сияқты институттардың дамуының жаңа кезеңі басталмақшы.

Экономиканың жедел дамуы азаматтардың саяси мәдениетінің өсуіне ықпал етеді. 1998 жылы Конституцияға өзгерістер енгізілген еді, бірақ бүгінгі саяси жағдай жаңа талаптарды орындаудың күтеді. Посттоталитарлық Қазақстанның даму барысы төмендегідей ой түюге жетелейді.

2007 жылы еліміздің сайлау жүйесі – президенттік-парламенттік басқару жүйесіне өтті.

Жоғарыда айтылған айтулы оқиғаны бағалай әрі саралай отырып таяу болашақта біздің мемлекетіміздің тұтастай, біржолата парламенттік республика болуына мүмкіндік мол екендігің ерекше атап айтамыз.

ӨДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Жарлығы // Вести Казахстана, 30 қыркүйек, 1995 жыл.

Аймақтық басылымдардың имиджі

Назгүл ШЫҢҒЫСОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың БАҚ менеджменті және
жарнама кафедрасының доценті

Имидж тек адамға ғана тән түсінік емес, мекеменің де имиджі бар. Корпоративтік имидждің беріктігі мекеме қызметінің жемісті болуына ықпал етеді. Өзге мекемелердің имиджі БАҚ арқылы қалыптасады. Ал БАҚ-тың өз имиджін қалай қалыптастыруға болады?

Біз сөз еткелі отырған аймақтық газеттердің имиджі басылымның таралымын көбейтіп, жарнамадан пайда түсіруге әсерін тигізетін бірден-бір құрал. Ол аудиториямен тығыз байланыс орнату нәтижесінде біртіндеп қалыптаса бастайды. Имиджді қалыптастыру ұзаққа созылады, басылымның имиджі оқырмандардың санасына берік орнауы қажет. Г.Почепцов имидждің құрамдас бөліктерін шартты түрде мынадай бағыттарға бөледі:

- биологиялық (күш-қайраты мен агрессияны көрсету);
- коммуникативтік;
- әлеуметтік;
- мифологиялық;
- кәсіби;
- контекстік [1].

Имиджді бұлайша жіктеп, жіліктеудің себебі оның бұқаралық санаға әсер ету құралы болғандығынан. «Имидж ақпаратты өңдеудің нәтижесіне негізделген объектінің символикалық бейнесі» [2] демекші, аймақтық басылымдардың имиджін жасайтын оның журналистері болып табылады. Бір қызығы, облыстық газетті күнде оқитын оқырмандардың кейбірі басылымның журналистерін танымайды, материалды оқиды да, авторына көңіл бөлмейді. Сауалнамадағы «Қандай журналистердің мақалаларын қызыға оқисыз?» деген сауалымызға оқырмандардың 40 пайызы «Авторына көңіл аудармаппын» деп жауап берген. Олай болса, тек басылымның ғана емес, редакцияның имиджі де маңызды.

Редакцияның имиджін ішкі және сыртқы деп бөлуге болады. Сыртқы имидж оқырмандардың санасындағы журналистердің бейнесі, ал ішкі имидж қызметкерлердің редакцияға көзқарасы. Редакциядағы мәдениет редактордың басқару стилі, қабілеті мен журналистердің арасындағы сыйластыққа негізделген қарым-қатынастан байқалады. Тәжірибелі журналистердің редакцияға жаңадан келген жас мамандарды журналистікке баулып, көмек қолын созуы, жастардың оларды ұстаз тұтып, сыйлауы облыстық басылымдардың бәрінде де болған. Ішкі коммуникация жүйесінің беріктігі, редактордың журналистерді іске ынталандыруы, жалпы редакциядағы әлеуметтік-психологиялық жағдай осылайша журналистердің айшықты материалдар жазуына, ұжым еңбегінің жемісті болуына, журналистердің сыртқы ортамен де тиімді байланыс орнатуына ықпал етеді.

Журналистің сыртқы түр-тұлғасы да имидж қалыптастырады. «Сыртқы келбет аз уақыттың ішінде адамның мінез-кұлқын ашық бақылауға мүмкіндік беретін акпарат көзі», - дейді Э.Кондратьев, Р.Абрамовтар [3]. Егер журналист төмен жалақы алып, үйсіз-күйсіз жүрсе, қаламақы төленбесе, онда қандай көңіл-күй болмақ? Уайымға салынып, қаламы мұқалмай ма? Қорынып, сыртқы ортамен ашық қарым-қатынас жасай ала ма? Осындай қордаланған сауалдар әсіресе аудандық әкімшіліктерді ойландыруы қажет. Мекеменің имиджіне сондай-ақ, ғимараттың көз тартарлық әдемілігі, орналасқан жерінің ыңғайлылығы, өзіне ғана тән ерекшелігі жатады. Кейбір аудандық газеттердің редакциясы тұрақты жерде орналаспайды, редакция ұжымы ғимараттарды жалға алып, көшіп жүреді. Тозығы жеткен, сықырлаған ескі ағаш едендер еңсені басады.

Басылымның ажарлы, айшықты болуы да имиджін қалыптастырып, тиімділігін арттырады. «Газеттің безендірілуі қанағаттандыра ма?» деген сұрағымызға облыстық, аудандық басылым журналистері әр түрлі жауап берді. Кесте түрінде көрсетейік:

Байқап отырғанымыздай, журналистердің көпшілігі өзі қызмет істеп жүрген басылымның бет-бейнесін жақсартуға түсуді қалайды. Басылым қызметкерлерінің барға қанағат етіп отыра бермей, бүгінгідей жаңа акпараттық технологиялар дамып жатқан кезеңде ізденістерге ынталануы қуантады.

Кеңестік кезеңдегі газеттің безендірілуіне көз жүгіртсек, жоғары техникалық мәдениет талап етілгендігін, беттеу мен терудің техникалық дәлдігіне, клише мен иллюстрацияның сапасына, газет материалдарының түрлі элементтерінің безендірілуіне, басудың сапасына ерекше талап қойылғандығын байқаймыз. Газет тақырыбының техникалық орналасуына байланысты анық, оқуға қолайлы, нақты, қысқа да нұсқа болуы, жалпы композициясы шебер ойластырылған, шрифті өзге газеттерден ерекше, графикалық дәл болуы қатаң бақыланды. Кеңес одағы тұсында облыстық басылымдардың безендірілуі егіз қозыдай қалыптан ауытқымауы тиіс еді. Облыстық газеттердің безендірілуін Қазақ КСР Министрлер Кеңесі мемлекеттік комитетінің мерзімді басылым бөлімі қадағалайтын. 1969 жылғы облыстық газеттерге шолудан мысал келтірейік. Бұл жылы республикада орыс, қазақ тілдерінде 16 облыстық газет шығып тұрған екен. Техникалық сапасына байланысты жақсы безендірілген газеттер ретінде: «Коммунизм» жолы, «Көкшетау правдасы», «Еңбек туы» басылымдары аталған. «Оңтүстік Қазақстан» газетіне «қанағаттанарлық» деген баға берілсе, «Коммунистік еңбек», «Ленин

Кесте 1

Респонденттердің санын пайызға шаққанда

реті	Басылымның аты	Қанағаттандырады	Қанағаттандырмайды (өзгертімі келеді)
1	Облыстық «Жетісу» газеті	60	40
2	Аудандық «Жаркент өңірі» газеті	50	50
3	Аудандық «Кербұлақ жұлдызы» газеті	50	50
4	«Алатау» газеті	50	50
5	«Халық» газеті	20	80
6	«Талдықорған» газеті	30	70

жолы» газеттеріне көркем-техникалық талаптарға сай емес деген баға берілген. «Ленин жолы» газетінің тақырыбы нашар безендірілген, сызықшалар көп деген сындармен қатар, газеттің шыққан кезеңін шығарылған күннің үстіне қою керек деген ұсақ-түйек ескертпелерді де кездестірдік [4]. Материалдарының терілуіне байланысты «Көкшетау правдасы», «Коммунизм жолы», «Еңбек туы», «Оңтүстік Қазақстан» газеттері – «жоғары», «Орталық Қазақстан», «Орал өңірі» газеттері – «қанағаттанарлық», қалған газеттер – «төмен» деген баға алған [5]. Негізгі кемшіліктер ретінде мәтіннің дұрыс терілмеуі, сөздер арасындағы қашықтықтың өте үлкендігі, мәтін бағанының оң жағындағы тігінен жүргізілген сызықтың қисықтығы, диалогтағы сызықшаның қойылмауы сияқты кемшіліктер тізбеленген. Қызылорда облыстық «Ленин жолы» газетіне «кестелерді өте сауатсыз қолданған» деген айып тағылады [6].

Біздің байқағанымыз, көптеген газеттердің ұраны өте ірі шрифтпен терілген екен. Газеттердің безендірілуінен де саяси сипат іздеген кеңес одағы келмеске кетті. Әйтсе де газет тақырыбын мәтіннен бөліп, оқырман назарын аударатындай етіп көрсету, безендірудегі жүйелілік, көркемдік, суреттердің жоғары сапасы, тақырып, мәтінмен сәйкестігі, техникалық тұрғыдан дәл, ұқыпты беттеу деген сияқты талаптар бүгін де маңызды. Біз өз тарапымыздан «Коммунистік еңбек», «Ленин жолы», «Коммунизм жолы» газеттеріндегі материалдардың орналасуына, шрифтіне, суретпен безендірілуіне назар аудару барысында, тақырыптардың нашар безендірілгенін, мәтінді жолдарға бөлудегі ретсіздікті, бағандар арасындағы сызықтардың сәтсіз орындалғанын байқадық. «Еңбек туы», «Оңтүстік Қазақстан» газеттері біршама жақсы безендіріліпті, иллюстрациялары жақсы.

Газет шығарудағы қорытынды және күрделі процесс болып табылатын басып шығару сапасыз болса, редакция ұжымының, типографияның еңбегі далаға кетеді. Типография ісіне қатаң техникалық талаптар қойылған, қойыла да береді. Басып шығарудың анық, бояудың біртекті болуы, жиектің көлеміндегі ауытқулардың болмауы, сурет, әріптердің баттаспауы, әріп, сөз, жолдардың арасындағы арақашықтықтардың реттілігі, бояудың қағаздың артқы бетіне өтіп кетпеуі сияқты талаптарға байланысты жоғарыдағы шолуда «Коммунизм жолы» газетіне төмендегі сындар тағылған: мәтінді бояу анық емес, жолдар лас, кейбір сызықтар анық көрінбейді, беттің жиектері нормативке сай емес. «Орталық Қазақстан» газеті де дәл осындай, бояу тең бөлінбеген, мәтінді басу баттасқан, оқуға қиындық туғызады. Өзге де облыстық газеттерге берілген бағаларға көз жүгіртейік:

«Оңтүстік Қазақстан» газеті анық басылған, бояуы қанық, алайда кейде лас, бояу қағаздың екінші бетіне өтіп кетеді. «Көкшетау правдасының» басылуы қанағаттанарлық, мәтіннің, сызықтың, тақырыптың кейбір жерлері нашар басылған, кейбір жерлеріне бояу қатты жағылған. «Коммунистік еңбек» газетінде басып шығарудың сапасы қанағаттанарлық, суреттердің бояуы солғын, кейбір мәтіндердегі әріптердің бояуы баттасқан, лас. «Орал өңірі» газетіндегі мәтін мен суреттердің басылуы сұрғылт. «Ленин жолының» басылуы қанағаттанарлықсыз, газет сапасыз, сұрғылт, былғаныш, суреттер нашар, «Еңбек туының» мәтіндері лас басылған [7].

КСРО Министрлер Кеңесі баспа ісі жөніндегі Комитетінің 1967 жылы 3 ақпанда бекітілген бұйрығын бұзғаны үшін әрине облыстық басылымдарға қатаң ескерту беріліп, бұл кемшіліктерді тез арада түзету талап етілді.

Аймақтық басылымдардың имиджіне көптеген мәселелердің ықпал ететіндігін байқадық. Имидж құрудағы басты элементтерді кесте түрінде көрсетейік:

Кесте 2

Бір рет қалыптасқан газет имиджі ұзақ уақыт сақталады, тек оны үнемі дамы-

Редактордың имиджі

Визуалды имидж
(ғимараттың безендірілуі,
қызметкерлердің сыртқы
келбеті)

Журналистердің
имиджі

Аймақтық басылым имиджі

Газеттің безендірілуі,
айшықты материалдар

тып отыру қажет. Әсіресе, аймақтық басылымдар ақпараттық технологияларды жете меңгеріп, уақыт көшінен қалмай, ақпаратты жедел берудің, газетті айшықты безендірудің әдіс-тәсілдерін үйреніп, оқырманды қажетті ақпаратпен қамтамасыз етумен қатар, корпоративтік имиджге де жиі көңіл бөлгені абзал.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Почепцов Г.Г. Паблик рилейшнз для профессионалов. М., 2000. С.175.
2. Э.В.Кондратьев., Р.Н.Абрамов. Связи с общественностью. М., 2003. С. 126.
3. Э.В.Кондратьев., Р.Н.Абрамов. Связи с общественностью. М., 2003. С. 135.
4. Обзор качества оформления и полиграфического исполнения областных газет Казахстана – отдел периодической печати государственного комитета Совета Министров Казахской ССР по печати. Алматы, 1969.
5. Бұл да сонда, 10 бет.
6. Бұл да сонда, 12 бет.
7. Бұл да сонда, 19 бет.

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің саяси аспектілері

Салтанат СТАНБАЕВА,
ҚР Парламенті Мәжілісі Аппаратының Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің қызметін қамтамасыз ету бөлімінің бас консультанты

Адамзат дамуының қазіргі кезеңі экологиялық проблемалардың шиеленісуімен сипатталады. Сондықтан экологиялық проблемаларды саяси және әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды факторы ретінде ғылыми тұрғыдан қарастыру ғылыми-практикалық маңызы бар өзекті теориялық міндеттердің бірі болып табылады. Экологиялық проблемалардың өзекті саяси және әлеуметтік мәселе ретінде қарастырылуын бірқатар себептермен түсіндіруге болады. Біріншіден, қоршаған ортаға антропогендік әсер қоғамдық өмірдегі әлеуметтік және саяси өзгерістер нәтижесінде туындайды. Сонымен қатар, адамның шаруашылық іс-әрекеті нәтижесінде өзгеріске ұшыраған табиғи орта адамның денсаулығына, қауіпсіздігіне және қоғамның одан әрі дамуына тікелей әсер етеді. Бұл ғалымдарға қоршаған ортадағы ғаламдық өзгерістерді әлеуметтік факт ретінде қарауға мүмкіндік берді [1, с. 77]. Екіншіден, экологиялық фактордың адамзат қоғамының одан әрі тұрақты дамуын айқындайтын факторлардың біріне айналуы экологиялық саясаттың саяси қызметтің ғылымды көп қажет ететін және арнайы мамандандырылған саласына айналуына ықпал етті [2]. Үшіншіден, экологиялық проблемаларды шешуге бағытталған технологиялық, философиялық, экономикалық және өзге де шешімдердің көптігіне қарамастан, осындай ғылыми ізденістердің нәтижелерін үйлестіре пайдалануды көздейтін бірегей тәсілдің болмауы қабылданған шаралардың тиімділігін төмендетеді.

Экологиялық мәселелерді қоғамның саяси дамуы тұрғысынан қарастыру қоғам дамуына қатысты қазіргі заманғы зерттеулердің негізі болып табылады. Олардың тұжырымдарына сәйкес ғаламдық экологиялық дағдарысты «бейімделу дағдарысы» ретінде қарастыруға болады [3, 4, 5]. Осы орайда адамның кең ауқымды шаруашылық қызметі нәтижесінде қоршаған орта ғана емес, сонымен қатар қоғам да үлкен өзгеріске ұшырады. Адамның өзі және қоғамдық институттар осындай жаңа өзгерістерге және олардан туындайтын әлеуметтік құбылыстарға бейімделе алмауда. Осы тұрғыдан алғанда, ресей ғалымы Н.Г.Рогожина бейімделу дағдарысын, атап айтқанда экологиялық дағдарысты, біріншіден, қоғамдағы негізгі саяси институттардың, әсіресе мемлекеттің дағдарысы ретінде, яғни саяси жүйенің және саяси институттардың адамзат дамуының қазіргі кезеңіне сәйкес келмеуі деп пайымдайды. Екіншіден, қоғамдағы саяси жүйе құндылықтарының

үйлеспеуі салдарынан туындайтын мәдени дағдарыс ретінде қарастыруға болады деп санайды [6].

Қазіргі кезде адамзат дамуының басты проблемасы - жер бетінде тіршілікті сақтап қалу, оның одан әрі дамуына қолайлы жағдайлар туғызу. Аталған мәселенің өзектілігі адамның табиғи ортаны өзгертуіне негізделген ғаламдық проблемаларға, адам әлеуетінің қазіргі жағдайына байланысты болып отыр. Ресей ғалымы, философия ғылымдарының докторы А.М.Ковалевтің пайымдауынша, ғаламдық проблемалардың біріншіден, адамның ішкі дүниесіне, яғни адамның биологиялық түр ретінде сақталып қалу мәселесіне; екіншіден, қоршаған орта жағдайына; үшіншіден, адам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасы мәселесіне тікелей қатысы бар. Ғаламдық проблемалар адам мен табиғат арасындағы тепе-теңдік пен үйлесімділіктің адамның кінәсінен бұзылуы салдарынан болып отыр [7, с.11].

Ғаламдық проблемаларды шешуде саяси ғылымдар барлық елдер бірлесіп іс-қимыл жасауы керек деген қағиданы ұстанады, өйткені экологиялық тұрақтылықты шағын аймақтарда қамтамасыз ету мүмкін емес. Ауа бассейнінің және су ресурстарының ластануы, озон қабатының жұқаруы, климаттың өзгеруі және басқа да проблемалар бүкіл адамзат үшін ортақ проблема болып табылады. Аталған қағиданың нақты көрінісі ретінде әлемдік қауымдастықтың қоршаған орта мен қоғам дамуы арасындағы байланысты тереңірек түсінуге бағытталған бас қосуларды айтуға болады. 1972 жылы Стокгольмде қоршаған орта және даму жөніндегі алғашқы халықаралық конференция өткізілді. Алғаш рет жоғары саяси деңгейде әлемдік қауымдастықтың қоршаған ортаны қорғау саласындағы позициясы тұжырымдалды, онда қоршаған орта жағдайын жақсарту мен сауықтыру халықтың денсаулығына және әл-ауқатына ықпал ететін маңызды проблемалардың бірі болып табылады делінген. Конференцияның жұмысы нәтижесінде үш құжат қабылданды, атап айтқанда Стокгольм декларациясы, іс-шаралар жоспары және ұйымдастыру-қаржы шешімдері.

Конференцияның қорытындысы бойынша БҰҰ-ның қоршаған ортаны қорғау мәселелерімен айналысатын тұрақты органы - ЮНЕП құрылды. Оның қызметінің басты бағыттары экология және қоршаған ортаны қорғау саласында ғылыми зерттеулер ұйымдастыру; экологиялық ақпаратты тарату; қоршаған ортаны қорғау саласындағы келісімдердің орындалуын бақылау; ауыз суының сапасын бақылау, экологиялық таза және табиғи ресурстарды үнемдейтін технологияларды тарату болып табылады.

1992 жылғы маусым айында Рио-де-Жанейрода БҰҰ қоршаған орта және даму жөніндегі екінші халықаралық конференциясы өткізілді. Конференцияның басты мақсаты тұрақты және экологиялық қауіпсіз даму стратегиясын айқындау болды. Конференцияның басты жетістіктерінің бірі ретінде «XXI ғасырға арналған күн тәртібі» атты құжаттың қабылдануын айтуға болады. Аталған құжат экологиялық қауіпсіз жолмен даму стратегиясын әзірлеу және жүзеге асыру жөніндегі бағдарлама болып табылады.

Рио-де-Жанейродағы конференция барысында әлемдік қауымдастық қазіргі қоғамдық дамудың тұғырыққа алып келетіндігін мойындап, жаңа даму парадигмасы - тұрақты даму тұжырымдамасын ұсынды.

Тұрақты даму тұжырымдамасының мәні болашақ ұрпақтардың қажеттіліктеріне зиян келтірместен, адамзаттың қазіргі уақыттағы қажеттіліктерін қанағаттандыру

екендігі айқындалды. Адамзат тұрақты даму жолына өту үшін дамудың экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілерін үйлестіру көзделді. Мемлекет деңгейінде қабылданатын барлық саяси шешімдер ең алдымен экологиялық тиімділік тұрғысынан қарастырылуға тиіс. Тұрақты даму стратегиясын ғаламдық деңгейде жүзеге асыру үшін дамыған елдер мен дамушы елдер арасындағы теңсіздікті жою, қоршаған ортаның ластануын қалыпты деңгейге келтіру, халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету, кедейшілік деңгейін төмендету сияқты бірқатар әлеуметтік мәселелерді бірлесе шешуді көздейді.

Мемлекеттердің тұрақты дамуға көшуінің басты шарттарының бірі - халықаралық қауымдастықтың барлық мүшелерінің бірлесіп іс-қимыл жасауы. Алайда, ресей ғалымы Е.И.Глушенкованың ойынша, тұрақты даму тұжырымдамасын жүзеге асыру дамыған елдерде қалыптасқан қажеттілікті қанағаттандыруға қайшы келеді, өйткені оңтүстіктегі дамушы елдердің қажеттіліктерін солтүстіктегі дамыған елдердің деңгейіне жеткізу мүмкін емес. Сондықтан Солтүстіктегі индустриалдық дамыған елдердің элитасы әлемдік қауымдастықтың қоғамдық қатынастардың өзімен емес, олардың табиғатты бұзатын экологиялық салдарымен күресуде қол жеткізді. Қоғамдық тәртіппен қолда бар тәсілдермен күресу тұрақты дамуға ғаламдық өту процесі мемлекеттер арасындағы теңсіздікті жоюдың орнына, оның артуына әкеп соғуда [8, с.59].

Тұрақты даму тұжырымдамасы әрбір мемлекет, аймақ деңгейінде де жүзеге асырылуға тиіс. Белгілі бір аймақтағы тұрақтылық ондағы мемлекеттердің бірлесіп қабылдаған іс-қимылдары арқылы ғана жүзеге асырылады. Мысалы, әлемдік қауымдастық жиыrmасыншы ғасырдағы ең ірі апаттардың бірі деп таныған Арал теңізінің дағдарысы Орталық Азия мемлекеттері үшін ортақ проблема болып табылады. Арал теңізінің құрғауы бірқатар экономикалық және әлеуметтік мәселелердің туындауына әкеп соқты. Арал теңізі дағдарысының салдарын бірлесіп шешу қажет, өйткені әрбір мемлекеттің аталған проблемаларды дербес шешуі үлкен экономикалық шығындарға әкеп соқтырады.

Арал апаты сияқты бірқатар экологиялық мәселелердің өз шешімін таппауы Орталық Азия мемлекеттері арасында дау-жанжалдың туындауының нақты көзі болып табылады. Мысалы, Орталық Азия елдеріндегі халықаралық экологиялық ұйымның консультанты Р.Болтридің пікірінше, су ресурстарын пайдалану мәселесі осы өңірде дау-жанжалдың артуына әкеп соқтыруы мүмкін. Оның ойынша, негізгі даулы жағдайлар Арал теңізі айналасында туындауы мүмкін. Атап айтқанда, Сырдария және Амудария өзендерінің суларын пайдалануға байланысты Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түрікменстан арасында өңірлік жанжал туындауы мүмкін. Іле өзені мен Балқаш көлі Қазақстан мен Қытай арасында халықаралық жанжалға әкеп соқтыруы мүмкін. Ал Талас өзені Қазақстан мен Қырғызстан арасында жергілікті жанжалдың туындауына себепкер болуы мүмкін [9].

Ресей ғалымы, философия ғылымдарының докторы А.И.Костиннің пайымдауынша, дүниежүзілік саясаттағы кейбір жетекші елдердің мемлекеттердің егемендігіне, халықаралық құқыққа, ірі халықаралық ұйымдардың беделіне немқұрайлықпен қарауы тұрақты даму тұжырымдамасын іске асыру үшін бірлескен іс-қимылдарды жүзеге асыруға қажетті шарттарды бұзып отыр. Мұның дәлелі ретінде дамушы және дамыған елдер арасындағы айырмашылықты, халықаралық көші-қон ауқымын айтуға болады [7, с. 6-7].

Экологиялық проблеманың өзектілігі әлемдік қауымдастықтың және жекелеген мемлекеттердің саяси өмірінде тиісінше өзгерістер алып келді. Бұл өзгерістердің нәтижесі ретінде мыналарды айтуға болады: экологиялық саясаттың мемлекеттің жалпы саясатында дербес тармақ ретінде дамуы; халықаралық арнайы мамандандырылған үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдардың құрылуы (дүниежүзілік табиғат қоры, Табиғатты және табиғи ресурстарды қорғаудың халықаралық одағы, ЮНЕП, Рим клубы, Қоршаған орта мониторингінің ғаламдық жүйесі, Халықаралық геосфера-биосфералық зерттеулер, ТМД елдерінің мемлекетаралық экологиялық кеңесі); әлемдік қауымдастықтың бірлескен іс-қимылдары (Қоршаған орта және даму жөніндегі халықаралық конференция, Стокгольм, 1972 ж., Рио-де-Жанейро, 1992 ж., тұрақты даму жөніндегі дүниежүзілік саммит (Йоханнесбург 2002 ж.); бірқатар маңызды саяси шешімдердің қабылдануы (XXI ғасырға арналған күн тәртібі, тұрақты даму тұжырымдамасы, БҰҰ климаттың өзгеруі жөніндегі конвенциясы және т.б.).

Жоғарыда айтылғандар негізінде қазіргі уақытта экологиялық проблематика саяси өзгерістер факторына айналғандығы жөнінде қорытынды жасауға болады. Мысалы, экологиялық проблемалардың ғаламдық деңгейде өзекті болуы дүниежүзілік саясатта белгілі бір үрдістердің қалыптасуына ықпал етті. Біріншіден, бұл – саясаттың экологиялануы. Ресей ғалымы, философия ғылымдарының докторы В.Н.Расторгуевтің пайымдауынша, саясаттың экологиялану дәрежесі ұдайы артуда, ол саяси қызметтің сыртқы түрлерінен ғана емес, оның архитекtonикасын, динамикасына және негізіне, саяси институттардың даму бағыттарына ықпал ету арқылы күшеюде. Оның пікірінше, «саясаттың экологиялануы – бұл саясаттың өзін-өзі түзетуінің ұзақ мерзімді бағдарламасы, ол құзыретті демократияға жол ашады» [10, с. 5].

Екіншіден, саясаттағы негізгі акторлардың ауқымы кеңеюде. Соңғы жылдары экологиялық және әлеуметтік бағыттағы ұлттық және халықаралық үкіметтік емес ұйымдардың позициясы нығаюда, олардың қызметінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ерекше орын алады. Бұл ретте, экологиялық қозғалыстың үлкен саяси күшке ғана емес, сондай-ақ азаматтық қоғамның негізгі институттарының біріне айналғанын атап өту керек.

Үшіншіден, дүниежүзілік және ұлттық саясатта экологиялық этика қағидаттарының орнығуы, яғни табиғатты ұтымды пайдалану саласындағы декларативті үндеулерден императивтік құндылықтарды басшылыққа алуы, бұл өз кезегінде барлық күш-жігерді ғаламдық қауіп-қатерге қарсы біріктіруге ықпал етеді.

Төртіншіден, тұрақсыздық факторының артуына байланысты саясат ғылымды көп қажет ететін салаға айналуға. Ұйымдасқан және циклдік жаңғырып отыратын табиғи және әлеуметтік-табиғи жүйелер сыртқы әсерлерге бірден жауап беруі, апаттардың болу ықтималдығы, біздің табиғат және осындай аса күрделі жүйелердің қызмет етуі туралы білімімізді ескеретін болсақ, бірден артады, осының барлығы саясатты ғылыми тұрғыдан қамтамасыз етудің мәртебесін арттырады, атап айтқанда жобалар мен бағдарламаларға жүргізілетін экологиялық сараптаманың мәнін арттырып қана қоймайды, сонымен қатар саясатты ғылыми қамтамасыз етуде пайдаланылатын әдістемелік аппараттың сапасына, дұрыстығына қойылатын талаптарды жоғарылатады – мұның барлығы экологияның талаптары [10].

Экологиялық қауіпсіздік саясатпен тікелей байланысты және қоғамның саяси өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады, экологиялық проблемалардың өзектілігінің артуы қоғамның саяси дамуына тікелей әсер етеді. Бұл үрдіс ғаламдық және ұлттық деңгейде байқалуда. Ол экологиялық саясаттың ұлттық және халықаралық саясаттың басым бағытына айналуы, экологиялық қозғалыстың саяси күшке ғана емес, азаматтық қоғамның негізгі институтына айналуы, мемлекеттік экологиялық саясаттың орталықсыздандырылуы арқылы көрініс табуға. Қоғам дамуының жаңа парадигмасы – тұрақты даму қалыптасты. Бұл тұжырымдама экономикалық, әлеуметтік және экологиялық саланы қамтиды, оларды біртұтас жүйе ретінде қарастырады. Аталған тұжырымдаманың экологиялық құраушысы қоршаған ортаға тигізетін антропогендік әсерді төмендетуді, атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі шараларды, жер ресурстарын тиімді пайдалануды көздейді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Прадес Х.А. Глобальные изменения в окружающей среде и современное общество // Социс. - 2000. - № 4. - С. 75-82.
2. Расторгуев В.Н. Наукоемкая политика: экологическое измерение (начало) // Вестник Московского университета. Серия 12. Политические науки. - 2006. - № 2. - С. 86-93.
3. Глушенкова Е.И. Проблемы формирования политической модели устойчивого развития России // Вестник Московского университета. Серия 12. 2002. - № 2. - С. 63-76.
4. Anderson W.T. To govern evolution. Further adventures of the political animal. - Boston, 1987.
5. Anderson W.T. Politics and environment. - Boston, 1970.
6. Рогожина Н.Г. Экологическая политика на рубеже веков: центр – периферия // Вестник Московского университета. Серия 12. Политические науки. - 1999. - № 3. - С. 23.
7. Глобальный кризис и проблемы мировой политики // Вестник Московского университета. Серия 12. Политические науки. - 2003. - № 3. - С. 5-65.
8. Глобальный кризис и проблемы мировой политики // Вестник Московского университета. Серия 12. Политические науки. - 2003. - № 4. - С. 47-119.
9. Казахстан глазами зарубежных экспертов-экологов // Казахстан и современный мир. - 2004. - № 4 (11). - С. 208-211.
10. Расторгуев В.Н. Наукоемкая политика: экологическое измерение (продолжение) // Вестник Московского университета. Сер. 12. Политические науки. 2006. - № 3. - С. 5-13.

Саяси ой тарихындағы халық өкілдігі идеясы

Қарғаш ЖАНПЕЙІСОВА,

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың теориялық және қолданбалы саясаттану кафедрасының ізденушісі

Саяси сайлау ең біріншіден билік бөлінісімен, сонымен қатар мемлекетке және оның саясатқа ықпал жасауымен, мемлекет органдарының құрылуымен тікелей байланысты. Сайлау саяси феномен ретінде өзінің жеке арнайы зерттеу мәселелеріне ие. Ең біріншіден, біз сайлауды казакстандық өтпелі және трансформацияланған қоғамдағы саяси демократия институты ретінде қарастырамыз. Осы мәселе Қазақстандағы демократия институттарының қалыптасуына үлкен әсер ететіні даусыз.

Саяси институттардың қоғамдық саяси өмірден бөлінуінен саяси ғылымның маңызды мәселелері туындайды. Саяси институттар көне дәуірден-ақ негізгі зерттеу объектісі ретінде қарастырылған.

Жаңа заман зерттеушілері қоғамдық келісім, саяси институттардың легитимділігі туралы идеяларымен танымал. Осы ой өзінің концептуалды бейнесін «келісілген» мемлекеттің пайда болу теориясында көрініс тапты. Осы теорияның дамуымен сайлаудың негізгі мәселесі туындайды: тәуелсіз сайлау екі жақтың, яғни билік пен халықтың жауапкершілігіне негізделеді. Бірақ, кейбір зерттеушілер сайлауды қоғамның келісіміне негізделгендіктен бір рет қана қолданатын акция билігі (Т.Гоббс «О гражданине», «Левиафан»), ал келесі ойшыл сайлауды заң шығарушы биліктің негізгі құралы ретінде қарастырған (Дж. Локк «Два трактата об управлении»). Үшіншілері нақты таңдалған тұлға немесе орган құқықтарын қарастырған (Ж.Ж.Руссо «Об общественном договоре», Ш.Л. Монтаскье «О духе законов»).

Халық билігінің ең мықты түрі - халық өкілеттігі екені туралы идея француз ойшылы Ш.Л.Монтескье еңбектерінде негізделген. Ж.Ж. Руссо, Ш.Л. Монтескьенің «халық құштарлығы» түсінігінің өзгеше анықтамасын береді: «Халық құштарлығы - ол берілгендік емес, әртүрлі талпыныстардың біріккен жиынтығы. Оны анықтау үшін жауапты орган қажет, ал ол халық өкілдерінің жиналысы болып саналады. Ш.Монтескьенің айтуы бойынша:

«Халық дұрыс емес шешімдерді қабылдауға қабілетті, және өз авторитетін өзге адамға сеніп тапсырады» [1].

Осы идеяны жалғастырушысы Дж.Локк пікірі бойынша, әр легитимді үкімет халықтың өз құқықтарын мемлекеттік билікке өз сенімін білдіруінен құрылады. Локктың айтуы бойынша, «заң шығарушы билік мемлекеттің жоғарғы билігі ғана емес, сонымен қатар қоғам сенім білдірген адам қолындағы қасиетті және өзгермелі органы болып табылады. Халық атынан сайланбаған биліктің күші болмайды» [2].

Легитимді билік - әділетті мақсаттар үшін ғана іс атқаратын, халық өкілдігінің жоғарғы билік түрі. Сондықтан, егер заңшығарушы билік халық сенімін ақтамайтын болса, онда халық оны жұмысынан босатуға немесе заң шығарушы органның құрамын өзгерту құқығына ие.

Бірақ Дж.Локк сонымен қатар мынандай пікірді де айтады: «Халық әрқашан барлығына риза бола бермейді, сондықтан халықтың тұрақсыз пікірін билеудің негізі ретінде қоюға болмайды. Егер халық билікке қанағаттанбай, қайта-қайта жаңа органдар құратын болса, онда ешбір мемлекет ұзақ өмір сүре алмайды».

Ж.Ж. Руссоның сайлау туралы пікірі өзгеше: мемлекет билікті халық атынан жүргізетін болса, онда ол халық үшін жұмыс атқару және өзінің жеке қызығушылықтарын емес, ортақ мүдде туралы ойлау қажет. Ж.Ж.Руссо «тура» немесе «плебисцитарлы» демократияның жақтаушысы болғандықтан өкілетті сайлауды сынайды. Өкілетті сайлау - элита және мемлекеттік құрылым ішіндегі халықтың нақты билігінің болмауына алып келеді. Ж.Ж.Руссо келесі қорытындыға келеді: «халық егемендігі ортақ еркіндікке байланысты, ал еркіндік өкілетті бола алмайды. Халық депутаттары оның өкілдері бола алмайды, олар тек оның атынан жұмыс атқарады да, ештеңені нақты қаулы ете алмайды» [3].

Сайлаудың маңызды мінездемелерін (саяси құқықтардың реттеу тәсілі ретінде) және оның осы аспектілерін XVII – XIX ғасырларда көтерілуі түсінікті. Әлеуметтік-экономикалық қатынастар дамуымен бірге саяси процесстерде өзгерістерге ұшырап, сайлау функцияларының тежелуіне әкелді. XX ғасырдың зерттеушілері либералды ойшылдардан кейін әрі қарай сайлауды зерттеп, оны киын әлеуметтік контексттегі қарама-қайшылық ретінде көрсетті. Қоғамдағы көпшіліктің әлеуметтік сайлау мәселесі туралы Герберт Маркузе (1898-1979) пікірі бойынша маңызды және шешуші фактор ретінде таңдаудың байлығы емес, нені таңдауға болады және кімді сайлауға болатыны шешуші фактор болып табылады. Г.Маркузе пікірінше: «егер еркіндік өмірдің әлеуметтік бақылауын қолдамайтын болса, онда кең және әртүрлі тауарлар мен қызметтердің ішінде еркін таңдау еркі білдірмейді» [4].

Ақпараттық қоғамның дамуы, басқару процесстеріндегі ақпарат ролінің артуы, құқықтық және мемлекеттік биліктің азаматтық қоғамға үлкен әсер етеді. «Ақпарат дәуірінде сайлау мәселесі басқару мәселесіне тікелей қатысты болып табылады» - деп ойын білдірген француз зерттеушісі, постмодернист Ж.Ф.Лиотар. Зерттеуші пікірінше: «егер кез-келген сайлау компаниясы саяси ақпараттар арқылы жүзеге асатын болса, онда сайлаудың технологиялық жағынан мәселесі өзге мәнге ие болады» [5]. Дамыған демократиялық мемлекеттерде сайлау технологиялары қоғамда ашық және таза болып құрылады. Ал электорат демократиялық дәстүрлермен, азаматтық қоғамның таңдауы мен принциптерімен қорғалады, онда билік манипулятивті мінезге ие болады.

Батыс саяси ғылымындағы «Жаңа институтционализм» бағытының дамуы саяси процесстерде институтционалды фактілердің маңыздылығын қолдауға мүмкіндік береді. Ал ол саяси ғылымда келесі мәселелерді тудырады: қалай және қандай саяси институттар «дұрыс» қоғамды құру үшін және әлеуметтік қатынастар үшін қажет? Неліктен саяси жүйелерде саяси институттар саны өте көп және оны немен түсіндіруге болады? Және осы айырмашылықтар саяси билікке, саяси мінез-құлыққа, саяси процеске қандай әсерін тигізеді?

Осы мәселелер саясаттану ғылымында нақты зерттеуді қажет ететіндіктен, батыс саяси ғылымының институционалды анализ шеңберіндегі саяси институттарына шолу жасайық.

Нормативті институтционализм. Оның негізгі өкілдері Дж. Марш, Й.Ольсен, және Дж.Отт. Саяси институттар функцияларын жүзеге асыру үшін ережелерге және нормаларға сүйену керектігін көрсеткен. Бірақ олардың ойымен келісетін болсақ, онда институттың негізгі элементі оның құрылымы емес, субъектінің өзінің мінез-құлқын және шешім қабылдаудың ережелер мен нормаларының жиынтығы болып саналады.

Рационалды таңдау теориясы. Саяси институттардың рационалды таңдау теориясы өзінің негізін экономикалық теориядан алған. Сонымен қатар оны «демократияның экономикалық теориясы» деп те атайды.

Д.Норт, Э.Даунс, Е.Остром алғашқы болып экономикалық модельдер мен әдістерді саяси институттарға, сайлауға анализ жасағанда қолданған болатын. Барлық адамдар табиғатынан рационалды және өздерінің жеке материалды қызығушылықтарын жүзеге асыруға талпынады. Сондықтан саяси институттарды өз қызығушылықтарын асыру мақсатындағы біріккен тұлғалар жиынтығы деп есептеген. Саяси институттардың ережелері мен шектеулері азаматтардың мінез-құлқын дұрыстап, қоғамға тұрақты шешімдерді қабылдауға көмек береді. Е.Остром еңбегіне сүйенетін болсақ, сайлаудың саяси-экономикалық моделі және эмпирикалық шындық қоғамның институционалды құрылымымен байланысты, ал ол саяси кооперацияның ұзақ уақыттық қолдауына және нығаюына әкеледі, - деп тұжырымдады.

Тарихи институционализм. Осы бағыттың негізін қалаушылар институционалды таңдаудың роліне назар аударады, «Ертеден мемлекеттің тарихи кезеңдері саяси жүйені толық қамтыған немесе саяси жүйенің жеке бөлігіне ғана әсер ету арқылы даму мақсатына ие болған». Осы бағыттың өкілдерінің пікірі бойынша, алғашқы саяси институттың тарихи таңдауы, оның құрылымдық және құқықтық жақтары саяси дамумен қатар болашақта үлкен әсерін тигізеді. Яғни, болашақта саяси институттың кейбір құрылымдық өзгерістерге ұшырайтыны жайлы айтылған. Тарихи институционализм саяси процеске әрі қарай өз әсерін толығымен тигізеді.

Құрылымдық институционализм. Бұл бағыттың негізін қалаушылар индивидтердің мінез-құлықтарында құрылымдық стратегияның барлығын растады. «Институционалды талдау мемлекет пен қоғам арасындағы қарым-қатынасты зерттегенде өте пайдалы». Олардың пікірі бойынша, саяси институттар, соның ішінде сайлау, әлеуметтік топтар мен мемлекеттік сектордың субъектілерінің арасындағы қарым-қатынас құрылымын анықтайды.

Әлеуметтік институционализм. Бұл бағыт француз мектебімен ұсынылады, оның негізін қалаушы М.Ориу (1856-1929). Оның пікірі бойынша: «институт - белгілі бір ортада жүзеге асырылатын нақты бір ой жиынтығы» [6]. Көптеген институттар құқықтық нормалардың негізінде құрылған емес, сонымен бірге қоғамның бір бөлігі болып саналады. Егер кез-келген әлеуметтік топтың оның субъектілерінен өзге еркіндікке ие болатын болса, онда ол институтқа айналады. Сонда институттар қатарына мыналар кіреді: кәсіподақтар, шіркеу, мемлекеттің өзі.

Институционалистерді сынаушылар саяси институтты нақты зерттей отырып, оны негізгі үлкен мәселе деп қарастырған. Мысалы П.Ди.Маджио және У.Пауэллдің жазуы бойынша «институционализм - әлеуметтік, экономикалық, саяси құбылыстарды зерттеу үшін, сонымен қатар өте қиын саяси құбылысты - саяси сайлауды бейнелеу үшін синтез қажет» деген.

Жоғарыда талданған бағыттарға сүйене отырып саяси институттың келесі анықтамасын беруге болады: Саяси институт - бұл ұйымдастырушы-функционалды саяси жүйенің бір түрі. Саяси жүйенің бұл түрі тарихи қалыптасқан тұрақты формада көрсетіледі.

Әрине, саяси институттарды зерттеуде ең негізгі мәселе - ол институционализация процестерін зерттеу, яғни олардың құрылуы, дамуы және қоғамның саяси жүйе институтының функцияларының жүзеге асырылуын зерттеу болып табылады. Сайлаудың саяси институционализациясы ол - сайлау процесін қалыптастырудағы ережелер мен процедуралар. Сонымен қатар, институционализация термині арқылы біз елде болып жатқан саяси өзгерістерді көріп, саяси жүйедегі өзгерістерді түсіне аламыз.

Бұл процесс көптеген қоғамдық құрылымдармен байланысты, яғни оның пайда болуы жүз жылға дейін барады, немесе қазіргі кезде олардың өмір сүруі салт-дәстүрлерге айналды деуге болады.

Саяси ғылымда ертеден бері билік легитимділігі мәселесі қарастырылған. Категория ретінде алғаш рет неміс классикалық философиясында пайда болды. Легитимділік концепциясының негізін белгілі әлеуметтанушы М.Вебер қалаған. М.Вебер легитимділік мәселесін зерттей отырып, жүйенің саяси институттарға соның ішінде саяси сайлауға сенімін білдіру және арттыру мәселесін көрсетті. Кейіннен Г.Кельзен құқықтық мемлекет теориясының құрылуынан кейін легитимділікті биліктің формальды құқықтық нормасы ретінде көрсетеді.

К.Ясперс пікірі бойынша, легитимділік сенім арқылы қажетті дұрыстылыққа, тыныштыққа, ал легитимділік емес - сенімсіздік пен қорқудан пайда болатын зұлым - зомбылыққа әкеледі. Кейіннен Д.Истон билік легитимділігін толық жүйенің және оның жеке институттарының қоғам атынан мойындауы, ал өзге жүйелік бағыттың өкілі С.Липсет легитимділікті - жүйе арқылы қоғам үшін ең жақсы саяси институттарды құру мүмкіндігі деп түсіндіреді. Т.Парсонс «билік эффективтілігі» деген терминді енгізеді. Ал ол қоғамның «құндылық стандартына» дәл келеді.

Билік легитимділігін зерттегенде екі бағыт ұсталады: институционалды және функционалды. Бірінші легитимділіктің ағымдары белгілі қарым-қатынастардан тыс (заң, мораль, салт-дәстүр), сондықтан легитимділік саяси институттармен заңдар мен ережелермен анықталады. Легитимділікті трансформацияға ұшыраған қоғамдарда легалдылық пен нормативтік түсініктермен келістіру дұрыс емес деп ойлаймыз. Себебі, заңдар белгілі бір саяси күштердің тілектерін жүзеге асырады.

Функционалды жағынан сайлау легитимділігі билік құрылымына деген халықтың қолдауы және сенімі ретінде қарастырылады. Сайлау легитимділігі халықтың әлеуметтік құндылықтарына, дәстүріне, саяси мәдениетіне, қоғамның әлем тануына сай келеді. Басқа сөзбен айтқанда легитимділік - билік өкілдері мен қоғамның арасындағы ерекше әлеуметтік қатынас түрі. Легитимділік азаматтар мен мемлекеттік биліктің арасындағы толық түсінішілікпен айқындалады.

Билікке деген сенім немесе сенімсіздік арқасында қалыптасқан сайлау институты, мемлекеттік билік легитимация функциясын қалыптастырды. Бірақ, сайлау арқасында, жетілген легитимділікті анықтау әрекетінде кейбір қиыншылықтар пайда болады: егер президент сайлаушылардың 1/3 дауысына ие болса, ол легитимділікке ие ме?

Легитимділік халық тарапынан бір жақты сенімге ғана бағытталып қоймай, мемлекет тарапынан заңды түрде өз әрекетін іске асырады. Сонымен бұл сайлаудан сайлауға дейін емес, сатылы түрде жүргізілетін конституционалды механизм және үрдіс. Бірақ, жаңа үкімет халыққа берген өз уәделерін орындауы екі талай. Сондықтан бұл билік легитимациясының сайлаудағы әлсіз жері.

Сайлау - легитимділік, бұл легитимділік билеуші билікке баға беретін легитимділікпен тығыз байланысты. Сайлаушы, саяси және экономикалық тұрғыдан, өзгерістер нәтижесінде билеушілерге баға береді. Парсонс айтуы бойынша сайлау құқығы - бұл сайлауда әкімшілік жеңіліске жетіп, жұмысын тоқтатыны белгілі болғанан кейінгі топтардың тесті.

Сайлауда сайлаушылармен қабылданытын шешім жетекшінің ойлары мен саяси бағдарламасына негізделеді, сондықтан көпшілік жағдайда сайлау легитимділігі рационалды және иррационалды негізге ие. Иррационалды бағыт тұлға мен іс әрекеттердің эмоционалды бағалануына негізделген, сондықтан сенімді және әрекетті болады. Рационалды бағыт - рационалдылық пен әділеттілікке негізделеді.

Рационалды легитимділік жетекшіге деген жеке қатынастарға бағытталмайды, азаматтардың экономикалық, әлеуметтік жағдайы, табыс пен тәртіпсіздік деңгейі секілді нақты іс шараларға бағытталады. Бұл жерде халықтың билікке сенімінің деңгейі биліктің өз функцияларын эффективді түрде орындалуына байланысты болады. Саяси жүйедегі сайлаудың болуы демократиялық тәжірибені қалыптастырады: сайлау әлеуметтік топтардың үмітін қалыпты етеді, азаматтық позицияны қалыптастырады. Бірақ сайлау жаңа демократиялық жүйеге көптеген сұрақтар бойынша негативті әсер етеді. Сайлау консолидациялауды қалыптастыру процессін ұзақ, әрі күрделендіреді. Сонымен қатар, компромиспен келісу жүйесін шатастырып қиындыққа әкеледі. Саяси институттарды зерттеудегі негізгі проблема, соның ішінде Қазақстандық сайлау институты, зерттеушілер модернизациялық парадигманы негізге ала отырып, саяси жүйедегі батыстық институттардың механикалық ауысуы және олардың тез арада тамыр таратуы нәтижесінде саясаттан «институтционализация» категориясы жойылды.

Жоғарыда көрсетілген методологиялық мәселелерге нақты «саяси институт» категориясын түсіндірудің болмауы қосылады. Сонымен, саяси институт, осы ұйымның жұмыс атқаруы бойынша, ережелердің қалыптасуы мен ұйымдастырылуы болып саналады. Мысалы, егер Қазақстанда парламент және партиялар болса, бұл батыстық модель демократиясының институтционализациясының аяқталуын білдіре ме, әлде болашақта оны «мутацияға» әкеледі ме? Және осы жағдайда сайлау жүйесін жою - демократияның құлдырауына әкеледі ме?

Батыстық саяси ғылымда неoinститутционалды әдіс шеңберінде институттар «ойын ережесі» немесе «адамдар арасында қатынас орнатылған шектеулі шеңбер» ретінде қабылданады. Осындай тұжырымды XX ғ. 60-шы жылдары С.Хантингтон ұсынды.

Біздің көзқарасымыз бойынша ұйымдастырылған форма мен «саяси ойын ережелері» арасында қайшылық бар. Егер біз саяси мақсат пен функциялар туралы айтсақ, саясат субъектілері туралы сөз етуіміз керек. Яғни саяси субъектілер – билікке ұмтылатын, билікті қолында ұстайтындар болса, Лефор айтуы бойынша «егер іс әрекет жүргізетін тұлға болмаса «іс-әрекет» іс-әрекет бола алмайды». «Саяси институттың» қазіргі таңдағы интерпретациясының дамуы саяси үрдісті деструктивизациялайды. Индивидтен басқа іс-әрекет жүргізетін ешкім және ештеңе қалмайды; Ұйымшылдық және коллективті түрде барлығы институтқа айналады (әлеуметтік немесе саяси интерпретацияланады). Институттың мінездемесі, саяси субъект ретінде, семантикалық асып тасуы болып табылады. Сонымен, сайлау – бұл қазіргі таңдағы демократияның негізгі институты болып табылатыны даусыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Монтескье Ш.Л. Избранное произведения. - М., 1989. С.76.
2. Локк Дж. Избранные философские произведения в 2-х томах. Т.2. - М., 1968.
3. Руссо Ж.Ж. Трактаты. - М., 1969. С.216.
4. Маркузе Г. Одномерный человек. - М., 1994. С.10-11.
5. Лиотар Ж.Ф. Состояние постмодерна. Пер с фр. И.А. Шматко. - СПб., 1998. С.331.
6. Политическая наука-новые направления. - М., 1999. С.43.

Қазақстан республикасындағы саяси партиялардың парламенттік сайлау науқандарындағы саяси жарнамалары

Мұрат НАСИМОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аспиранты

Бүгінгі күнде Қазақстан Республикасы негізгі басқару органдарын сайлайтын демократиялық мемлекет болып табылады. Сондықтан қоғамдық өмірде сайлау науқанын жүргізу, электоратты үгіттеу жүйесі секілді феноменнің қалыптасуы мен дамуы заңды деп түсінеміз.

Қазақстан Республикасы үшін Парламент сайлауларының маңызы зор екені әр сайлау сайын байқалуда. Елімізде жүріп жатқан саяси модернизациялық үрдістер соның дәлелі ретінде атап көрсетуімізге болады. Жалпы еліміздегі саяси партиялар әрбір сайлау сайын өздерінің билікке жетудегі дәрежелерін көрсетіп жатыр. Қазақстанның қазіргі заманғы саяси тарихын байыптап қарасақ, олардың әрбір осы сайлау науқандары кезеңдерінен кейін саяси жарнаманың дамып жатқанын байқау қиын емес.

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2004 жылғы «Қазақстан Республикасы сайлау жүйесінің дамуы» атты кітапшасында орта ғасырлардан біздің заманымызға дейінгі Қазақстан аумағында сайлау процесінің пайда болуы мен қалыптасуының тарихы зерттеледі. Сол жылға дейін елімізде Президент және Парламент депутаттарын сайлауға (екі референдумды қосқанда) байланысты бірнеше сайлау науқандары өткені барлығымызға белгілі. Қазақстан ССР Президентін сайлау (01.12.1991 ж.), Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңес депутаттарын сайлау, (07.03.1994 ж.), Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттіктерін ұзарту жөніндегі референдум (29.04.1995 ж.), Қазақстан Республикасының Конституциясын қабылдау жөніндегі референдум (30.08.1995 ж.), Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау (09.12.1995 ж.), Қазақстан Республикасының Президентін сайлау (10.01.1999 ж.), Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау (10.10.1999 ж.) [1], Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарын сайлау (19.09.2004 ж.) секілді сайлау науқандары өткендігі белгілі. Одан кейінгі еліміздегі 2005 жылғы сайлауда Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың жеңісі және 2007 жылғы Парламент сайлауындағы «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының жеңісін тағы қосыңыз.

Әрине, осы өткен науқандарды сараптап қарасақ, Қазақстандық саяси партиялардың саяси жарнамаларды қолдану жағдайларын бағамдаудан бөлек, елімізде осы қатаң феноменнің саяси технологтарға ауыр тигенін байқау қиын емес.

Жарнаманың қоғам өміріне енуі, ол туралы мазмұнды ойлар айтуға мүмкіндік берді. Мына құбылмалы кезең барлық өмірлік жағдайларға сын көзбен қарауды және кейбір мәселелерді қайта қарастыруды талап етеді. Біз өмір сүріп отырған ғасырымызды “ақпараттандыру ғасыры” деп білеміз. Ал жарнаманың негізі – тек коммерциялық ақпарат ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік, саяси, идеологиялық ақпараттандыру. Жарнама ұғымын терең түсіну арқылы біз оның қоғамның әлеуметтік-саяси процестеріндегі маңызын анықтай аламыз. Жарнаманың қандай түрі болмасын, ол өздігінен қызмет ете алмайды. Тиімді ықпал ету үшін психология, менеджмент, маркетинг, журналистика, лингвистика, Public Relations сынды білім салаларының тәжірибелерін пайдаланған жөн. Саяси ғылымдарда, саясатта да кейінгі кездері аталмыш мәселеге тек сайлау науқаны кезеңінде мән берілуде. Қоғам өмірінде де жарнаманың рөлі артып келеді. Сондықтан жарнама нарықтық қатынастардағы құрал екендігін ұмытпауымыз қажет. Жарнаманың негізгі принципі – тұтынушыға өнім немесе қызмет туралы мәлімет беру және өзара байланыс орнату. Ал жарнаманың негізі – ақпарат пен сендіру. Жалпы жарнама – адамзат қызметінің тез трансформацияланып жатқан саласы болып табылады.

Батыста жарнамаға деген қатынас екі түрлі. Әсіресе өткен ғасырдың 60-жылдары көптеген батыс философтары мен әлеуметтанушылары негативті түрде бағасын беріп, бұқаралық сананы манипуляциялаудың механизмі ретінде көрді. Жағымды тұстарын атап көрсеткендер де баршылық. Мәселен, О.А. Феофановтың “Реклама: новые технологии в России” еңбегінде жарнама турасында көптеген шет елдік зерттеушілердің ой-пікірлері келтіріледі [2]. Кейбіреулеріне тоқталайық: американдық зерттеуші Джанкарло Буззи: «Жарнамалық ақпарат нақты идеологияға қызмет ете отырып, пікір мен мінез-құлықты біріктіруге ұмтылады. Ол саясаттың мызғымас құралы және қоғамның айқындалған белгілі мінездемесін қалыптастырады. Жарнама туралы айтпас бұрын, идеология немесе әлеуметтік мораль мәселелеріне мән беру қажет». Танымал неміс философы Эрих Фроммның пікірінше: «Жарнама санаға емес, сезімге әсер етеді; кез-келген гипноздық ұйыту секілді ол өз объектілеріне зиялылық қуат күшімен ықпал етуге тырыспайды. Жарнаманың мұндай түрінде арманның элементі бар және кино секілді нақты анықталған қанағаттану сезіміне әкеледі». Белгілі философ Герберт Маркузе: «Жарнама тек жай жарнама болуын қойып, ол өмір салтына айналды. Осының нәтижесінде адам санасында біржақты ойлау қабілеті мен мінез-құлық моделі қалыптасады», – деп жазады. Американдық Президенті Калвин Кулидж 1929 жылы өз сөзінде: «Бұқаралық сұраныс бизнестің дамуына байланысты қалыптасты. Жарнама – бұл біздің тамағымыз бен киімімізді таңдауға, бүкіл халықтың еңбек етуі мен мінез-құлқына әсер ететін ықпалды фактор. Кейбір кездері, біздің буын жарнамасыз өмір құндылықтарын түсіне алмайтын сияқты. Жарнама адамзаттың дамуы мен қайта тәрбиеленуіне қатысатын үлкен күш». Уинстон Черчилль: «Жарнама адамның тұтынушылық мүдделерін өзіне тартып, қажеттілікті жоғарғы өмір салты негізінде орнықтырады. Ол адам алдында келесі мақсаттарды қояды: жақсы үй, жақсы киім және отбасы мен өзі үшін жақсы корек». Француз жазушысы Сент-Экзюпери: «Өте нәтижелі педагогикамен қатар, әдеттен тыс тұрақты түрде педагогикалық әсер ететін күш – жарнама деп аталады». Канадалық әлеуметтанушы Маршалл Маклюэн: «Сынып бөлмесін тек жарнама ғана жететін даңқ жарқыны, табыс пен беделмен салыстыра алмаймыз». Американдық ғалым Давид Поттер: «Жарнаманың әлеуметке қазіргі ықпал жасауын мектеп және шіркеу секілді ескі институттармен салыстыруға болады». Лондон университетінің

профессоры Фрэнк Кермоуд: «Көрсермен өзгерді. Ол өзгеше жаңа қоршауда тәрбиеленуде: оның ұстаздары – жарнама мен теледидар».

Саяси партиялар сайлау науқанындағы саяси жарнамаларға 1999 жылы маңыздырақ мән бере бастады. Себебі, Қазақстан Республикасы үшін 1999 жыл сайлау белгілерімен өтті. Президенттік сайлауға байланысты мәселелер уақыт өте келе басылғанымен, сайлау алды саяси күрестің жаңа науқаны басталды. Елбасын уақытынан бұрын сайлау республика тұрғындарының кейбір бөліктерінің саяси белсенділіктерін арттырды. Президент сайлауы көрсеткендей, елдегі саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуде қоғамның түрлі таптарының пікірлерімен санасу қажеттігі көрінді. Нәтижесінде белгілі бір әлеуметтік топтардың мүдделерін жүргізетін жаңа саяси ұйымдар құрыла бастады. Сонымен бірге, қыста өткен сайлау партиялық жүйедегі көптеген қағидаларды анықтады. Бір-біріне қарама-қарсы келетін полюстер – билік партиясы мен оппозициялық партияның саяси күштерінің барлық спектрлері қызмет ететін уақыты келгені байқалды.

1999 жылғы еліміздегі сайлау бірінші рет Парламентке тек қана бір мандатты округтардан ғана емес, партиялық тізімдер бойынша да өтті. Мұның өзі Парламентте саяси партиялардың депутаттары да ресми әрі жеткілікті түрде болатындығын білдіреді. Бұл Қазақстандағы нақты көппартиялы демократияның қалыптасу кезеңінің жаңа бір қадамы болып табылады. Сайлауға әзірліктің өзі Қазақстандағы партиялық жүйені күшейтуге серпін беретін мерзімі жеткенін көрсеткендей. Бұл сайлау еліміз тарихында ғана емес, Орталық Азия тарихында да тұңғыш рет саяси партиялардың Мәжілістегі орындар үшін партиялар тізімі бойынша күрес жүргізгенін, бұл өзгеріске басқа мемлекеттер оң көзқарастарын білдіргенін атап кеткен жөн. Бұрын – соңды Қазақстанда болмаған бұл үрдістің көптеген сырлары партияларға да сайлаушыларға да беймәлім болғаны рас. Сайлау алдындағы науқан мен сайлаудың өзі қоғамды демократияландыруға деген бағыттың өзгермейтінін, оның үздіксіз дамуы мен тереңдей түсуінің кепілі екенін тағы дәлелдеп берді.

Сайлау алдында бұрыннан белгілісі мен белгісізі бар партиялар жарияға жар салып шықты. Сайлау – бұл саяси жағдайды бақылайтын құрал немесе бұл бақылаудан айрылатын құрал ретінде қарастырылған шақ келді. Осыны аңғарған саяси партиялар уақыт берген мүмкіндікті пайдаланып қалуға тырысты. Әрине, сайлаушыларды қарату оңай емес, сондықтан азаматтар назарын аударту үшін көп еңбек ету керектігі байқалды. Осы ретте саяси жарнаманы қолдану қажеттілігі негізге алынды. Жарнама – нарықтың, бәсекелестіктің құралы екендігін ұмытпайық. Бәсекелестіксіз жарнама тек ақпараттық қызметті ғана атқарады. Саяси таңдау жоқ – демек, саяси жарнамаға да қоғамда орын жоқ. Таңдау бар – демек, саяси жарнаманың дамуы мен қалыптасуына шарттардың болғаны. Қазақстанның саяси жарнамадағы тәжірибесі аз болғанмен, осы жылғы Президент сайлауы науқанында қолданылған әдістер сол жылғы сайлауға сабақ болды.

Модернизациялық үрдістер тұрақты жүретін қоғамда, саяси коммуникациялардың объективті қажеттіліктері, тұрғындар мен саяси элита арасындағы диалогтар, тиісінше әлеуметтік – саяси дамудың баламалы түрлері үнемі жүріп отырады. Билік құрылымдары қоғамның әлеуметтік дамудағы тактикасын орындау арқылы, қажетті шараға байланысты жұртшылықтан мандат алуға мүдделі, өз кезегінде қоғамға таңдауға тұрарлық бәсекелі бағдарлама қажет. Қазіргі замандағы қоғам мүшелерінің ой – санасы толықты, ақиқат қажеттіліктеріне ешкімнің монополиясы жоқ екенін түсінді. Нәтижесінде кез – келген бағдарламаны қоғам тек ондағы ұсыныстармен қатар, оны дамытып, жүргізетін тұлғаларын да таңдайды. Сондықтан билік орындары бұқарамен тығыз байланыста болып, құрылымдар

арнайы тұрақты байланыстырушы арналар ұйымдастырып, баспа, радио және теледидар сынды дәстүрлі ақпараттық арналарды пайдалануы тиіс.

Сонымен Парламент сайлауы науқанына араласқан ірі партиялардың электоратпен қандай қимылдар арқылы байланыс жасағанын, қолданған саяси жарнамаларына назар аударалық. Жалпы бұл науқанда саяси партиялар жарнамаға қарағанда, үгіт – насихат тәсілдеріне ерекше мән берді. Сондықтан болар, бұл сайлаулар осыдан аз ғана бұрын өткен Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауымен байланыстары және көп ортақтықтары болды. Барлық іс-шаралар Ресейлік сайлау науқандарында қолданылған технологиялардың көшірмесі екені айқын көрініп тұрды. Десек те, саяси жарнамалардың алғашқы қарлығаштары осы науқан барысында азаматтардың дауыс беруіне ықпал етті. Сайлау науқаны алдындағы таласта «Отан» Республикалық саяси партиясының насихаттық жұмысы айрықша өтті. Үкіметтің реформалық бағытын қолдаған олар елді тығырықтан тез шығаратын қимылдар жасайтынын білдірді. Партия саяси сахнада өздерін көрсеткен «Қазақстан халық бірлігі», Қазақстанның Демократиялық партиясы, Қазақстан либерал қозғалысы, «2030 – Қазақстан үшін» қозғалыстарының қосылуы жолымен мықты ресурстық – ұйымдастырушылық, кадрлық қолдау тапты [3]. «Отан» өткізген барлық саяси шараларда сайлау науқанын жүргізудің кәсіби мамандарының жұмысы екендігі байқалды. Жалпы отандықтардың науқандағы қимылдарында ойын – сауықтық элементтерге көп мән бергенін байқауға болады. Сонымен бірге, партияның еліміздегі барлық әлеуметтік топтарға жеке – жеке арналған бағдарламалары, үндеулерін қоссақ кателеспейміз.

Қазақстан Азаматтық партиясы негізгі мақсаттары ретінде: өндірістің жоғарылауына, әрбір Қазақстандық отбасының жағдайының көтерілуіне, мемлекеттіліктің нығаюына үлес қосатындықтарын айтты. Билік партияларына сүйенетін басқа партиялар секілді, осы қозғалыс та өздерінің саяси және идеялық лидері ретінде Нұрсұлтан Назарбаевты санады. «Жаңа Қазақстан» және «Ел экономикасындағы дағдарыс құбылыстарын алдын алу шаралары туралы» сынды бағдарламалары сайлаушылар арасында үгіт – насихаттық формада жүргізілді. Партия басшылығы Виктор Черномырдин басқаратын Ресейдің «Наш дом – Россия» партиясымен іскерлік байланыс орнатты. Демек, НДР алдағы сайлауға өздерінің сайлау науқанын жүргізудегі тәжірибелерін ұсынғандықтарына дау жоқ. Ұран ретінде «Лайықты өмірге нақты кадам» сөзі қолданылды. Партия А. Әшімов, Т. Бигельдинов, Н. Абдуллин секілді танымал азаматтардың қолдауын алды.

Қазақстан Коммунистік партиясы бұл сайлаудан тыс қалған жоқ. Компартия саяси аренадағы өздерінің оппозициялық қимылдарын әрі қарай жалғай түсті. Партияның электораты өздерінің талаптары мен саяси шараларға қатысудағы тұрақтылығы нәтижесінде партиялық тізім бойынша өте отырып, жоғарғы көрсеткіш көрсетті. Партия лидерінің Президент сайлауындағы екінші орны, сайлау науқанындағы партияның танымалдылығын жоғарылатпаса, кеміткен жоқ. КПК-ның сайлау алды тұғырнамасы партияның XXV съезінде қабылданған болатын. Соған сәйкес, партия Қазақстанның парламенттік республика болуына, көппартиялық жүйенің дамуына, социалистік меншіктің қалыптасуына, халықтық шаруашылықты жоспарлы басқарумен қамтамасыз етуді, Кеңестер елінде болған әлеуметтік кепілдерді толық қайта ұйымдастыруды (еңбек, демалыс, үй, медициналық көмек және тегін білім алу құқықтары) дамытатындығын атап көрсетті. Бұл сайлау науқанында партия туралы бұқаралық ақпарат құралдары төмен деңгейде мәліметтер беріп отырды. Дегенмен, сайлау қорытындысы бойынша, аталмыш партия партиялық тізім бойынша жалғыз өткен оппозициялық қозғалыс екені белгілі.

Осы жылғы сайлау науқанында ауыл тұрғындарының қолдауына ие болған Қазақстанның Аграрлық партиясы болды. Ромин Мәдинов пікірінше, Аграрлық партия революциялық өзгерістерге қарсы және саяси тұрақтылықты қалайтын консервативтік саяси күш болып табылады. Бұл саяси науқанда «Отан» партиясымен бірігіп жұмыс жасауы партияның танымалдылығын арттыра түсті. Партия сайлау науқаны барысында саяси жарнаманың барлық түрлерін, оның ішінде теледидарлық жарнама роликтерін кеңінен қолданды. Құрманбаева Ш.А. зерттеу жұмысында аталмыш партия ТВ роликтерінің саны 352 – ні құрағаны, оған 102.544 АҚШ доллары жұмсалғаны туралы жазылды [4]. Жалпы бұл науқанға басқа да саяси партиялар қатысқаны барлығымызға мәлім. Бірақ, жоғарыда аталған партиялардың үгіт-насихаттық штабтарының жұмыстары электораттың дауыс беруіне үлкен ықпалын тигізді.

1999 жылғы сайлау мен 2004 жылғы сайлаудағы саяси технологияларды салыстыруға болмайды. Қос сайлаудың арасындағы айырмашылықтар жетерлік. Мәселен, партиялардың саны, нақты жеңіске жетуге үміткерлер қатары анағұрлым көбейді. Негізгі бәсекелестердің сайлаушыларды PR – технологиялардың бұқаралық баспасөзбен иландыру әдісінен бастап, саяси жарнама мен саяси үгіт – насихатты қолдану кеңейе түсті. Тек естіп қана жүрген “лас” технологияларды пайдалану мүмкіншілігі жоғарылады. Сайлау науқанындағы дәстүрлі технологияларды ұйымдастыру және жүргізудегі қимылдар көптеген өзгерістерге ұшырады. Өкінішке орай, бұл науқан әлі де болса азаматтар манипуляциялаудың объектісі ретінде қалғаны көрінді. Өздерінің саяси мақсаттарына жету үшін бәсекелестері туралы айтылған өсек – аяңнан бастап, манипуляциялық технологиялардың түрлі құралдары іске қосылды. «Отан», «Ақ жол», «Асар» партиялары мен ҚДТ-ҚКП мен «АИСТ» блоктарының брендтері қалыптасып үлгерді.

Республикамыздағы партиялардың жарнама барысында қолданылған слогандары халық санасында жатталды. Мәселен, «Отан» республикалық саяси партиясы – «Атқарылған іс аз емес, бірге жалғастырайық!», «Ел үшін дауыс бер!», «Ақ жол» демократиялық партиясы – «Мұнайдан түскен қаражат - әр адамға!», «Жақсы өмір баршаға бүгін қажет!», «Барлығы уәде береді, ал біз жасаймыз», «Біздің уақыт келді!», «Билік халықтан ұлы емес – Халық биліктің құлы емес!», Қазақстанның Аграрлық және Азаматтық партияларының «АИСТ» сайлау блогы – «Бақыт құсы – бар шаңыраққа», «Менің қалауым – АИСТ – Бақыт құсы», «АИСТ – тың қос қанаты бар – Аграрлық және Азаматтық партиялар», «Біз АИСТ – ты қолдаймыз! Қазақ үшін қасиетті 7 санын танда!», «Асар» республикалық саяси партиясы – «Асарға» дауыс бергеніңіз - Өзіңізге дауыс бергеніңіз!», «Елге тілек, жұртқа ниет», «Атамекен. Жанұя. Молшылық», «Біргеміз! Берік іргеміз!», Коммунистер мен ҚДТ оппозициялық халықтық блогы – «Шындық пен әділдік үшін» деген ұрандармен халық алдына шықты.

Бұл сайлау науқанының ерекшеліктерінің бірі ретінде қатысушы партиялардың жеңісі қаржылық және ақпарат тарату ресурстарының мүмкіншілігіне байланысты болды десек қателеспейміз. Мәселен, «Отанның» негізгі ақпараттық құралдары – «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Дала мен қала», «Страна и мир» газеттері, «Хабар», «Қазақстан» телеарналары болса, АИСТ – тың басты ақпарат көзі – «Суббота +», «Экспресс К», «Аграрный Казахстан» газеттері мен «Мерей» журналы болды. Оппозициялық партиялардың жұмыстарын «Ақ жол Қазақстан», «Эпоха», «Время», «Правда Казахстана», «Сөз» сынды басылымдар мен «31 арна» медиа – холдингі хабардар етіп отырды. «Асар» партиясының қимылдары «Асар – заманы», «Асар – Казахстан», «Новое поколение», «Караван» газеттерінің

мақалаларында, «Хабар», «КТК», «НТК» телеарналарының бағдарламаларында ерекше мән берілсе, «Руханият» партиясының артында «Қазақстан әйелдері», «Нива» сынды басылымдар мен Рауан медиа – групп тұрды.

Науқанда қолданылған саяси жарнамалардың түрлеріне қарап, партиялардың жарнамалық бюджетін айыруға болады. Демек, сайлаушылардың назарына ілігу үшін мол қаржы жұмсау қажеттілігі осы сайлауда айқын байқалды. Мысалы, АИСТ сайлау блогының анимациялық бейне ролигі өте қымбат дүние. Алматылық жарнама агенттіктері жарнаманың бұл түрін жасау барысында әр секундқа 100, 200 доллар көлемінде сұраса, стандартты 30 секундтық ролик шығыны шамамен 3-6 мың доллар көлемінде болмақ. «Асар» партиясы қолданған «сөйлеуші бастар» тәсілді роликтерінің 30 секунды шамамен 300 доллардай болмақ. «Отан» партиясы көп қолданған ойындық бейне роликтер құны орташа есеппен 1000-нан 5000 долларға дейін барады. Енді жарнамалар беруге арналар ұсынған бағаларға мән берелік. КТК арнасындағы минуттық уақытының минималды құны косымша құн салығын есептегенде жұмыс күндері 130 мың теңгені құраса, прайм-тайм кезінде – 220 мың теңге. «Евразия» арнасының минуттық құны 384 мыңнан бастап 677 мыңға дейін болса, «Хабар» арнасы сәйкесінше 225 мың мен 405 мың арасында белгіледі. Демек, партиялар өз роликтерін осы барлық үш арнада бес рет көрсету үшін шамамен 20 мың доллар шығынданады. Ал аймақтардағы арналарға келсек, ондағы берілетін жарнама роликтерінің құны біршама төменірек. «Қазақстан-Көкшетау», «Қазақстан-Ақтөбе», «Қазақстан-Қарағанды», «Қазақстан-Орал» сынды т.б. арналардағы жарнама бағасы 50 000 теңге көлемінде болды. Талдықорған қаласындағы «Арай+», Тараздағы «ЖТД» сияқты арналарда бір минуттық эфир уақыты 2500 мың теңгеден басталса, 40 000 теңгеге дейінгі бағаны Қостанайдың «Алау» арнасы ұсынды [5].

Саяси жарнаманың «testimonials», «celebrities» (сенімділік, растау) тәсілдері партия атынан түсіп жатқан жеке кандидаттарды қолдау барысында қолданылды. Мәселен, Алматы қаласы бойынша сайлауға түскен А.Саматдинге «сенімділік» партия төрайымы Дариға Назарбаева білдірсе, Б.Түменованы – Серікболсын Әбділдин, Ғалымжан Жақиянов, Ирина Савостина, Сергей Дуванов, Нұрболат Масанов, Болат Атабаев қолдайды. «Ақ жол» партиясының тең төрағаларының бірі болған Ораз Жандосовты Төрегелді Шарманов, Ирина Савостина, Мұрат Әуезов, Болат Әбілов сынды белгілі азаматтар қолдау танытып, «растайды».

Саяси жарнаманың маңызды құрылымдық бөлігі болып институтталған жарнама табылады. Бұл партия немесе қозғалыстың әлеуметтік институт ретінде көрсету мақсатында пайдаланылады. Мәселен, партия халықтың қызығушылығын тудыратын кез-келген әлеуметтік немесе экономикалық жобаның демеушісі болып, олардың алғысын алып, танымалдылығын жоғарылатады. Олар қоғамдық қордың, танымал фестивалдің, қайырымдылық концертінің ұйымдастырушысы, меценаты ролінде болуы мүмкін. Осы ретте, сайлау қарсаңында «Отан» партиясының республикалық акындар айтыстарын ұйымдастыруы, халық арасындағы партия беделін жоғарылатты.

Саяси жарнаманың ерекше түрі болып табылатын саяси карикатуралар осы сайлау науқанынан бастап пайдаланыла бастады. Негізінен саяси карикатураның тарихы тереңде жатыр. Оның алғашқы түрлері XVII ғасырларда Англия, Франция мен Голландияда негативті жарнама мен үгіт – насихат түрінде жүргізілді. АҚШ Президенттері Т.Рузвельт пен В.Вильсонға қатысты саяси карикатуралар олардың сайлау науқанында кең түрде қолданылды. Саяси жарнаманың осы түрін пайдалануда «Жас Алаш» газеті ерекше көзге түсті дей аламыз. Өйткені, жоғарыда

айтылған басылым өзінің 109 санында Ғалым Смағұлұлының «Карикатура» бетінде «Сайлау және сатира» деген тақырыппен карикатуралық топтама берілген.

«Лас» технологияларды қолдану бұл сайлауда кең етек жайғанын жоғарыда айтқан болатынбыз. Әсіресе фамилиялас азаматтардың бір сайлау округінен түсу алдыңғы сайлауда болмаған түсінік еді. Ал осы сайлауда 15 округ бойынша фамилиялас азаматтар бір мандатты округ бойынша бақтарын сынады. С.А.Дьяченконың бәсекелестері де PR – технологияның қара түрін парақша дайындауда пайдаланды. «Сізді ұмытпаймыз» 1999 – 2004 ж. ҚР Парламентінің депутаты деген сөздер жазылған листовка нағыз «лас» технологиялық қимылды білдіреді. Әсіресе, мұндай технологиялар «Ақ жол» партиясының атынан түсіп отырған Ораз Жандосовқа көп қолданылды. «Ораз Жандосов бұл туралы айтпайды» деген сөзбен, оның бәсекелестері ҚР қаржы министрі, ҚР премьер – министрі, ҚР Президентінің көмекшісі және монополияға қарсы комитет жетекшісі болған жылдардағы қимылдары туралы жазылған парақша Алматы қаласының көшелерінде шашылып жатты.

Бұл сайлауға қатысушы барлық партиялар түрлі акциялар, митингілер, пикеттер ұйымдастыруға, мәлімдемелерге ерекше назар аударды. Мәселен, «Отан» жастарды сайлауға шақыру ниетімен «Сенің бірінші сайлауың», антитеррористік «Терроризмге жол жоқ!» акцияларын ұйымдастырып, Республикалық «Отан» автошеруі» жобасының үшінші туры өткізді, «Отан» мерейтойлық пойызы Қазақстанның барлық аймағын аралады. «АИСТ» сайлау блогы «Ақ бата», «Күштілерге – жұмыс, әлсіздерге қамқорлық» ұранымен түрлі акциялар, «Қазкоммерцбанктың» Алматы филиалының алдында сайлау алды митингтерін өткізді. Сонымен бірге, Алматы қаласының оқушысы ОРТ арнасында жүретін «Ғажайыптар алаңы» бағдарламасына түсіп, бақыт пен бақуаттылық әкелетін ләйлек туралы әннің қазақша нұсқасын шырқады. Коммунистер мен ҚДТ оппозициялық халықтық одағы түрлі заңсыз митингілер, пикеттер ұйымдастырып, билікке деген наразылығын көрсетіп отырды. Науқан барысында барлық партиялар күн сайын баспасөз конференциялар өткізіп отыруға мән бергендерін айта кеткен жөн [6].

2007 жылғы Парламент сайлауындағы ең негізгі өзгеріс – сайлаудың пропорционалдық жүйе бойынша өтуі еді. Қазақстан тарихында алғаш рет сайлаушылар жеке кандидаттарды емес, партияларды таңдады. Әрине, бұл өзгеріс еліміздің көптеген партияларына қиындықтар әкелді. Өйткені партиялар тізім жасау барысында елге танымал тұлғаларды енгізе отырып саяси жарысқа қатысуы жаңа үрдіс және сайлаушыларды дауыс беруге шақыру тағы бір мәселе. Себебі партиялар рейтингінің күресі осы азаматтарға байланысты. Шын мәнінде осы науқанның қызықтылығы да осында болды.

Жалпыұлттық республикалық «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде бұрын өткен сайлаулардағыдай жариялау ақысы Орталық Сайлау комиссиясының қаражат есебінен төленген мақалалар оқырман назарына ұсынылды. Мәселен, «Егемен Қазақстанның» 24 шілдедегі 210-санында В. Косаревтің «Қазақстан өркениеттің биік шыңына шығатынына сенемін» («Казахстанская правда» газетінде орысша нұсқасы 1 тамыздағы 117-санында берілді), 211-214 сандарында Б. Жұмағұловтың «Біздің ұстанымымыз – тек қана бірге, тек қана алға» («Казахстанская правда»-26 шілде, №113), Ә. Байменовтың «Қазақстан тең мүмкіндіктер еліне айналуы тиіс» («Казахстанская правда» газетінде Л. Жуланованың атымен 112-санында ұсынылды), 216-217-сандарында А. Жағанованың «Біздің ұстанымымыз – саяси тұрақтылық, рухани жаңару және әлеуметтік әділдік» («КТП», №116, 31 шілде), 218-220 сандарында Ж. Тұяқбайдың

«Жаңа Қазақстан үшін!» («КП», №115, 28 шілде), 221-223 сандарында Ғ. Қалиевтің «Ауылы бай ел-бақытты ел» («КП», №119, 3 тамыз), Е. Шымтековтың «Қуатты мемлекет, күшті билік, темірдей тәртіп керек» («Казахстанская правда» газетінде А. Рыжкованың атымен 120-санында берілді) сынды үгіт мақалалары жарияланды.

Электоратты сайлаудың өтуі туралы ақпарат беруде Орталық сайлау комиссиясы күнделікті түрлі жарнамалар тәсілімен жүргізіп отырды. Теледидар, радио эфирлері, газет беттері сайлау науқаны барысындағы барлық ақпаратпен толық қамтамасыз етілді. Электрондық дауыс беру тәсілдерін тек теледидар арқылы ғана емес, мерзімді басылымдар арқылы да үйрету жұмыстары жүргізілді. Орталық сайлау комиссиясы республикалық бұқаралық ақпарат құралдарындағы үгіт-насихат жұмыстарына байланысты мониторинг жұмыстарын халық назарына ұсынып отырды. Мәселен, 2007 жылдың 18 шілдесі мен 4 тамызына дейін 26 баспасөз, 8 электрондық, 16 сайтта шамамен 949 мақала, ақпараттық материалдар жарияланса, сайлау тақырыбына байланысты 800-дей сюжет эфирге шықты. Ақпараттық науқанның белсенді субъектілері қатарында «Нұр Отан», ЖСДП-ны, «Ақ жол» партиялары аталды. Сонымен бірге, Патриоттар партиясы, «Руханият», КХКП және «Ауыл» партиялары қызметін көрсету жиілігі аз болғанымен, жеткілікті түрде көрсетілді. Жалпы «Дұрыс таңдауды бірге жасайық!» деген ұранмен Орталық сайлау комиссиясы тұрғындарды сайлау процесімен таныстыру жұмыстарын сәтті орындады.

2007 жылдың 20 шілдесінен бастап «Электрондық үкімет» порталында «2007 жылғы 18 тамыздағы сайлаулар» деген атауы бар бөлім жұмыс істей бастады. Ал 24 шілдеден бастап еліміздің әрбір азаматы www.e.gov.kz мекен-жайы бойынша саяси партиялар басшыларына сұрақтарын қоя алды. Интернет арқылы қойылған сұрақтарға партия лидерлері «Қазақ радиосы» арқылы 31 шілде мен 8 тамыз арқылы жауап берді. Сонымен қатар, аталмыш сайтта берілген жауаптардың жазбалық нұсқасы да ұсынылды.

Бұл сайлауда сайлаушыларды өзіне қаратуда, дауыс беруге шақыруда қазақстандық партиялар жарнаманың түрлі әдістерін қолданды. Салыстырмалы түрде қарасақ, өткен жылғы сайлаудағы саяси жарнамалардың шығармашылық деңгейінің 1999 және 2004 жылдардағыдан жоғары екендігі байқалып тұрды.

Тұғырнамасында экономика, әлеуметтік жағдай, жастар саясаты, әйелдер құқығы, спорт, өнер, әдебиет, тіл, елді қорғау секілді көптеген сала қамтылған және «Ел тірегі – Нұрсұлтан! Ел қалауы – Нұр Отан!» деп ұрандаған «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық Партиясы бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарнамалармен қатар, түрлі ақпараттық-мәдени керуен («Жастар жастарға» деп аталды), түрлі акциялар (мысалы, «Ізгілікті істер»), «Қазақстан темір жолы» акционерлік қоғамының қолдауымен «Менің Қазақстаным» үгіт пойызы сынды іс-шаралар ұйымдастырды. Партияның Саяси Кеңесі ел тұрғындарына түрлі Үндеулер жасады. Мысал ретінде, «Алматы қаласының Бақай және Шаңырақ шағын аудандарындағы жағдай туралы», «Жоғары оқу орындарын онтайландыру жүйесі туралы», «Тұрғын үй-коммуналдық саладағы тарифтердің өсуі туралы» Үндеулерін атап өтуімізге болады. Сонымен қатар, А. Әшімов, Б. Әшімов, Р. Бағланова, Н. Кузнецов, Ф. Оңғарсынова, Е. Серкебаев, О. Сүлейменов еліміздің сайлаушыларына аталмыш партияға дауыс беруге шақырған Үндеуімен қатар, жас сайлаушыларға Б. Артаев, А. Винокуров, А. Еңсепов, А. Есмағанбетова, А. Кедрюк, А. Мүкей, Ә. Юсупова Үндеу жасады. Жоғарыда аталған үндеулер еліміздің көп таралымды басылымдарда жарияланды. Еліміздің барлық өңірлерінде «Нұр Отан» игілікті Қазақстан үшін» деп аталатын экологиялық акциясын өткізді. Партияның жергілікті жерлердегі

филиалдары да өз күштерімен түрлі шаралар ұйымдастырғанын айта кеткеніміз жөн. Мысалы, Шымкент қаласындағы Абай саябағында партия «Ынтымақ» облыстық ұлтаралық мәдени орталығы, ОҚО халықтар Ассамблеясымен біріге отырып, «Достық дастарқаны» мерекесін өткізсе, Орал қаласында «Жайық өзенінің экожүйесін қорғап, сақтаймыз» акциясы ұйымдастырды. Жалпы партияның «Қазақстанның гүлденуі және қазақстандықтардың игілігі үшін» платформасы Елбасы Жолдауындағы ең сүбелі бағытты жүзеге асыруды мақсат ететіндігін көрсетті. Тағы айта кететін жәйт, партия сайлауға дейін «Болашаққа сенім, келешекке кепіл» деп дайындалған билбордтары сайлаудағы позициясын күшейтті.

«Жаңа Қазақстан үшін» тұғырнамасында медицина, білім беру салаларына он өзгерістер енгізудің, зейнетақы мен жәрдемақыны көтерудің, жалпы халықтың әлауқатын одан әрі жақсарту берудің басты тетіктерін ұсынған ЖСДП-да жарнама, үгіт-насихат жүргізуде белсенді болды. Теле-радио эфирлерде олардың жарнамалары үздіксіз жүрді, көшелерде оларды Т.Әубәкіров, Б.Кітапбаев, Г. Ерғалиева, Н. Кремниш, Ә. Қосанов, Т. Жүкеев қолдайтындықтарын көрсеткен плакат-листовкалары молынан ілініп, таратылды. Аталмыш партияның сайлауға екі күн қалғанда еліміздің көптеген танымал басылымдарында «№1 дауыс бер» деп шақырған Ж.Тұяқбай, Б.Әбілов, О.Жандосов бейнеленген жарнамаларының жариялануы, олардың осы сайлаудағы электоратқа әсер етудің бір тактикасы деп түсінуге болады.

Қазақстанның демократиялық «Ақ жол» партиясы, дөңгелек үстелдер ұйымдастыруда белсенділік танытты. «Ұрпақтар сабақтастығы», «Қазақстанның рухани дамуының мәселелері», «Ұлттық патриоттық тәрбие және ардагерлердің әлеуметтік жағдайы», «Қазақстан Республикасы тұрғындарын әлеуметтік қорғаудың проблемалары» секілді мәселелер талқыға түсті. Аталмыш партия да өнер жұлдыздарын сайлау науқанындағы жарнамаларға араластырды. Мысалы, белгілі әнші Б.Қорған: «Көкіректе арман көп. Солардың орындалуына «Ақ жол» көмектеседі деп сенемін. Құрметті сайлаушы! Сен де өз дауысыңды «Ақ жолға» беру арқылы арманыңа жет! Өйткені сен, өз арманыңа лайықсың!», - деп партияның тұғырнамасын нақты көрсете алды. Тендік, еңбек, имандылық құндылықтарына негізделген бағдарлама ұсынған партияның лидері де жарнама барысында: «Тендік болмай, елдік болмайды. Көзі ашық, көкірегі ояулардың партиясы ретінде «Ақ жол» Қазақстанды тең мүмкіндіктер еліне айналдырмақшы. Сіз өз арманыңызға лайықсыз! Біз біріге отырып, Сіздің арманыңызды жүзеге асырамыз! Ақ жол, Қазақстан», - деген үндеуі партияның негізгі бағытын көрсеткендей.

Қазақстанның Коммунистік Халықтық Партиясы үгіт жұмысы шеңберінде Астана-Екібастұз-Павлодар-Курчатов-Семей-Бородулиха-Өскемен бағыты бойынша автошеру өткізді. Партияны жарнамалау барысында қарт кісінің: «Біз қырық жыл еңбек еттік. Коммуналдық қызметтің ақысын төлеуді ұмытпаймыз. Зейнетақы бағаның өсуіне сәйкес келсе, әділетті болар еді», - деген сөзі сайлаушыларға әсер етсе де, қоғамның негізгі мәселесі көбіне аға буындардың пікіріне сәйкес келетін сияқты болып көрінді. Дегенмен, партия сайлау науқаны барысында сайлаушыларға әсер ететін лозунғылармен шыға білгенін айта кетуіміз қажет. Жарнамаларында: «Биліктің күші - білекте, біздің күшіміз-шындықта. Әділдікке сенімді орнатамыз. Қазақстанның Коммунистік Халықтық Партиясы», дей келе, негізгі ұрандары «Шындық пен әділет» деп айтады.

«Қазақстан – барлық қазақстандықтар үшін» деп ұрандаған Қазақстан Патриоттар партиясы жауапты науқанда түрлі шаралар ұйымдастырды. Партияның сайлау алды штабы Алматы қаласында бард әншілердің патриоттық әндер фестивалін өткізді.

Егемен еліміздің жұртшылығының, әсіресе жастардың бойында патриоттық сезімді ояту, отансүйгіштікке тәрбиелеуді мақсат етіп қойған шараға белгілі өнер адамдары – Б. Оралұлы, Т. Сүлейменов, Е. Шынтегі қатысты. Сонымен қатар, «Қазақстан Патриоттары партиясы және ел қауіпсіздігі: әскери-патриоттық тәрбие», «Қазақстан Патриоттары партиясы және халықтың рухани қауіпсіздігі» секілді тақырыптарда арнайы баспасөз мәслихаттарын өткізгендіктерін атап кеткеніміз жөн.

Республикалық «Руханият» саяси партиясы «Ақ жол» партиясы секілді дөңгелек үстел отырыстарын ұйымдастыруға мән берді. Мәселен, Алматы қаласындағы «Алаш» тарихи-зерттеу орталығында «Қазақ тілінің қоғамдағы орны», «Мүгедектерге рухани және материалдық көмек – қоғамның рухани байлығының көрінісі», «Денсаулық-басты байлық», Астанада «Әйел және отбасы институтын қолдау» сынды тақырыптар талданды. «Саяси тұрақтылық! Рухани жаңару! Әлеуметтік әділдік!» ұранын ұстанған партияның тұғырнамасының басым бағыттары Қазақстан халқының рухани ұлттық, мәдени және азаматтық тұтастығын сақтай отырып, мәдениет саласына бөлінетін мемлекеттік қаржы көлемін ұлғайтуды, салықтық жеңілдіктерді қамтамасыз етуді, отандық мәдениет мекемелерін дамытуға кең мүмкіндік туғызуды, Қазақстанның мәдениет қайраткерлерін қолдауды жақтау қажеттілігіне арнады.

Жалпы өткен жылғы сайлауға қатысқан саяси партиялар өздерінің сайттарын дайындауда белсенділік танытты. Бүгінгі күнде саяси партиялардың имиджін қалыптастыруда Интернет жүйесінің рөлі күннен-күнге артуда. Мәселен, басқарушы партия – «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының жұмыстарымен танысқыңыз келсе, www.ndp-nurotan.kz мекен-жайынан барлық мәліметтерді алуға болады. Сонымен бірге, басқа партиялар да өз сайттарын ажарландырып жатыр.

Қазақстан Республикасында өткен Парламент сайлаулары халық пен биліктің, билік пен саяси күштердің арасындағы өзара қарым-қатынасқа, ашық та шынайы диалогқа жол ашты. Жауапты саяси ғалымдар халықаралық ұйымдар мен тәуелсіз бақылаушылар, халық тарапынан жоғары бағасын алды. Демократиялық-құқықтық мемлекет екенімізді әлем таныды. Сонымен қатар, әділ бәсекелестік жағдайында өткен саяси кампаниялар саяси жарнаманы дамыта түсумен қатар, халық жарнаманың мәнін түсінді. Қазақстандағы саяси жарнамаларға қатысты ғылыми материалдар дайындауға мүмкіндік молайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасы сайлау жүйесінің дамуы. - Алматы, 2004. - 34 б.
2. Феофанов О.А. Реклама: новые технологии в России. - СПб: Питер, 2000. - С.22-26.
3. Құрманбаева Ш.А. Қазақстандағы сайлау технологияларының қалыптасуы және әлемдік тәжірибе. - Семей, 2001. - 175 б.
4. Құрманбаева Ш.А. Қазақстандағы сайлау технологияларының қалыптасуы және әлемдік тәжірибе. Семей, 2001. - 184 б.
5. Семькина Ю. Золотые дни. //Континент. 2004. №17. С.24 - 29.
6. Выборы - 2004 в Казахстане: шаг за шагом. Монографический сборник. Под ред. Г.Т.Илеуовой, Д.Р.Ашимбаева. - А., ИД "Credo", 2005. - С. 164 - 179.

2008: Жолдау және ауыл

Қуаныш АЙТАХАНОВ,

ҚР Парламенті Сенатының депутаты, экономика ғылымдарының кандидаты

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына Жолдауы ауыл шаруашылығының дамуы мемлекетіміздің негізгі мақсаттарының бірі екенін көрсетті. Жолдауда атап өтілгендей, «ауылдарымыз бен селоларымыздың өмір сапасын жақсарту мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып қала береді» [1]. Ел өміріндегі осынау маңызды саланы дамытуға мыңдаған еңбеккерлер өз үлестерін қосуда.

Саланы қарқынды дамыту үшін Агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасы мен оны іске асырудың бірінші кезектегі шаралар жоспары [2] қабылданған еді. Онда экономиканың аграрлық секторын индустрияландыру, жеріміздің кеңдігі мен кейбір өнім түрлерін табиғи ортада тиімді әрі сапалы өндіру мүмкіндіктері, еліміздің географиялық тұрғыдан қолайлы болуы, бәсекеге қабілеттілікті арттыру, инфрақұрылымды дамыту, агроөнеркәсіп өнімдерінің рыногын мемлекеттік реттеу, елдің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жан-жақты қарастырылған.

Елбасы атап өткендей еліміз өткен жылдарда аграрлық секторды дамытуда айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізіп отыр. Осыдан бес жыл бұрынғы көрсеткіштермен салыстырғанда ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 2 есеге жуық өсті. Тиісінше иевестициялар көлемі де 3 еседен астамға ұлғайды. Жаңа техникалар мен технологияларды пайдаланудың арқасында дәнді дақылдар анағұрлым көп жиналып отыр. Соңғы үш жылда егінді міндетті түрде сақтандырудың енгізілуі құрғақшылық болған жылдарда да фермерлерге табыс табуға мүмкіндік туды.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің 2006-2007 жылдарғы көрсеткіштерін талдап қарар болсақ, онда ауыл шаруашылығы өнім көрсеткіштерінің 2005 жылмен салыстырғанда 7 пайызға өсіп 837,8 миллиард теңгеге жеткенін көреміз, ал ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін бір адамға шаққандағы өнім 357 мың теңгеге жеткен [3].

Ауыл шаруашылығы қызметін талдап қарасақ, егіншіліктегі жалпы өнім көлемі жыл санап өсіп келе жатқанын, сөйтіп 2006 жылы 432,6 млрд. теңге болып, 2002 жылмен салыстырғанда 1,9 есе өскендігін көреміз (1 кесте).

2005-2007 жылдар ішінде астық өнімдерін өндіру 2002-2004 жылдармен салыстырғанда 17 пайызға өсіп, 2007 жылы 20,1 миллион тоннаға жетті [4].

Өткен бес жылмен салыстырғанда 2002-2006 жылдары өнімдердің өнімділігі де артқан: астық 8 пайызға, макта 19 пайызға, жеміс-жидек 1,9 есеге, күнбағыс майы, қант қызылшасы, картофель және көкөністен 1,4 есе артық алынған (2 кесте).

1 кесте

2002-2005 жылдар ішінде егіншіліктегі
жалпы өнім көлемі (млрд. тенге)

	барлығы	егіншілік
2002	557	232
2003	615	260
2004	699	308
2005	764	400

2 кесте

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің
өнімділік көрсеткіштері (ц/га)

	1997-2001	2002-2006
Астық	9,8	10,6
Күнбағыс	4,4	6,3
Жеміс-жидек	22,6	43,1
Жүзім	34,3	44,7
Шитті мақта	18,5	21,9
Көкөніс	133,7	177,8
Картофель	101,6	143,5
Қант қызылшасы	151,6	208,7

Ауыл шаруашылығының негізгі капиталына жұмсалатын инвестиция көлемі де артуда. Ол көрсеткіш 2002 жылмен салыстырғанда 2006 жылы 3 есеге жуық артып, 45,5 миллиард теңгеге жетті [3].

Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбектеріне ақы төлеу де артып 2006 жылы 20605 теңгеге жетті [3].

Осынау табыстардың енгізігі көзі ауыл шаруашылығы саласына мемлекеттік қолдаудың жақсаруымен, беріліп жатқан мемлекеттік қолдаудың қомақтылығының нәтижесінде болып отыр, ол көрсеткіш 2005-2006 жылдары орта есеппен 35 млрд. теңгеге жетті.

Республикалық бюджеттен ауыл шаруашылығын қолдауға жұмсалып жатқан қаржының көлемін жылма-жыл салыстырып қарар болсақ, онда бөлініп жатқан субсидиялардың жыл санап өсіп жатқанын көреміз (3 кесте).

Дегенмен ауыл шаруашылығын қолдаудың әлемдік көрсеткіштерін өз елімізбен салыстырып қарар болсақ, онда бізде бөлініп жатқан қаржының тым мардымсыз екенін көреміз (4 кесте).

Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің ауыл шаруашылығына бөлінетін бюджет көлеміне қатысты көрсеткіштерін қарар болсақ, онда мынадай көрсеткіштер екенін көреміз: Еуроодақта – 2,8, Канадада – 7,8, АҚШ-та – 2,8, Норвегияда – 1,3,

3 кесте

2002-2006 жылдары республикалық бюджеттен ауыл шаруашылығына
бөлінген қаржы (жыл басына, млн. теңге)

	субсидиялар	кредиттер	барлығы
2002	1917,1	11551,9	33360,4
2003	4702,8	17208,2	53297,4
2004	7038,2	21000,2	68292,8
2005	8008,5	28053,2	80352,0
2006	14980,6	28149,9	89624,2

4 кесте

Түрлі елдердегі ауыл шаруашылығын мемлекеттік
қолдаудың көлемі (АҚШ долларымен)

	Жасыл корзина	Сары корзина	Көгілдір кор- зина	Всего
Қазақстан	12,2	4,9	-	17,1
Израиль	778,9	2396,4	-	3175,4
Норвегия	627,8	1302,5	970,5	2900,8
Канада	38,2	44,6	-	82,8
США	289,2	122,5	-	411,7
Еуроодақ	275,2	556,8	280,0	1111,9
Жаңа Зеландия	330,9	457,0	-	787,9

Израильда – 3,0, ал Қазақстанда – 13,5. Бұл сандық көрсеткіштер Қазақстанның өзге елдермен салыстырғанда ауыл шаруашылығына тым аз қаржы бөлетінін көрсетіп тұр.

Жоғарыдағы көрсеткіштер бізді ауыл шаруашылығын қолдау ісін әлі де жетілдіре түсуіміз керек екенін көрсетеді.

Елбасының халыққа Жолдауларында белгіленген міндеттер мен басымдықтарды заңнамалық тұрғыда қамтамасыз ету Парламенттің міндеті болып қала береді. Осы кезге дейін ауыл шаруашылығы саласына қатысты жиырмаға жуық заң қабылданды. Олар еліміздің агроөнеркәсіп саласын дамытуға құқықтық негіз болып отыр. Ауыл шаруашылығына қатысты арнайы заңдардың қабылдануы сала бойынша жағдайдың тұрақтануына, белгіленген басымдықтарды жүзеге асыруға деген сенімділікті арттыруға оң ықпал еткені даусыз.

Өткен жылы егіншіліктен мол өнім алынуына саланың құқықтық реттелуі мен тиісті заңнамамен қамтамасыз етілуінің де әсері мол болды. Атап айтқанда, 2005 жылы «Агроөнеркәсіптік кешен мен ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануы [3] ауыл шаруашылығына мемлекеттік қолдауды жүйелі түрде жүргізуді нақтылап берді. Соның нәтижесінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру еселеп арта бастады. Өткен жылы 22 миллион 500 мың тоннаға жуық дәнді дақыл жиналып, әр гек-

тардан 14,8 центнерден айналды. Қамбадағы астық елдің ішкі қажеттігін толық қамтамасыз етеді. Еліміздің экспортқа астық сату көлемі жыл сайын орта есеппен 4,5 пайызға артты.

Қазіргі кезде әлемнің дамыған елдерінің тәжірибесін пайдалана отырып, республикамыздың агроөнеркәсіп кешенін дамудың жаңа деңгейіне шығару міндеті тұр. Оны орындау үшін егін шаруашылығында бәсекеге қабілетті әрі халықаралық рынокта сұранысқа ие кейбір дақылдардың егін алқаптары ұлғаятын болады. Дамыған елдерде кеңінен қолданылатын тамшылатып суару мен топырақты құнарландыру, өндірісті әртараптандыру секілді осы заманда пайдаланатын технологияларды енгізуге ерекше назар аударылады.

Қазіргі кезде агроөнеркәсіп кешенінің алдына бірқатар жаңа әрі аса маңызды міндеттер қойылып отыр. Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында белгіленген шараларда еліміздің одан әрі даму стратегиясының көкейкесті міндеттері аталып өтілген. Жолдауда ең бірінші міндеттердің бірі ретінде еліміздің азық-түлік қауіпсіздігіне басымдық берілді. Парламент өткен жылы 21 шілдеде «Азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» Заңды [4] қабылдаған болатын. Еліміз азық-түліктің негізгі түрлері бойынша өз қажеттілігін қамтамасыз ете алады және оны экспортқа шығару мүмкіндігі де бар. Өсіресе, маңызды тамақ өнімдерін өндіруді ынталандыруға ерекше назар аударылатын болады.

Парламент 2003 жылғы 8 ақпанда «Өсімдік шаруашылығы туралы» заңды [5] қабылдады. Өйткені, өсімдік шаруашылығының бәсекеге қабілетті болуы тұқым сапасына тікелей байланысты екені айқын. Қазіргі кезде ел Үкіметі тұқым шаруашылықтарына тікелей қолдау жасаумен қатар, олардың жоғарғы сортты тұқымдарын тауар өндірушілерге арзандатып беру, бәсекеге қабілетті өнімді беретін отандық сұрыптауды енгізу, сорт алмастыру және жанарту бағытында бірқатар бюджеттік бағдарламаларды жүзеге асыруда және осы іске шаруаларды ынталандыруға күш салып келеді. Президент Жолдауында да бұл мәселеге ерекше назар аударылған болатын. Елбасы Үкіметке ауыл шаруашылығына барлық деңгейлерде жүйелі қолдау көрсетуде одан әрі шаралар қабылдауды тапсырып отыр.

«Өсімдіктерді қорғау туралы», «Мақта саласын дамыту туралы» заңдарды жүзеге асыруға орай жеміс, жүзім және мақта шаруашылықтарын жедел дамыту мақсатында бақша және жүзімдіктерді, жеміс бергенше оларды күту шығындарын жартылай субсидиялау ісі қолға алынды. Бұдан былай жеміс және жүзім өсірушілердің жарты шығынын бюджеттен қаржыландыру арқылы мемлекет көтеретін болды. Астық саласында да осындай үлкен қамқорлықтар мен реттеу шаралары қолданылады. Сонымен бірге мақта саласын дамытуға да айтарлықтай мемлекеттік реттеу істері белгіленді.

Қолда бар мәліметтер бойынша ауыл шаруашылығындағы өткен жылғы көрсеткіштер бұрынғы жылмен салыстырғанда 8,1 пайызға ұлғайған. Мәліметтерді саралай келіп, қазіргі кезде өндірілген өнім көлемі өткен жылдың соңында 1 триллион 50 миллиард 200 миллион теңге болды деген болжамға ие болдық. Нәтижесінде, ауыл шаруашылығында 2007 жылдың қорытындысы бойынша өнім триллион теңгеден асып кеткен болып шықты.

Қазіргі кезде ауыл шаруашылығында қол жеткен табыстарымыз да аз емес. Мемлекет деңгейінде қабылданған шаралар ауыл шаруашылығындағы тауар

айналымының төрт есеге жуық өсуіне оң ықпал етті, ол 4 миллиард АҚШ доллары мөлшерінен асып түсті. Таратып айтар болсақ, тек өткен жылдың тоғыз айында өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі 456 миллиард 700 мың теңге болды. Оның ішінде азық-түлік өнімдерін өндіру, сусындарды қосқанда, 410 миллиард теңгеге жетті. 2006 жылмен салыстырғанда бұл 8,2 пайызға артық. Ауыл өнімдері, атап айтқанда, ет, шұжық, балық өнімдері, көкөніс, жеміс шырындарын, күнбағыс және рапс майлары, сүт, сары май, ұн, жарма, макарон және кондитер тағамдары бұрынғыдан көбірек болды.

Енді Елбасының халыққа Жолдауынан туындаған міндеттерді жүзеге асыру тұрғысында ауыл шаруашылығы мен тамақ өнеркәсібіне инвестициялар тарту көлемі ұлғаятын болады. Қазіргі кезде сала бойынша негізгі капиталға жұмсалатын инвестиция көлемі де жылдан жылға арта түсуде. Өткен жылдың алғашқы тоғыз айында ауыл шаруашылығына келген инвестиция 30 миллиард теңгеден асқан болса, бұл алдыңғы жылдың осы мерзімінен 20,5 пайызға көп болып отыр.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру алда тұрған басым міндеттердің бірі. Алдыңғы қатардағы өңдеу кәсіпорындарын техникалық және технологиялық тұрғыдан қайта жарақтандыру мәселесі күн тәртібінде тұр. Мемлекет осы үдерісті ынталандыру мақсатында салаға өңдеу жабдықтарын жеңілдетілген бағамен лизингке беру, екінші деңгейдегі банктерден алған несиелерінің пайыздық мөлшерін, сонымен қатар өндіріске сапаның халықаралық стандарттарын енгізу жөніндегі шығындарды субсидиялау арқылы нақты қолдау көрсетуді қолға алып отыр. Сонымен бірге саладағы сегіз басым бағыт бойынша жұмыс істейтін өңдеу кәсіпорындарына қосымша құн салығын 70 пайызға төмендету көзделді. Мұндай оң шаралардың бәрі саладағы өңдеу кәсіпорындарының дамуына, бәсекеге қабілеттілігінің артуына ықпал ететіні айқын.

Үстіміздегі жылы басымдық берілетін және бәсекеге қабілетті дақылдар өсіруді ынталандыруға бағытталған шаралар қатарында жағар-жанар май мен минералды тыңайтқыштардың, гербицидтер және дәрі-дәрмектің бағасын арзандатуға бағытталған түрлі бағдарламалар бір арнада тоғысатын болды. Басымдық берілген дақылдардың тізімдерін және оларды өсіру үшін жұмсалатын шығындарды өтеуге берілетін субсидияларды өзгерту арқылы Үкімет ішкі және сыртқы рыноктардың даму конъюктурасы мен келешегіне байланысты өндіріс көлемін реттеуді қолға алатын болды.

Жолдауда мал шаруашылығына да мән беріліп, оның экспорттық әлеуетіне назар аударылды. Дүние жүзінде аграрлық елдер қатарындағы біздің ел үшін мал шаруашылығының келешегі зор екені белгілі, өйткені бізде жер-су жетерлік, мал өсіруге барлық қолайлы жағдарлар жасауға мүмкіндіктер мол. Сондықтан бірқатар жерлерде мал тұқымын асылдандыру ісі жолға қойылып отыр. Бұл туралы кезінде Парламент арнайы заң да қабылдаған болатын. Бүгінде малдың генетикалық әлеуетін арттыру және саланы өнеркәсіптік негізге көшіру жолымен мал шаруашылығын интенсификациялау қолға алынды. Селекциялық жұмысты жақсарту, оның ішінде малдың әлемдік және отандық гендік қорының озық жетістіктерін қолдана отырып, өндірісті жедел дамыту қажеттігі байқалып отыр. Ынталандыру жолдарын белгілеу және реттеу тетіктерін іске қосу арқылы Үкімет бұл міндеттерді шешу ісі-

не де белсенді қатысатын болады. Мал шаруашылығының қарқынды даму үдерісін ынталандыру мақсатында ірі кара мал мен шошқаны бордақылау үшін пайдаланылатын құрама жемдердің бағасын арзандату үшін жана бюджеттік бағдарлама енгізілді.

Қазіргі кезде мұздатылған және салқындатылған ет өнімдері әлемде сұранысқа ие болуда. Мұндай өзара тиімді сұранысты қанағаттандыру ісіне қатысу үшін біз ең алдымен халықаралық талаптарға сәйкес дамыған жемдік базасы және инфрақұрылымы бар қазіргі заманғы мал семірту алаңдарын салу, қалыптастыру жөніндегі жобаны іске асыруымыз керек. Тауар өндірушілер қызметін нақ осы мақсатқа тиімді бағыттау үшін ұйымдастыру шараларын қолға алумен қатар мемлекет олардың жұмысына жеңілдік беретін осы бағдарламаны енгізді.

Тұтас алғанда, агроөнеркәсіп кешенінде жүргізіліп жатқан оң шаралар аз емес. Әлемдік отын-энергетика саласындағы жаңа бағыттарға байланысты ізденістер қатары көбейе түсті. Сондықтан елімізде биоотын өнеркәсібін дамытуға бағытталған бірнеше серпінді жобаларды іске асыру қарастырылды. Қазақстан Республикасында 2010 жылға дейін биоотын рыногын дамыту бойынша кешенді шаралар жоспары әзірленіп, ол Үкімет қаулысымен бекітілді. Қазіргі кезде «биоотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» заң жобасы дүниеге келіп отыр. Осынау оң шаралар ауыл шаруашылығы саласын өркендеуіне оң ықпал етіп, мемлекет пен халқымыз қол жеткізетін пайда мен игілік молаятын болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан халқының өл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. 6 ақпан 2008 ж.
2. Агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асырудың бірінші кезектегі шаралар жоспары.
3. Материалы Министерства сельского хозяйства по итогам 2006 года. 17 января 2007 г.
4. Материалы об итогах 2007 года и основные направления деятельности Министерства сельского хозяйства. 16 января 2008 г.
5. ҚР «Өсімдік шаруашылығы туралы» заңы // Егемен Қазақстан 9 ақпан 2003 жыл.

Жер асты қазба байлықтарына салық салу мәселесі

Мүбәрәк ТІЛЕУБЕРГЕН,
экономика ғылымдарының докторы, Көкшетау университетінің профессоры

Қазақстан Республикасы нарықтық экономикасының даму барысы көрсеткендей табиғатты пайдаланудың ақылы жүйесіне көшу табиғат байлығына, атап айтқанда, минералдық ресурстарға салық пен төлем мөлшерін қалыптастыру қажеттілігін туғызды. Республиканың жер қазбалары бүгінгі күні де, болашақта да еліміздің экономикасын нақтылауда үлкен рөл атқаратынын ескерсек, минералдық ресурстарға төленетін төлемдер мен салық құрылымының оңтайлылығы сол еліміздің ресурстарын пайдалану деңгейі мен өндірістің тиімділігіне үлкен әсер етеді.

Белгіленген деңгейден төмен төлемдер мен салықтар кіріс мөлшерін төмендететінін тәжірибе көрсетіп отыр. Егер салық бағасы тым жоғары болса отандық жер асты қазбаларын пайдаланушылар өз қаражаттарын басқа экономикалық жағынан тиімді қызмет түріне ауыстырып, ал шетелдіктер де салық салу мөлшері аз елдерге ауысып кетулері мүмкін.

Бүгінде Қазақстан Республикасы жер асты қазбаларын пайдаланушы шетелдік инвесторларды тартуға бар күштерін салып жатыр. Бұл дегеніміз болашақтың кілті, және ол кілт өзінің күнделікті қажеттіліктерін өтеу үшін өз қазынасына біраз қаражатты талап етіп тұрғанын айту керек. Ал оны іс жүзінде толық жүзеге асыру үшін жер асты қазбаларын пайдалануға төлем мен салықтарды ғылыми тұрғыдан негіздеп, нақтылап алған дұрыс.

Қазақстан Республикасы экономикасындағы нарықтық қатынастар деңгейінің дамуы табиғатты ақылы пайдалану принциптері іс жүзінде кенінен қолданылып барлық негізгі заңды актылар мен құжаттарда көрсетіліп жүр. Дегенмен, Қазақстан Республикасы заңдарының жер асты қазбалары ресурстарына байланысты көптеген ережелері, ғылыми-дәлелденген әдістер мен белгіленген құрылымның, салық пен төлемнің қазба байлықтарды пайдалануда экономикалық механизмінің жоқтығына байланысты жұмыс істеп жатқан жоқ.

Ғылыми-негізделген жүйені құру, ғылыми-негізделген әдістерді дамытып анықтау және салықтар мен төлемдердің негізгі түрлерін бекіту оңтайландырумен бірге жер асты қазбалары мен ресурстарын дамыту өндірісін оңтайландырумен бірге экономикалық ынталандыру, және әлеуметтік әділдік пен оны жоспарлау, бұл мәселенің тұрақтануын және төлем мен салықтың жиналуын күшейтеді. Ал бұл жер асты қазбаларын пайдалануда отандық және шетелдік инвестицияларды тартуда үлкен рөл атқарады.

Табиғатты пайдаланудың ақылы түріне көшу ең алдымен экономикамыздың нарықтық қатынасының нығаюымен байланысты. Теория бойынша мұндай жағдай ойластырылмаған, бұл тек тәжірибеге сүйеніп қана шешілген мәселе. Сондықтан

да табиғатты ақылы пайдалану ұғымының теориялық жағын әлі де зерттеу қажет. Сонымен қатар бұл мәселеге мысал ғылып қана үнемі пайдаланылып жүрген бонустар, роялтиларды (патентті, лицензияны пайдаланғаны үшін өтемақы) алуға болады. Барлығымызға белгілі әр зерттеудің белгілі нәтижеге жетуі ол мәселені тура қою мен оны дұрыстап анықтаудан, және зерттеліп жатқан объектінің негізгі мақсатын анықтап алудан, түсініспеушіліктерді болдырмаудан тұрады. Міне біз осы ойларды жұмыстың негізгі арқауы етіп алуға тырыстық.

Бұл бағытта табиғатты пайдаланудың ақылы түріне көшу үрдісі табиғат ресурстарын пайдалануды бір ізге салып, еліміздің экономикалық тетігіне айналары сөзсіз. Табиғатты тиімді пайдаланудың ең басты тұтқасы табиғат ресурстарын пайдалануды ақылы түрге көшіру екенін тағы да қайталағымыз келіп отыр. Қазақстан Республикасы жағдайында табиғатты пайдаланудың жарқын болашағын тек қана экономикалық ақылы механизм арқылы, атап айтқанда төлемдер арқылы қол жеткізуге болады. Төлемдер мен салықтардың ішінде жер асты қазбалары ресурстарын пайдаланудың ең бастысы бонустар, роялтилар (патентті, лицензияны пайдаланғаны үшін өтемақы), ренталық төлемдер болып саналмақ.

Мақсаттылық және табиғатты пайдаланудың ақылы түріне көшу қажеттілігі, атап айтқанда табиғи ресурстарын пайдалануға төлем белгілеу, біздің экономикамызды басқарудың жаңа түріне көшуімен байланысты. Экономиканың нарық түрін негіздеуде табиғатты пайдалану саласының ақшалы-тауарлы жағын күшейту қажеттілігі пайда болып, ол табиғи ресурстарды пайдалану мен жағдайлар жасауға ең тиімді төлем түрін бекітумен тікелей байланысты болмақ. Біздің экономикалық байланысымыздың нарықтық дамуы шамасында табиғатты пайдаланудың ақылы принципін жетілдіру тұрақталып келеді. Қазақстан Республикасындағы қолданылып жүрген табиғатты пайдаланудың тиімді мәселелері туралы көптеген заңдар, біз айтып өткендей, бүгінгі уақытта әдістемелердің толық зерттелмей, табиғат ресурстарын пайдалануға төлем бекітілмегендіктен жүзеге асырылмай отыр.

Бұл жерде табиғи ресурстарды пайдалануға төлемдер мен табиғатты пайдалануда өндіріс нысандарына салықтар әлеуметтік-экономикалық жүйенің толық қаржылық және материалдық негізі болып саналатын ұлттық кірістің басты құралы ретінде көрсетіліп отыр. Алдағы уақытта табиғи ресурстарға төленген төлемдер оларды отандық және шетелдік жеке және заңды тұлғаларға (жалға немесе басқа да талаптармен берілгенде) табиғат пайдаланудың нысандарын сату-сатып алу қызметтерін іске асырғанда негізгі нормативке айналуы мүмкін.

Бүгінгі уақытта жер асты қазбаларын пайдаланушыларға арналған төлем бекіту мен салық салудың екі жүйесі бар. Оның біріншісі Қазақстан Республикасы Президентінің бұйрығымен енгізілген контрактілі деп аталады, ол «Бюджетке міндетті төлемдер төлеу мен салықтар туралы» Заңға сәйкес, ал екіншісі бұрын өндірілген минералды шикізаттың көлемі, бағасы, және оның таралымына байланысты төлем.

Салық салудың контрактілі жүйесі жер асты қазбаларын пайдаланушы басқа да барлық кәсіпкерлік құрылымдарға арналған жалпымемлекеттік және жергілікті салық пен мынадай төлем жүйелерін төлеуге тиіс:

1. бонустар: жазылымды, коммерциялық қайнар көздер (табыс бонустары есептелмейді, бүгінгі күні біздің республикамызда ол жүрмейді);

2. роялти;

3. табысүсті салық.

Қазба байлықты пайдаланушыларға салық салу шартының негізгі түрін алғанда екі модельге бөлінеді:

- бірінші модель Қазақстан Республикасы заң актілерімен бекітілген жер асты қазбаларын пайдаланушыға салықты және басқа да міндетті төлемдері арқылы қадағалайды:

- екінші модель Қазақстан Республикасы жер асты қазбаларын пайдаланушылардың үлесін өнім бөлігінің төлемі арқылы қадағалайды.

Қазақстан Республикасының «Өнім бөлу туралы» шарты бойынша өнім бөлу үлесі республикалық және жергілікті бюджеттің негізгі қоры болып табылып Қазақстан Республикасының жыл сайынғы республикалық бюджет заңнамаларына сәйкес бюджеттік қорға түсіп отырады.

Ақшалы түрде, белгілі тәртіппен, жер асты қазбаларын пайдалану шарты бойынша белгіленген төлемдер бонустар болып есептеледі. Жер асты қазбаларын пайдаланушы келісім шарттың түріне қарай бонустың бір немесе бірнеше түрін төлей алады.

Егер келісім-шарт берілген лицензияға сәйкес геологиялық іздеу жұмыстарына ғана арналған болса онда тек қана жазылымдық бонус төленеді, ол өз кезегінде Қазақстан Республикасы аумағында қызмет істеу құқығын беретін бір реттік, белгіленген төлем болып есептеледі.

Жазылым бонусының көлемін Қазақстан Республикасы Үкіметімен немесе осыған жауапты компетентті ұйым белгілейді, яки жұмыс істеп тұрған өндірісті сатушы немесе оның акциясын алып тұрған жеке меншік иесі өз келісім-шарттарына байланысты келісімге отырады.

Геологиялық іздеу жұмыстары сатысындағыларға жазылым бонусын айқындауда геологиялық жүйенің көлемі, аймақтың геологиялық зерттеу маңызы, аймақта инфрақұрылымдық және экономикалық маңызды пайдалы жер асты қазбалары бар деген сияқты мәліметтер ескеріледі. Жазылым бонустарының көлемдері әр түрлі келісім шарттарда бірнеше жүз доллардан, мыңдаған долларға дейін кей кездері миллиондаған долларға дейін шарықтап отырады.

Жазылым бонусы барлық геологиялық жұмыстарға оның алдағы болжауынан тыс, компенсациясы байқалмай бұрын төленетін болған соң негізгі төлем жер қазбаларын пайдаланушы үшін өте маңызды әрі ауыр болып келеді. Әсіресе ереже бойынша артық-ауыс ақшасы жоқ, оны дер кезінде төлеу керек болған соң үлкен пайызбен несие алатын отандық өндірушілер үшін бұл өте қиын.

Жазылым бонусы мен коммерциялық бонус төлемдерін төлегенде, атап айту керек, жер асты қазбаларын пайдаланушылар оның нормадан тыс үстемақысына қанағаттанбайды, өйткені коммерциялық төлем бонусы заң жүзінде аванстық салық төлем болып есептеледі, және кейінірек барлық пайыз мөлшерімен кері қайтарылуы керек. Ал бұл да жобаның жалпы экономикасын ойсыратып жіберуі мүмкін. Сондықтан барлық жер асты қазбаларын пайдаланушылар төлемнің алдын-ала төленгенін емес өнімді өндіргеннен кейінгі төлемін қалап тұрады.

Жалпы потенциалдық инвесторлар әсіресе шетелдіктер мұнша көлемдегі бонусты төлеуге құлықсыз, олар әлемдік тәжірибеде кеңінен қолданылатын жүйе бойынша жер асты қазбаларына бір реттік өнім салығын төлегенді жөн көреді.

Бірақта, біздің республикамыз үнемі бюджеттің жұтандығын желеу етіп алдына салық салуға мәжбүр.

Отандық және шетелдік инвесторлар үшін онша дау туғызбайтын және түсінікті жер асты қазбаларына төлем – роялти деуге болады. Өндірілген пайдалы жер қазбаларының түріне қарап салық заңнамаларына сәйкес роялтидің бекітілген көлемі түрліше.

Пайдалы қазбалардың ең маңыздыларының бірі – көмірсутегіне – роялти оның өндірілген көлеміне байланысты, оның стандартты сортына қаралып, транспорттық шығындары ескеріліп, жанама салық төлемі белгіленбей, сатылатын жеріне дейінгі транспорт бағасы да ескеріліп белгіленеді.

Көмірсутегін өндіру келісім-шартында роялти белгіленген пайызбен оның көлеміне байланысты делінген. Одан басқа барлық қатты пайдалы қазбаларда (жалпыға белгілі және қымбат металл мен тастарды есептемегенде) роялтидің тиімділігі оның жанама салықты есептемеуі мен оның бағасын есепке алуы болып саналады.

Пайдалы қазбалардың мәліметтерін келісім-шарт уақытында жобаның бел байлаған өлшемі мен іздеудің ауырлығы сол жердің зерттеулері бойынша келісім-шартта көрсетілген техникалық-экономикалық санақ бойынша 12-20 пайыз ғана болса роялтидің бастапқы бағасы белгіленеді.

Ең соңғы жер асты қазбаларын пайдаланушылардың арнайы салығы болып табысүсті салық есептеледі, ол «Салықтар туралы және басқа да міндетті бюджет төлемдері туралы» заңға сәйкес жер асты қазбаларын пайдаланушы 20 пайыздан астам өнім табысын алғанда жүзеге асырылады.

Табысүсті салық салу өлшемі прогрессивтілік көрсетіп ішкі өнім өндіру 20-30 пайызға дейін жеткенде ол да нөл пайыздан отыз пайызға дейін өседі.

Бүгінгі уақытта жер асты қазбаларын пайдаланушылар салығының болуына занды түрде қырын қараушылар көп, неге десеніз ол олардың басқа сала инвесторларымен (мысалға: жер пайдаланушылар, су пайдаланушылар) салыстырғанда қатар тұра алмайтындығын байкатады.

Ең алғашқы «Салықтар туралы және басқа да міндетті бюджет төлемдері туралы» бұйрықтың мәтінінде табысүсті салық төлемі пайдалы қазбалардың және техногендік ұйымдастырулардың өңделуі рыноктық жағдайда және өнімнің таралуына жақсы жағдай жасалғанда ғана деп көрсетілген еді, кейін ол ішкі өнім 20 пайыздан жоғары асса деп өзгертілді. Бірақта ішкі өнімнің 20 пайызы тек қана жер қазбаларын пайдаланушыда ғана емес басқаларда да болса неге бірдей экономикалық көрсеткіш жағдайында біреулері табысүсті салық төлейді ал біреулері төлемейді. Бұл жерде барлығымыз сүйіп айта-тын барлық салық төлеушілердің теңдігі сақталмай отыр. Сонда жер асты қазбаларын өндірістік белгілері бойынша еліміздің басқа өндірістерімен салыстырғанда жер қазбасын пайдаланушы өгей баланың күйін кешіп отыр, әрине олар өздерінің бұл күйлеріне келіспеушілік білдіреді. Бүгін, егемендік алған шакта, әсіресе нарық тұсында, табиғат ресурстарын пайдалану төлемді жүйеге көшті. Бірақ табиғат ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемнің түрлері, мақсаты, төлем мөлшері әлі күнге дейін дүниежүзілік деңгейде бір жүйеге келтірілмеген және көбіне пайдаланушы мен табиғат ресурстары иесінің (заң бойынша табиғат ресурстарының иесі мемлекет) келісімі бойынша анықталады.

Автор бұл салада өзінің ғылыми жетекшісі Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты экономика ғылымдарының докторы, профессор Зада Қарғажанұлы Қарғажановтың қалыптастырған теориялық бастамаларын жалғастырып, табиғат ресурстарын пайдалану үшін құқықтық төлем, пайдаланғанда ренталық төлем, табиғат ресурстарын қалпына келтіру төлемдері, қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер жүйесін теориялық тұрғыдан негіздеп, және оны нақты кен көздері мысалында төлемдер мөлшерін анықтаған [1].

Негізі салық пен төлемнің мағыналары екі бөлек нәрсе. Салық-табыстан түскен төлем арқылы бюджетті қалыптастыруға, фискалды саясатты іске асыруға, әлеуметтік жағдайды реттеуге арналса, табиғат ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемдер, оны тиімді пайдалануға, қалпына келтіруге және қоршаған ортаны ластанудан сақтау үшін арналады. Орман, су және мұнай ресурстары үшін төлемдер бұрыннан белгілі болса, қатты пайдалы қазбалар үшін бұл әлі игерілмеген тың.

Минерал ресурстарын тиімді пайдаланудың тағы бір келелі жолы, қазып алынған кенді барынша толық, кешенді пайдалану. Қосалқы компоненттерден түсетін пайда негізгі металдардан түсетін пайданың жартысындайын береді, зиянды фосфор, мышьяк сияқты компоненттерді алу арқылы қоршаған ортаны ластанудан сақтаймыз.

Бүгінге дейін «роялти» салығы дұрыс алынбайды. Салық кодексінде өндіріліп алынған пайдалы қазбалардың көлемі салық салу нысаны болып табылады. Пайдалы қазбалардың көлемін, тек оңайын, жақсыларын алу арқылы ғана көбейтуге болады. Сондықтан, дұрысы, өндіріп алуға дайындалған, яғни маркшейдерлік өлшеммен бекітілген қордан салық алсақ, сонда ғана бекітілген қорды толық пайдалануға мүмкіншілік туады.

Жалпы табиғат ресурстарын пайдалануда диверсификациялау арқылы, яғни қазып алынған шикізат ретінде ғана емес, оны әрі қарай өңдеп, дайын өнімдер алсақ және соны сатсақ қана ұтарымыз мол болады.

Одан басқа барлық табиғат ресурстарына кадастр жасасақ (табиғат ресурстары туралы толық информация), экологиялық мониторинг жүргізсек, сонда ғана табиғат ресурстарының қазіргі жағдайын біліп, тұрақты экономиканы қалыптастыру үшін тиімді пайдаланудың жолдарын айқындауға және болашақ буынға табиғат ресурстарын қалдыру мүмкіншілігі туындайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Тлеуберген М.А. Экономическая оценка минеральных ресурсов. – Кокшетау: Кокшетауский университет, 2004. – 382 с.
2. Каргажанов З.К., Тлеубергенов М.А. и др. Теория и методика установления платы за использование минеральных ресурсов (на примере цветной, черной металлургии и нефтяной промышленности Казахстана). – Алма-Ата, 1992. – 155 с.
3. Каргажанов З.К., Баймырзаев К.М., Калиаскарова З.К. Платежи за пользование природными ресурсами. – Алматы, 1997. – 162 с.

Әлемдік экономика интеграциясына ену – Қазақстан экономикасы дамуының негізі ретінде

Гүлнар ӘНДІРЖАНОВА,
саяси ғылымдарының кандидаты, әль-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың саясаттану кафедрасы ізденушісі

Өткен ғасырдың аяғында ғылым мен техниканың даму деңгейі көп елдердің экономикасының динамикалық өркендеуінің негізгі факторы болды. Әлемнің алдыңғы қатарлы елдері кез-келген мемлекеттің қарқынды дамуы үшін әрдайым инновациялық жаңалық керек екендігі туралы шешімге келді.

Осыған байланысты соңғы кезде көптеген елдердің ғылыми-техникалық және инновациялық беделінің өсуі негізгі мақсаты болып отыр. Бұл мемлекеттер өздерінің ұлттық инновациялық жүйесін жасап, дамыта бастады. Мәселен, 2002 жылы Францияда, 2005 жылы Қытайда ғылыми зерттеу министрлігі және өнеркәсіп министрлігі «Инновациялық жоспар» жасалып, назарға ұсынылды.

Мәселен, соңғы жылдары ғылым мен техниканың тез өркендеуі Оңтүстік-Шығыс Азия, Скандинавия елдері (Финляндия, Швеция) елдерінен байқалады. Жаңа индустриалды елдер (Гонконг, Сингапур, Тайвань, Оңтүстік Корея) бір жарым-екі жылдың ішінде өздерінің ІВШ өсіріп, АҚШ және басқа еуропалық елдері көрсеткіштеріне жақындап келеді. Экономикасын дамыған елдердің ІВШ жоғарытехнологиялық шикізаты 2020 жылдарда 40 % асады деп болжалануда [1].

Инновациялық жолға ақырындап ТМД елдері де түсуде. Қазақстан Республикасында Президент Қаулысымен «Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдар аралығындағы индустриалды-инновациялық даму стратегиясы» бекітілді. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев айтқандай: «Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алып экономикалық және саяси даму жолына түскеніне 15 жыл өтті» [2].

Мемлекеттік 2003-2015 жылдар аралығындағы индустриалды-инновациялық даму стратегиясы Қазақстан Республикасы экономикасының диверсификациясы ықпалы арқасында ішкі кәсіби базаның дамуы мен нығаюына арналған. Стратегияның бастаушы саласы болып: құрылыс, машинажасау, жеңіл және жасаушы өнеркәсіп, ақпараттық және биологиялық технология, мұнайхимиялық индустрия табылады. Стратегияның жүзеге асыуына көптеген кәсіпорындар жұмылдырылды, атап айтқанда Ұлттық инновациялық қор, Қазақстан Инвестициялық қоры, экспорттық несие және инвестиция Мемлекеттік сақтандыру корпорациясы, маркетинг және аналитикалық зерттеу Орталығы, инжиниринг және трансферт технологиясы Орталығы, Қазақстан даму Банкі және «Казинвест». кәсіпорындардың кейбіреуі Стратегияны жүзеге асыру мақсатында құрылған.

Сараптамалар көрсеткендей, соңғы жылдары Қазақстан ІВШ құрамындағы өңдеуші кәсіпорындардың алатын орны төмендеп, республика қолбасшысын қатты қобалжытып отыр. Мәселен, ол 2003 жылы 14,2 % 2005 жылы 12 %, 2006 жылы 11,6 % төмендеді. Өңдеуші кәсіпорындар жалпы 2003 жылы 42,3 %, 2006 жылы 36,6 % төмендеді [3]. Жағдайды жақсарту үшін республика экономикасында диверсификация мен модернизация жүргізу керек. Осы жағдайды шешу үшін 2003-2015 жылдарына арналған ҚР индустриалды-инновациялық Стратегиясы қабылданды. Осы жылы экономика саласының тез дамуын шұқамтамасыз ететін елдің шикізат қорын ысырап етпеу мақсат тұтатын оның екінші этапы басталды. Қазақстан Республикасының индустриалдық-экономикалық даму Стратегиясы Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі елдің тұрақты дамуын экономика саласының диверсификация арқылы, шикізаттықтан қайтаөңдеуге бағытталған. Стратегияның негізгі міндеті болып мыналар табылады: қайтаөңдеу орындарда жалпы жылдық өсімді 8-8,5 % көтеруді қамтамасыз ету, 2015 жылға таман еңбек шығымын, 2000 жылмен салыстырғанда, 3 есе өсіртіп, ІВШ қуатаумағын екі есе төмендету; өңдеуші кәсіпорындардың негізгі қорын өсіру, кәсіпкерлікті жандандыру; жеке секторды жандандыратын жалпылық институтты қуаттандыру; бәсекелестікті жетілдіру; экспортқа бағытталған жоғарытехнологиялық кәсіпорын ашуға ниет ету; елдің экспорттық беделін диверсификациялауда тауар мен қызмет көрсету мүддесіне шешу; әлемдік және аймақтық экономиканың ғылыми-техникалық және инновациялық процестерге дамуын, көшуін қамтамасыз ету. Бәсекелесе алатын және экспортқа арналған тауарлардың шығарылуы, өңдеу кәсіпорындарының жұмысы, қызметі қазіргі таңда мемлекеттің ең негізгі индустриалдық-инновациялық саясатты болып отыр [4].

Стратегия барысында мынадай институционалдық бірлестіктердің, атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры, «Қазақстан Даму Банкі» АҚ, «Қазақстан Инвестициялық қоры» АҚ, «Ұлттық инновациялық қоры» АҚ қызмет көрсетуін активтеу, яғни бұлар Стратегияның жүзеге асуының негізгі тетігі болып табылады. Ұлттық қор ҚР Президенті Қаулысы бойынша 2000 жылдың 23 тамазында елдің саяси-экономикалық тұрақты дамуын, келесі ұрпаққа қаржы қорын жинақтау (жинақтау функциясы), сыртқы қолайсыз факторлардың ықпалын төмендету (тұрақтылық функциясы) қамтамасыз ету мақсатында құрылды. Қор Қазақстан Республикасы Үкіметі есебіндегі Қазақстан Ұлттық Банкі қаржылық активіне бағытталды. Қордың шығыны тұрақтандыру функциясының орындалуы, яғни Қордан республикалық және жергілікті бюджетке түсіммен сипатталады. Бұл бекітілген және қолдағы бар сома арасындағы шикізат секторынан түсетін салық және басқа да міндетті төлемдер арасындағы жоғалтымдарды теңестірмек.

2007 жылдың басындағы берілген ҚР Ұлттық банкі көрсеткіштеріне орай, Қазақстан Республикасы Ұлттық қор активтері 17.467,0 АҚШ доллары немесе 2.186 млрд. Теңгеге көтерілген. Инновациялық жобаның рөлін арттыруда 2001 жылдың 25 сәуірінде құрылған «Қазақстан Даму Банкі» де көп жұмыс атқаруда. Даму Банкінің негізгі мақсаты мемлекеттік инвестициялық қызметтің жетілдіруі, өндіруші кәсіпорынның және кәсіптік инфрақұрылымның дамуы, республика экономикасына сыртқы және ішкі инвестицияны енгізу болып табылады. Қазақстан даму Банкін ұйымдастыру актуалдығы ұлттық экономиканың тұрақты дамуы мен оның істерінің керектігінен туындаған [5].

Қазақстан Республикасының дамуындағы индустриалды-инновациялық Стратегияның іске асуында үш кезең бар. Бірінші кезеңде, 2003-2005 жылдары заңға, салалық даму бағдарламасына, өзгерістер негізілді, білімді, ғылымды, мамандар даярлауды қаражатпен шқамтамасыз ету жақтары айқындалды. Сондай-ақ мемлекет өзі іске асыра алатын даму институты ашылды.

Екінші кезең - 2006-2010 жылдарға келетін, қарамағына жеке сектор инициативы кірігетін, жеке жоба іске асыру қатысушылары - инвесторлар іздеу, мамандар даярлау, құрылыс және негізгі, жанама объектілер кіреді.

Үшінші кезең - 2011-2015 жылдар Стратегия орындалуының ең жемісті жылдары болмақ. Осы кезеңде машинажасау, мұнайхимия, акпараттық технология жөте басқаларын игеру басталады. Аяғында, экспорт пен экономика саласының құрылымының диверсификациясы болады.

Еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев 5.04.2006 жылы Ресей мемлекетінде өз сөзінде былай деген: «2003 жылы, экономиканың шикізаттық бағытынан бас тарта, біз экономика диверсификациясына бағытталған, тауардың және қызметтің дамуына, жоғарытехнологиялы сервистік экономика негізін қалаудағы индустриалды инновациялық стратегияға бет алдық. Бұларды іс жүзінде қолдану үшін міндеттер қабылданды - бұл жай жоспар емес, біз оларды қаржыландырдық». Бұл үшін: біріншіден, екінші деңгейлі банктер көтере алмайтын ірі жобаларды қаржыландыратын Қазақстан даму Банкі, шикізаттық емес бәсекелестік жасай алатын Қазақстан инвестициялық қоры; үшіншіден, венчурлық қор инновациялық жобалар қаржыландыратын Ұлттық инновациялық қор, кіші және орта бизнеске аз пайыздық несие беретін кіші кәсіпкершілік Қоры ашылды. Мемлекеттік бюджеттен бұл институттардың дамуына жалпы капитализациялау 1 миллиард 100 миллион доллар құрады [5]. Солардың арқасында бүгін көптеген жұмыс орнын бөліп отырған жүз жиырма үш жоба қаржыландырылып отыр, бұлардың барлығы модернизелінген кәсіпорындар. Биыл басқа да елдерді инвестициялауға жарайтын Қорлар тұрақты дамитын институтқа бірікті. Кіші және орта бизнестің бәсекелестігін жоғарылату үшін елдің барлық аймағын қамтитын арнайы кәсіпкерлік корпорация (АКК) ұйымдастырып жатырмыз. Олар аймақтық кіші және орта бизнеспен ортақтасып, халықаралық сапа стандартын енгізуге жол салып, трансферт технологиясын басқару, консалтинг және корпорация дамуына ықпал жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Известия. - 2007. - 20 марта.
2. Назарбаев Н.А. Казахстанский путь. - Караганда, 2006. - С.44.
3. Казахстанская правда. - 2006. - 15 июля.
4. Казахстан за годы независимости: Информационно-аналитический сборник. - Алматы, 2006. - С.122.
5. Известия. - 2006. - 5 апреля.

Алтын Орданың қарулы күштері

Айболат КӨШКІМБАЕВ,

тарих ғылымдарының кандидаты, Көкшетау университетінің доценті

Қазақстанның ортағасырлық тарихы мен түркі-моңғол халықтарының осы кезеңі Жошы және Шағатай шыңғыс ұлыстарының құрылуы мен өмір сүруі арқылы анықталады. Осы мемлекеттік құрылымдарды зерттеусіз кейінгі тарихтың оқиғалары мен фактілерін көзге елестету және жаңарту қиындық туғызады. Олардың ішкі өмірін бейнелейтін жарқын жақтарының бірі XIII-XIV ғғ. шыңғыс тұқымының әскери ісінің дамуы мен қарулы күштерінің құрамы болған.

Алтын Орда мемлекеті моңғолдардың «Соңғы теңізге» жорығы нәтижесінде құрылды. Осы жойқын шапқыншылық кезінде басып алынған жерлер Шыңғысханның үлкен ұлы Жошы тұқымының еншісіне тиді. Сондықтан араб және парсы авторлары бұл жерлерді Жошы ұлысы немесе сол кезеңде билік құрған ханның атымен атаған, мысалы Бату, Берке, Өзбек және т.б. Мемлекет ұлан-байтақ жерді алып жатты. «... Бұл мемлекеттің шекарасы Жейхун жағынан: Хорезм, Сығанақ, Сайрам, Яркенд, Джанд, Сарай, Маджар қаласы, Азак, Ақчакермань, Кафа, Судак, Саксин, Уек, Булгар, Сібір және Ібір, Башкыр және Чулыман облыстары, Чулыманнан кейін Сібір мен Ібір иеліктерінің шекарасы Хатай шегіне тиіп тұр. Ірі өзендерден бұл мемлекетте белгілісі Сейхун, Джейхун, Дунай, Итиль, Яик, Дон и Торлу (Днестр)...» - деп жазады әл-Омари [СМИЗО, 106 б.].

Шыңғысхан тұқымының ханзадалары кеткеннен кейін ұлыстың бірінші билеушісі Батудың қарауында төрт «тек мыңдығы» қалды, олар Рашид-ад-Диннің айтуынша: «сол қол» әскерін құратын Мүнгүр мыңдығы, «орталық әскер» Хуштай мыңдығы, «оң қол» (бараунгар) әскері Байку мыңдығы. Төртінші Кунгитай мыңдығы Орда басқаруында болды, және батысқа жорық кезінде алдыңғы қатар қызметін атқарып, кейін Орда ұлысына кеткен болуы тиіс [СМИЗО, 405 б.].

«Вассафа тарихынан» белгілісі олардың «түменнен де көп тірі әскерді» құрағандығы [СМИЗО, 268 б.]. Бұдан басқа Куки-ноян мен Мугеду-киян мыңдығы болған, бұл да Рашид-ад-Диннің айтуы бойынша, бір түменді құраған [СМИЗО, 405 б.]. Бұл батысқа жалпымоңғол құрылтайымен жіберілген контингент болған сыңайлы. 10000 жәй мыңдық үшін көп екендігі анық, сондықтан әртүрлі тайпадан шыққан екі ноян басқарады. Үгедей Гуюк пен Менгуді кері шақырады, олармен бірге жеке әскері де кетеді. Контингенттің өзі қалған болуы керек. Үгедейдің қазасы туралы хабар келгеннен кейін барлық қалған ханзадалар тақты бөлуге кетеді, тек ағайындарымен Бату ғана қалады.

Мыңдық негізінде ұлыстың 4 «әскери округі» құрылды, олар өз кезегінде «түмен» мен «мыңдықтарға» бөлінді. Әскер қатары жаулап алынған халықтар - орыстар, черкестер, қыпшақтар, мадиярлар және басқалар есебінен толықтырылып отырды. Ұлыстың басында ұлыс басшысы (әмір) немесе «жорық әмірі» тұрды, ол жорық кезінде әскерге жетекшілік етті. «Оң қол» ұлысы Қаратеңіз жағалауы

даласында Днестрден Донға дейін, «Орталық» ұлысы Доннан Еділге дейін, «Сол қол» ұлысы Еділден Хорезмге дейін орналасқан болуы мүмкін. «Орда» ұлысы жартылай тәуелсіз болды және басынан Орта Азияда өз саясатын жүргізді. Мемлекеттің оңтүстік шекарасында Дербентте «күзетші қол», яғни Орда әскерінің алдыңғы сабы орналасты. Хорезм әскері ерекше тұрды.

Батудың тірі кезінде-ақ Жошы ұлысы Иранды жаулап алу үшін 3 түмен әскер шығарған. Құрам әр 10-нан 2 адамнан жинақталған; Жошы ұлысында ол кезде 15 түмен, оның 5-і шығыс бөлігінде (Орда ұлысы) болғанын есептеу қиын емес. Орда ұлысының көбірек үлес қосуын ондағы қыпшақтардың көп орналасуымен түсіндіруге болады, олар моңғол әскерінің қатарына жылдам және зор ықыласпен сіңісіп отырды. Орданың жеке еншісіне (Бату ұлысы) 10 түмен (3- оң қанат, 3- сол қанат, 3- орталық, 1- «күзетші қол») тиесілі болды.

Берке кезінде түмендер саны ұлғайды, Египет елшілігін қабылдауды сипаттауда 50 немесе 60 әмірлік көрсетілген [СМИЗО, 45 б.]. Егер бұл әмірліктер мыңдық болса аздау, егер түмен болса, сенгісіз. Әсте 15-ті 50-мен, 16-ны 60-пен шатастырған болуы тиіс.

Токтаның Ноғаймен соғысын суреттеуде Рукн-ад-дин Бейбарста Токтымен бірінші шайқастағы Ноғай әскерінің қолбасшылары санамаланған, олардың саны 17, Ноғайдың үш ұлын қосса – жиырма; егер түменді 10000 әскерден есептесе, оларға 200000 атты тиесілі. Түмен санының көптігін моңғол емес әскерлердің – орыстар, ясылар, венгрлер, болгарлар жасақталуымен түсіндіруге болады, мысалы, Теркерий – бұл болашақ болгар патшасы Федор Святослав Тертер [СМИЗО, 60, 61, 78 б.].

Токта, Рашид-ад-диннің айтуынша, 30 түмен шығарған. Жеңістен кейін Ноғай ұлдары бәсекелестері Құрмышы ұлдарын (орыс жылнамалары бойынша Куремсы) жоюды шешеді. Шамасы бұл «Сол қанат» ұлысы болуы керек. Жеңіс олардан теріс айналды, алты «ұлы әмірлік» Токта жағына шығып кетті. Ноғай 6 немесе 7 түменінен айырылып қалады. Екінші қақтығысқа Токта оңтүстік шекарадан әскер тартып, барлық қол астындағы күштерді жинады. 16 түмен және ханның 3 бауыры болып шықты. Рашид-ад-дин бұл шайқаста Ноғайға 30 түмен және Токтаға 60 түмен береді. Меніңше, Ноғайда 13 түмен, Токтада 16 түмен болғандығы дәлірек болады. Өзбек кезінде 17 түмен басшысы және 170 мың әскер болғандығын Ибн Батута айтады [СМИЗО, 61, 62, 64, 65, 88, 138, 424 б.].

Токтамыс кезінде Кундурче түбіндегі шайқаста тағы 17 түменді көреміз, алайда бұл Орда ұлысының, Хорезм және одақтас орыстар мен черкестер әскерін қоса есептегенде [СМИЗО, 348 б.]. Бату ұлысының территориясында әртүрлі уақытта 15-тен 17-ге дейін түмен болғандығын жорамалдауға болады, қалғандары Русь, Булгар, Хорезм, Болгария, Византия, Грузия және басқалардан ерікті немесе бағынышты одақтас ретінде тартылды.

Шартты түрде түмен 10000 әскер шығара алады, бірақ бұл тек теория жүзінде ғана. Моңғол құқығы бойынша әскерді ешкім салықтан босатпағанын ұмытпаған жөн. Ер адамы жоқ болған жағдайда, барлық салмақ отбасы ретінде әйелдің мойнына түскен. Әскери борыштан басқа да қызмет түрлері болды – ямск қызметі, аң аулауды ұйымдастыру және басқа. Әрбір он әскери міндеттіден бір немесе екі, сирек одан көп адамды «жасақтау» «отряжение» дағдылы тәжірибе болды. Хулагумен алғашқы шайқас кезінде Берке 10 адамның 8-ін жинақтау туралы хабарлағанда, 10 жастан асқандардың барлығын атқа отырғызуға тура келді [СМИЗО, 50, 264-265, 421 б.].

Токта әскерін Ноғай әскерімен соғысқа жинақтаудың сипаттамасы көрнекті болып табылады. Сипатталған оқиғаның жазушыдан алшақтығына байланысты

әскер саны 250000-нан 150000-ға дейін қысқарған, бірақ бұл аса маңызды емес, әйтсе де түмен саны 15 болғандығын дәлелдейді. Бұл туралы Ибн Фадлаллах әл-Омаридің мәліметі қызықтырақ: «... Ол (Токта) оған қарсы әрбір ондықтан бір адамнан жасақтады, жасақталғандар саны 250000-ге жетті». Мұны Номан нақтылайды, «жинақталған мен еріктілерден тыс есеп пен сметаға кіргендер. Әрбір аттылы өзімен бірге екі жалшысын, отыз бас қойын, бес бас жылқысын, екі жез құтысын және қару-жарақ таситын арбасын алып жүрген» [СМИЗО, 109 б.]. «Соғыс» мыңдығына кем дегенде 1000 ауыр қаруланған аттылы әскер, 1000 қару тасушы (ев-оглан), кейде жаяу әскер немесе жеңіл атты әскер ретінде пайдаланылатын, 1000 жүк тасушы кіргендігін жорамалдауға болады. Бұл құрамға 1000 арба мен малдан тұратын керуен де кірді. Бұдан басқа жастардан «еріктілер» тартылатын, олардың да өз жалшылары мен жүктері болған. Бұл мәліметтер жеңіл атты әскер ретіндегі Сейхуннан Дунайға дейінгі аралықты кезіп жүрген орда әскері туралы қалыптасқан түсініктерге қайшы.

Жинақталу жайлы хан арнайы қуғыншы арқылы хабарлайтын және ол жоғарыдан төмен қарай жүретін: хан-ұлыс басшысы-түменші-мыңшы-жүзші-оншы. Әскердің жиналуына арнайы орын белгіленетін. Белгілі мақсаттар үшін ғана түмен, ұлыс (қанат) немесе бүкіл әскер көтерілетін, бірақ өте сирек жағдайда. Әдетте бір қанаттың және орталықтың немесе бір қанаттың, тіпті бір түменнің әскері жеткілікті болатын. «Әскери» мыңдықтан хан немесе «жорық әмірлері» бірінің басшылығымен жасақ қалыптастырылатын.

Ордалық жасақ құрамында тұрғылықты моңғолдар аз болды. Алғашында жасақ барлық ру аксүйектері жойылған қыпшақтармен және басқа да жаулап алынған халықтармен толықтырылды, олар «оннан біреу» принципі бойынша кең далаға шығарылды. Есте қаларлығы, Хулағқа көмекке жіберілген әскер бытырап қашқанда, 1500 адамнан тұратын бір бөлігі Египетте қалып қойды, бұларға 16 әмір тура келді. Олар мыңдық-әмірлерімен қалған «табиғи» моңғолдар болуы керек, бөтен рулар жаңа қожайындарында қалған сыңайлы.

Моңғолдық жүйе өте мұқият ойластырылған. Ол жаңа шақырылған әскердің қаруланғандығын, моңғолша киім киіп, шаш қоюын талап еткен. Моңғолдық мыңдыққа түскен сарбаз тез арада сіңісіп отырған. Қыпшақтар басқаларға қарағанда тезірек бейімделді, тіпті моңғолдардың өздерін өзгертіп отырды. Қыпшақтар Орда жасағының негізін құрады.

Ноғай кезінде Днестрде орналасқан Яссы түмені жайлы айтылады. Токта жасағының құрамында орыс әскерлері де бар, олар шешуші соққы беретін және жауды қуғындайтын элиталық құрамда болған. Алайда мұндай «ұлттық құрамалар» болуы азаматтық соғыстың әсерінен деп есептеледі.

Орда жасағындағы келесі интернационалдық құрам Токтамыс кезінде байқалады. Жылнамаларда «тас бауыр дінсіздер», «имансыз зинакорлар» және «рақымсыз, жауыз пұтқа табынушылар» туралы алуан түрлі ескертпелер бар. Мұсылмандық жазушы үшін бұлар тек христиан болуы мүмкін, яғни орыстар, черкестер және басқалар [СМИЗО, 280, 292, 333, 338 б.].

Орда жасағы үшін негізгі ұйымдастырушылық бірліктүмен болды. «Территориялық» түменнен соғыс жағдайында әрекет ететін әскери бірліктер жасақталатын.

Жылнамалардан қай жерде әскердің шынайы саны, қай жерде «жасақталған» түмен саны айтылатындығын анықтау қиын. Мысалы, «701 жылы (1301 ж. 6 қыркүйек – 1302 ж. 25 тамыз) Тұрай, Ноғайдың ұлы, әкесі мен екі бауыры үшін кек алуға аттанды. ... Солай ол Менгугемірдің ұлы Сарайбұғаға келді. ... Ол онымен келісті. ... Ол өзінің 10000 жасағымен мұз болып қатқан Еділ өзені

арқылы атпен аттанды». Бір жағынан Сарайбұғаның 10000 аттымен аттанғаны анық сияқты, екінші жағынан біз жорыққа бүкіл түмен бармағанын білеміз. Егер барлығы «жасақталған» болса, онда ол 30000. Бәлкім Рукн-ад-дин Бейбарс Сарайбұғаның хандықтың артынан өзінің әдеттегідей «жасақталған» жеке түменімен аттанғандығын айтқысы келген болар. Немесе автор жасақталған әскердің толық санын көрсеткен, яғни «оннан екі» жалшыларымен, Тұрайдың әскерімен қосқанда. Бұған нақты жауап беру қиындау [СМИЗО, 65 б.].

Ол жайында тура айтылған жағдайда түменнің санын байқауға әрекет жасауға болады. Бес түмен әмірлерінің аттары аталған саны жағынан ең көп жасақтың нақты саны көрсетілген – 30000, яғни әр түменге 6 мыңнан. Саны ең азы 1500 аттылы. Түмендегі әскер саны 3000 аз жасақталу кезінде «10-нан 1», 6000 көп жасақталу кезінде «10-нан 2» болған сыңайлы. Кейінірек кезеңнен мысал, Токтамыс пен Темірдің соғысынан алынған, мұнда Азактың түмені сипатталған. Ол әскер жиыны орнына 6000 жауынгерімен асығып келеді, егер 200 аттылы кошунды есепке алсақ. Бәлкім жорық кезінде «жасақталған» бөлігі «әскери» түменге теңдестірілген [СМИЗО, 61, 62, 65, 80, 140, 323, 297 б.].

Хорезм Жошы мемлекетіндегі алғашқы экономикалық жағынан едәуір дамыған еншісі болғандықтан, кейбір артықшылықтарға ие болды. Хорезм жауынгерлеріне өз икталарын қалдырды және моңғолдық қару-жарак пен киімге ауысуды талап етпеді. Кейіннен олар өздері-ақ ыңғайлы болғандықтан тек чалмаларын қалдырып, сол киімдерді қабылдады. Ордадағы діни қақтығыстар кезінде Хорезм мұсылман хандары үшін тірек және мамандар ордасы болды. Дерекнамалардан Хорезм 8 әскери еншілікке бөлінгенін, оны 8 мыңдық әмірі басқарғандығын қорытындылауға болады. Баба-оғылды тойтару үшін 1315 жылы Хорезм әміршісі Құтлық-Темір 15000 аттыны «жасақтай» алды, яғни 7500-ге жуық әскер және сондайлық қару тасығыш. Токтамыс кезінде Хорезмнің әскери күші екі түменді құрады [СМИЗО, 275, 422, 431 б.].

Орда ұлысы – Жошы мемлекетінің шығыс бөлігі – тәуелсіз сыртқы саясат жүргізді және ортаазиялық аймақта мәселелерді өз бетімен шешті. Алайда метрополиямен байланысын үзген жоқ. Оған Орта Азия мен Иран елеулі ықпал жасады.

Саса-Бұғы ұлы Эрзен хан кезінде Орда ұлысында Хулагуидтік Иран үлгісі бойынша әскери реформа жасалды. Әскерді ұстау үшін райятасымен қоса 700 иктаға жуық бөлінді. Иранда Газан хан тұсында ең аз икта әскер ондығына берілген; 6000 қатардығы нөкер, 600 ондық, 60 жүздік және 6 мыңдық (облыс әмірлері де солар) бақытқа бөленген, қалғаны бітікші, төреші және басқа да қызмет көрсетушілердің үлесіне тиген. Бұл жүйенің артықшылығы әскерилер күнделікті қажеттілігін ойлаудан және салық төлеу сияқты тікелей емес міндеттерді орындаудан босатылатын. Енді әскер ханға ұрыс алаңында қызмет көрсетуі тиіс. Реформа нәтижелері көп күттірмей байқалды; «Замятни» уақытына таман Орыс хан бүкіл Орданың тағы туралы ойлап жүрді, Хорезмді жаулап алды және Темірланмен тең дәрежеде дауласты. Негізгі әскери құрама мыңдық бола бастайды. Мұндай мыңдық жайлы мәлімет көп, оларда Орыс ханның ұлы Тимур-Меликтің жеке мыңдығы туралы айтылған [СМИЗО, 289, 319, 331, 373 б.].

Орда жауынгерінің, мейлі ол ауыр қаруланған нөкер немесе ев-оглан (қару тасушы) болсын, басты қаруы садақ болды. Сол садақпен ату шеберлігі жауынгерді жауынгер жасайтын және жоғары бағаланатын. Жоғары шендегілер де бұл қару түрінен қашпайтын. Басқа қару-жарак түрлерінен найза, қылыш, семсер, гүрзі, арқан аталады. Қорғаныс қарулары ретінде тек сарбаздардың сауытпен және кеудесінде қалқаны болғаны, бірнеше рет берен жайлы айтылады.

Моңғолдардың тәртібі жайлы талай рет жазылған: «Хаштруда сол жылы өте кең жерге егін егілді, сондай көлемі үлкен әскер сол жерден екі рет өтсе де, бірде-бір бидайдың масағы сындырылмаған» [СМИЗО, 279 б.] – қарсыласының ортағасырлық әскер жайлы мұндай пікірі көп нәрсені білдіреді. Рұқсат етілмеген тонауға әрекет ең жоғары дәрежеде тез және қатаң тоқтатылатын. Қарапайым жауынгердің өзінің «табиғи» басшысына азамат соғысы кезіндегі адалдығын айтпай кетуге болмайды. Бірақ қатаң тәртіпсіз Ордалықтардың жалған шегіну мен дұшпанын алдап қолға түсіруге негізделген стратегиясы мен тактикасы мүмкін емес еді.

Орда әскерінің стратегиясы дұшпанын ұзақ мерзімді кішігірім қақтығыстармен шаршату және өтірік шегіну болып табылады. Кей кездері бұған ұзақ күндер мен апталар кететін. Керуендерін қауіпсіз жерге қалдырып немесе әдейі еліктіргіш ретінде қойып, олар дұшпанын ұзақ мазалайтын және жеңіске сендіретін, олар жеңісін тойлап жатқанда өлердей соққы беретін. Қуғындау ұзаққа созылатын, толық талқандағанға дейін. Барлаудың рөлі зор болды. Иранға жорыққа дайындалу кезінде Өзбек ханның тұсында Гейхату бастаған елшілік жіберілген, сол Гейхату өзі бір жылдан кейін басып кіруші әскердің алдыңғы қатарын басқарды. Басып кіру уақытын мұқият таңдалатын, қолайлы сәтті күтетін. Шайқасқа тек басым күші бар жағдайда ғана кіріскен, кері жағдайда қарсыласына керуені мен «құны төмен» жаяу әскерін қалдырып, тез шегінетін.

Ордалықтардың әскери реті он және сол қанатты, авангард (манкыла) және арьергардты (кечка) қамтитын. Арьергардқа іріктелген әскер – ханның немесе әскер қолбасшының «жеке» мыңдығы кіретін. Авангардқа әдетте ынталы әскербасын тағайындайтын, себебі оған соғысты бастау міндеті жүктелетін. Кейде дұшпанға түнгі шабуыл жасалатын. Шайқастың негізгі түрі қарсыласын садақпен атқылау болатын. Әдетте соққы басты күштер топталған қанаттардың бірінен берілетін, бірақ қажет жағдайда соққының бағыты өзгертілетін, бұған құраманың жоғары мобильділігі мен жақсы басқару арқылы қол жеткізіледі. Соғыстың сәтті басталған немесе дұшпан санының аз жағдайында бұлтарма маневрлер қолданылған, аң аулау кезіндегі сияқты тығырыққа тіреу жүргізілген. Ұрыс сәтсіз аяқталған жағдайда тез арада шегініп, «шөл далада тарап кететін». Қажет болғанда әскердің шегінуін таңдаулы бөлім қалқалайтын. Ұрыс кезінде әртүрлі әскери қулықтар қолданылатын. Шегініп бара жатқан қарсыластың артынан қуғыншы жіберілетін. Әскерді басқару үшін туларды, литавраларды, барабандарды және кернейлерді пайдаланған. Тұрақ кезінде әдетте шеңбер түріндегі лагерь қойылатын. Ордада қоршап алу ісінің дағдысы жерсінбеді, қалаларды айдау, измор арқылы, жиірек қулықпен алатын.

Алтын Орданың қарулы күштерін ұйымдастыру жалпы сипатта осындай.

ӨДЕБИЕТТЕР:

1. СМИЗО - Золотая Орда в источниках. Т.1. Арабские и персидские сочинения. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой орды, в переводах В.Г. Тизенгаузена. (СМИЗО). Ч.1. Извлечения из сочинений арабских, Ч.11. Извлечения из сочинений персидских. Составление, вводная статья и комментарии Р.П. Храпачевского М.: «Наука», 2003. 448 с.

Қазақстан жастарының Ұлы Отан соғыс жылдарында тыл майданындағы күресі (1941-1945 жж.)

Болат САЙЛАН,

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтының доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты

Ұлы Отан соғысы тарихы туралы аз жазылған жоқ. Осы соғыста қазақстандықтардың жанқиярлық ерліктері туралы үздіксіз айтылып та, жазылып жүр. Майдандағы жеңіске тылдағы еңбеккерлердің де қосқан үлесі аз емес. Ал тылдағы еңбеккерлердің арасында қазақстан жастарының қалың қолы болғандығы белгілі. Сондай-ақ Қазақстан жастары еңбек майданында жан аямай күреске шыққан ұрпақтың бірі. Соғысқа аттанған әкелері мен күйеулерінің, ағалары мен бауырларының орнын басқан жастар, барлық өндіріс орындары мен өнеркәсіпте, шаруашылықтар мен бөлімшелерде жұмыс тізгінін жастықтарына қарамай қолдарына алды. Жастардың белсенділігі соғыс жылдарында тылдағы еңбектің барлық саласында шешуші күшке айналды.

Соғыс басталысымен қысқа мерзім ішінде ел біртұтас соғыс лагеріне айналды. 1941 жылдың шілде-қараша айларында 1523 кәсіпорын, оның ішінде 1360 ірі негізінен соғыс құрал-жабдықтарын шығаратын заводтар Оралға, Сібірге, Еділ бойына және Қазақстанға көшіріліп, орналастырылды. Қазақстан территориясына орналастырылған 142 кәсіпорынның 60-сы ірі кәсіпорын еді.

Жастар майдан шебінен республикамызға көшіп келген заводтар мен фабрикаларды орналастыруға және оны іске қосуға, олардың жаңа кәсіпорындарын салуға қызу атсалысты. Қазақстанның әскери-экономикалық потенциалының артуына байланысты жастар өнеркәсіп пен транспортта шешуші күшке айналды. Қазақ жастары жастар ұйымының жолдамасымен Оралдың металлургия өндірісінің түрлі саласында жұмыс істеп, металлургия мамандығын үйренді. Соғыс жылдары Орталық Ресей мен Сібірде және Оралдың өндіріс орындарында 200 мың қазақстандық жастар жұмыс істеді. Оның 13 мыңы Магнитогорск комбинатында, 16 мыңы Кузбасста, 20 мыңы Орал заводтарында болды [1]. Олардың біразы аса қажетті мамандықтарды игерген соң Қазақстан кәсіпорындарына келіп жұмыс істеді. Мәселен бұрынғы колхозшы жастар ұйымының мүшелері Қазиев, Кәрімов, Омаров, Мустафин, Мағзумов, Есмағамбетов және тағы басқа жастардың тобы елге келген соң да ұйымшылдықпен өнімді еңбек етіп, майданға Қазақстаннан өндірілетін болаттың мол болуына бар күштерін салды.

1941 жылы 26 шілде де Қазақстан Орталық Комитеті бюросының әйелдер мен қыздарды, жастар мен жасөспірімдерді өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы жұмысына тарту, олардан маманданған кадрлар дайындау туралы қаулысы шықты [2]. Осы қаулыға байланысты Қазақстан жастар одағының 1941 жылдың 19 желтоқсанындағы шешімі бойынша жастар қатарындағы әйелдер мен қыздар арасынан өнеркәсіп және транспорт саласына 14 мың (көмір өнеркәсібіне – 2050, мұнайға – 1150, түрлі-түсті металға – 1570, транспортқа – 5100, жеңіл және тамақ өнеркәсібіне – 2290 және т.б.) және 14 мың ауыл шаруашылығына (тракторшы – 7580, комбайыншы – 2510, механизмді басқару тетігіне – 1160, жүргізуші – 550, механиктер – 350 және т.б.) маманданған жұмысшы дайындау керек болды.

Республика бойынша 18847 адам, оның: 10995-і өнеркәсіпке және 7402-і транспорт саласына дайындалды. Ауыл шаруашылығы үшін 24583 адам механизатор кадр ретінде дайындалды [3]. Өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы саласына кадр дайындау жұмыстары өз еркімен жаңа келген үйренушіні тәжірибелі жұмысшыға тіркеу және техникалық сабақтар оқытатын үйірмелерге оқыту жолдары арқылы жүзеге асырылды.

Өнеркәсіптегі еңбектің үздік үлгісін Балхаш мыс қалашығының жастары да көрсете білді. 1941 жылы өндіріс орнында жұмыс істейтін жастар ұйымының 700 мүшесінің 328-і майдандағыдай еңбек етті. Кейбір жастар күн сайын 15-18 сағаттан жұмыс істеді. Олардың қатарында күндік жұмыс үлесін 100-150%-ға орындағандар болды. Мысалы, жастар ұйымының мүшесі Рая Ғалиева 50 танкіге қорғаныш дайындауға жететін молибденді өзінің үлесінен артық берді [4].

Қарағанды шахтерлары мен Балхаш металлургтерінің жастары белгіленген уақыттан бұрын 250 мың тонна көмір, 64 тонна руда, 450 килограмм вольфрам, 85 тонна мыс, 400 тонна металлошар өндіріп, 910 метр ұзындықтағы скважиналарды бұрғылады. 147 сусыз рейстер мен 120 ауыр салмақтағы поездарды жүргізді [5].

Жастар арасында қарқынды еңбек айлары белгіленіп, сондай еңбек айларының бірінде шахтадағы жабдықтарды қалпына келтіру жұмыстарында жас көмір өндірушілер 52 техника қозғалтқыштарын, 60 моторды, 21 үңгілеу машиналарын, 2 электровозды, 38 электр бұрғыларын, 9 ленталы траспаторларды және 7 насосы жөндеді [6].

Өнеркәсіптің қорғаныс саласында жастар барлық жұмысшылардың 75-85 пайызын (түрлі-түсті метал өндірісінде – 60-70 пайыз, мұнай саласында – 45 пайыз, транспорт пен көмір өнеркәсібінде – 40 пайызды) құрады [7].

1942 жылғы 15-17 маусымдағы Жастар Одағының ІҮ пленумы «жастар арасындағы жаппай саяси жұмыстардың барысы туралы» қаулыда әрбір жастар ұйымының мүшесі үгіт-насихатшы деген ұран тастады [8]. Үгіт-насихат жұмысына мыңдаған жастар ұйымының белсенділері тартылды. 1942 жылы республикада 42 мың адамнан тұратын қалың армия үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Олардың 30 мыңы жастар ұйымының мүшесі саналып, 20 мыңы ауылды жерлерде, 6234-і өнеркәсіп кәсіпорындарында жұмыс жүргізді. Жастар ұйымының 14 мың мүшесі үгіт-насихат жұмыстарын қазақ тілінде жүргізді. Соғыс жылдарында олар 422483 адам тыңдаған 3510 баяндама оқыды. Соғыс жайлы, Қызыл Армия, жастар ұйымы туралы 1113 лекция оқылды. Оған 127150 жастар мен қыздар қатысты. Соғыс кезеңі ішінде 24743 әңгімелесу жұмыстары өткізіліп, оған 471414 адам қамтылды [9].

Соғыс басталған жылдан-ақ Қарағанды шахтасында да жастар еңбектің қызу қарқынына кірісті. Жастар көмір бассейнінің барлық механизмін өздерінің қамқорлығына алды. Құрамында жастар ұйымының 276 мүшесі жұмыс істейтін көмір бассейнінде 72 тексеру бекеті құрылды. Нәтижесінде 1942 жылдың соңына қарай шахта орындарында ешқандай тоқтап қалу немесе апат жағдайы болған жоқ. Жастар ұйымының 175 мүшесі бассейнінің ең үздік механизаторы атағын алды. 1942 жылдың аяғына қарай мұнда жастардың 12 өндірістік ұжымы болса, 1943 жылдың соңына қарай олардың саны 59-ға жетті. Соғыс жылдарында мұнда барлығы 114 жастар бригадалары құрылды [10].

Республикамыздың мұнай өңдеу өнеркәсіптерінде де жастардың еңбекке деген ықыласы шет қалған жоқ. Атырау облысының барлық 9 мұнайөнеркәсіп кешенінде жастар және олардың ұйымының мүшелері мұнайды артығымен алуға өз үлестерін қоса білді. Осы уақытта құрылған “Комсомол” мұнайөнеркәсіп орнына жастар ұйымының жолдамасымен 200 жастар мен қыздар жіберілді. Бір жылдың ішінде бұл кешен республикадағы алдыңғы орындағылардың қатарынан көрінді. Мұнайлы өнеркәсіп орындарында жастар ұйымының мүшелерінен құралған жастар-бригадаларының саны көбейді. 1943 жылы Эмбі өнеркәсібінде жастар 66 бригада құрса, 1944 жылы-88, соғыс аяқталған жылы-261, ал 1943-1945 жылдары жастардан құралған бригадалар саны 4 есеге өсті [11].

1944 жылғы мәліметтерге қарағанда Эмбінің жас мұнайшылары мен жастар ұйымы жоспардан тыс 500 тонна мұнай шығаруға, 2 жаңа скважиналарды бұрғылауға, 30 ескі скважиналарды жөндеуге, 250 жас жұмысшыларды әр түрлі мамандыққа оқытуға міндеттеме алды. Атыраудың балық консерві өнеркәсібінің жастары 5 мың центнер балық аулап, 15 мың банкі консерві жабуға міндеттеме берді [12]. 1944 жылы Эмбі мұнай өнеркәсібіндегі жастар тобы алдыңғы орындардан көрінді және олар осы жылы сәуір айында Бүкілодақтық жарыста екінші орынды иеленді [13].

Өндірістегі өнімнің өсуіне ықпал ете отырып, жастар Турксібтегі еңбек майданына құлшына кірісті. Соғыс жылдары Турксібтегі жастар ұжымының саны 2,5 есеге өсті. 1944 жылғы желтоқсанда мұнда жастардан құралған 7 цех, 13 паравоз бригадалары, 27 ауысым және 76 бригада болды [14]. 1942 жылы Қазақстанның өндіріс орындарында жастар ұйымының 301 жастар бригадасы болса, 1944 жылдың басында олардың саны 1280-ге жетті. Бұл бригадаларда 15232 адам жұмыс істеді. 1943 жылдың басында көмір және мұнай өнеркәсібі жұмысшыларының 40-50%-ы жастар болды. Ал, 1945 жылдың басында жастар бригадасының саны 2750-ге жетіп, онда 19559 жастар жұмыс істеді. Осы жастар ұйымынан құрылған жастар бригадалары Бүкілодақтық Жастар Одағының құрылғанына 25 жыл толу құрметіне орай мемлекетке жоспардан тыс 202,6 мың тонна көмір, 14 мың тонна мұнай, 310200 тонна метал құймаларын, 343 тонна қорғасын, 305 тонна мыс өндірді [15].

Соғыстың барлық жылдары ішінде училище және ФЗО мектептерінің оқушыларының қолымен елге 70 миллион 634 мың сомның өнімі берілді. Олар 373 мың тонна көмір, 162,1 мың тонна әр түрлі кен өнімдерін, 83 мың тонна мұнай шығарып, 336 паравоз, 25 ұшақ, 120 тракторлар мен комбайндарды жөндеуден өткізді, 23 миллион 73,8 мың сомның әр түрлі өндіріс аспаптарын дайындады. Қазақстандық 250 жас жұмысшы “мемлекеттік еңбек резервінің озаты” деген

және 78 оқушы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Президиумының мақтау қағазымен марапатталды [16].

Жастар бригадаларының өнеркәсіптегі қозғалысын әрі қарай дамыту мақсатында Қазақстан Жастар Одағының Орталық Комитеті мен Халық комиссарлар комитеті біріге отырып, жеңімпаздарға ақшалай сыйлықтар мен Қызыл Ту тағайындалған республикалық жарыстар ұйымдастырды.

Өнеркәсіп кәсіпорындарындағы жастардың жоспардан тыс және белгіленген мерзімнен бұрын тапсырмаларды орындауы республиканың барлық жерлерінде бірдей сипат алды. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысындағы өнеркәсіптегі жұмысшы жастар 1944 жылдың 8 айы ішінде жоспардан тыс 845 мың сомның өнімін шығарды, өндірістегі еңбекті 32 пайызға көтерді, 132000 сомның материалдарын үнемдеді. Мұндай жетістікке жас жұмысшылар жұмыс күнін ұзарту және өндіріс процесін жақсарту ұсыныстары жолдарымен қол жеткізді.

1944 жылдың қаңтарына дейін Ақшатау вольфрам руднигінде жастар бригадасы болмаса, жыл соңына қарай онда 14 жастар бригадасы жұмыс істеді. Қарағанды металлургия заводының құрылысына тек 2 ай ішінде 28 бригада құрылды. №1 Жезқазған руднигінде де жастар бригадалары құлшыныспен еңбек етті. Өзінің құрамы жағынан жас жұмысшылардың басым көпшілігі фабрика завод оқушыларының (ФЗО) мектебін бітірушілер болды. 1944 жылы 6 ай ішінде бұл кәсіпорын 3208 тонна мыс рудасын жоспардан асыра орындап, тұтастай алғанда 119 % жоспар орындады.

Республиканың өнеркәсіп кәсіпорындарындағы жастар ұйымдары, жас жұмысшылардың өндіріс пен техника саласындағы жұмыстарды оқып үйренуін ұйымдастыруға айрықша назар аударды. 1944 жылы республиканың өнеркәсіп кәсіпорындарындағы стахановшылар мектебінде, техникум үйірмелерінде және өз бетінше оқып үйренуші жас жұмысшылардың саны - 19951 адамға жетті. Осы уақыт ішінде толық емес мәліметтерге қарағанда 2378 жас жұмысшы өздерінің өндірістегі мамандық дәрежесін жоғарылатты [17].

Егер 1944 жылдың 1 қаңтарында республикада 9747 жас жұмысшыларды біріктірген 1229 жастар бригадасы болса, бір жылдан кейін ол екі есеге артты. Өнеркәсіп кәсіпорындарында 17145 жас жұмысшыны біріктірген 2336 жастар бригадасы жұмыс істеді. Республикада соғыс жылдарында өнеркәсіп салаларында жастар бригадалары жұмыс істемеген бірде-бір кәсіпорын болмады.

Қазақстан жастары тылдағы ауыл шаруашылық жұмыстарына да өжеттілік таныта отырып кірісті. Соғыстың бір жарым жылы ішінде ауыл шаруашылығында 18 жастан 50 жасқа дейінгі ер азаматтар саны екі еседен аса қысқарды. Механизатор кадрлардың басым көпшілігі майданға кетті. Елде қалған тракторшылар құрамының 56%-ы, комбайншылар арасында 45 %-дан астамы, комбайншы көмекшілерінің 60%-ына жуығы 25 жасқа дейінгі жастар болды [18].

1941 жылы 26 шілдедегі БК(б)П Қазақстан өлкелік комитетінің «мамандығы жетілдірілген әйел адамдарды өнеркәсіп кәсіпорындары мен ауыл шаруашылығы жұмыстарына дайындау» туралы шешіміне сәйкес, Қазақстан жастар Одағы ОК-інің бюросы осы жылдың 10 тамызына дейін барлық жастар ұйымдары арасында жиналыстар өткізіліп, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы жұмыстарына жас қыздар мен әйелдердің мамандандырылған жұмыс қолын дайындау үшін қаулы шығарды [19].

Осы қаулының шешіміне орай тракторшы қыздар курсына аналар мен қатар жас қыздар оқытыла бастады. Бұл курстарда жоспар бойынша 12 мың адамның орнына, өндірістен қол үзбей 12165 адам оқыды. Тракторшы, комбайншы 5045 адам болса, оның 1414-і жастар, мамандық алып жұмысқа 2286 адам оралса, оның 968-і жастар ұйымының мүшесі болды. 8 облыс бойынша тиісті органдардың келісімімен кеңсе жұмысынан колхоздағы өндіріс жұмысына 2391 қыздар мен әйелдер ауыстырылды: Батыс Қазақстан – 112 адам, Ақтөбе – 157, Атырау облысынан – 150 адам [20].

Соғыстың алғашқы күнінен ауыл жастары егін алқабы мен мал шаруашылығы фермаларында екпінді еңбектің үлгілерін көрсетті. Олар соғыстың алғашқы жылында егін жинауда айтарлықтай табыстар кіргізді. Қазақстанның оңтүстік аудандарында, әсіресе мақта өндіретін аудандарда 1941 жылы күзде ауыл шаруашылығында еңбек етіп жатқан жалпы 13419 адамның, мақта жинау жұмысында 9811 адамы жастар ұйымының мүшесі еді.

Республиканың 11 облысындағы егін жинау ісіне 71500 жастар ұйымының мүшесі қатысты. Бес облыстың мәліметі бойынша 13500 жас-колхозшылар өз жоспарларын артығымен орындады. Еңбектің жемісті нәтижесінің үлгісін Жамбыл облысы, Свердлов ауданы, «Диқан» колхозының жастардан құралған бөлімшелері көрсетті. Қазақстанның ЛКЖО ОК-нің шешімімен осы ауыл шаруашылық артелдерінің жастар ұйымдары республикада бірінші болып Ұлы Отан соғысының Құрмет кітабына енді.

Бірінші гвардиялық, майдандық звенолар мен бригадалар алға шықты. Айтарлықтай табыспен алға шыққан Балташ Самжүрекованың звеносын айтуға болады. Павлодар облысы, Урлытөбе аудандық «Еңбекші» колхозындағы оның звеносы 1941 жылы 110 га жерден 18 центнерден бидай және 8 га жерден 21 центнер май өндіретін өнімдер жинады.

Семей облысының Абай ауданында негізгі ауыл шаруашылық жерлерінде 479 жастар немесе аудандағы барлық жастар ұйымы мүшелерінің 80%-ы еңбек етті. Олардың әрқайсысы өздеріне тиеселі еңбекті атығымен де, өз мөлшерінде де орындады. Егінді жинауда үлкен көмек көрсеткен студенттер мен мектеп оқушылары болды. Соғыстың алғашқы жылы егін жинауда 350 мың мектеп оқушылары қатысты.

1941 жылы Қазақстан Республикасы Отан қамбасына 23 млн. 745 мың пұт астық, 384 100 центнер мақта, 52 906 центнер жеміс, 10 538 центнер темекі, соғысқа дейінгі 1940 жылмен салыстырғанда үш есе көп картоп өнімдерін берді. Жалпы табыстың маңызды үлесі жастардың үлесіне тиді.

1942 жылдың көктеміне қарай республика бойынша ауыл шаруашылығы машиналарын жөндеу орындарында 1300 жастар ұйымдарының бригадалары құрылды. Бұл жыл көп астық жинауда жастар ұйымының звеноларын алып келді. Тек республика колхоздарында осындай звенолардың 475-і өз жұмыстарын бастады.

1942 жылы 15 сәуірде әйелдер мен қыздардан жасақталған: тракторшы 11452 адам, комбайншы 3195 адам, комбайншының көмекшісі 309 адам, тракторшылар бригадасының бригадирлері 333 адам, ұста 211 адам, жөндеуші 162 адам, механик 228 адам, жүргізуші 258 адам, барлығы 16148 адам механизатор мамандар болды. Соғыс жылдары ішінде барлығы 29099 тракторшы, 5945 комбайншы, 5491 комбайн көмекшісі әйелдер мен қыздардан дайындалды [21].

Жаппай үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу ауыл шаруашылық өнімдерін жинау кезінде, адырда болса да қызу жүрді. 1942 жылы егін егетін еңбеккерлерді жастардың 700 мәдени-үгіт бригадалары қамтамасыз етті. Бір ғана Семей облысы бойынша 85 үгіт-насихат тобы жұмыс істеді. Олар 32 мың колхозшылар тыңдап тамашалаған 237 концерт қойды. Астық жинау науқаны кездерінде жаппай үгіт-насихат және мәдени шараларды жүргізу үшін қалалардан ауылдарға 15 мыңнан аса жастар ұйымдарының мүшелері аттандырылды. 1944 жылы астық жинау науқаны кезінде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуші жастар ұйымы мүшелері 2 мыңнан аса баяндамалар оқып, әңгімелесу жұмыстарын жүргізді. Олардың қолынан 80 мың соғыс паракшалары және 40 мың қабырға газеттері шықты. Мұндай жұмыстарды жүргізу әрине жастарға оңай соқпады. 1944 жылдың басында кейбір аудандарда үгіт-насихатшылардың 30-дан 45% дейінгілері 20 жасқа дейінгі жастар еді [22].

Егінді шашу шығармай жинап алуда тракторшылардың жарысы белен алды. Онда 10 мың тракторшыны құрайтын жастар ұйымына мүше әйелдердің 182 тракторшы бригадалары түгел қатысты. Бүкіл республиканы бригадалар арасындағы жарыстың жеңімпазы, жастар одағының мүшесі Қызылорда облысы, Сырдария ауданындағы Сұлутөбе МТС-індегі Разахи Қамбарованың есімі шарлады. Дала жұмыстарында барлығы 65 688 жастар ұйымының мүшелері еңбек етті. Ол барлық ауыл жастарының 79%-ы еді [23].

1942 жылы егінді жинау жастар ұйымының жетілуі мен қорғануына шынайы емтихан болды. 125 мыңнан астам жастар одағының мүшелері, 120 мың одақтан тыс жастар, 250 мың оқушы әрбір килограмм астық үшін күресті. Республикада барлығы егін жинау науқаны кезінде 7700 жастар одағының бригадалары мен звенолары жұмыс істеді. Олардың 1711 бригадасы егінді маялау жұмысында, 2019-ы астық бастыруда, 1782-і тракторшылар бригадаларында, 1503-і комбайндағы қосалқы тетіктерді меңгеріп тұрушылар қатарында жұмыс істеді. 1942 жылдың тамызында Солтүстік Қазақстан облысының жас комбайншылары жастардан құралған комбайншылар арасында жарыстар ұйымдастырды [24].

Сыр бойы жастар одағының звенолары қарқынды түрде егін жинау науқанында елеулі еңбектерге қол жеткізді. 12 мың жастар одағының мүшелері 13 141 га жердің егінін жинап, 161 700 центнер егін өнімін бастырды. Қызылорда облысының егінін жинау науқанында жастардың 100 звеносы әрқайсысы 400 пұттан егін жинады [25].

Алматы облысы Қаскелең ауданы Буденный атындағы колхозда жастар ұйымының бастамасымен қызыл арбалы керуендер ұйымдастырылды. 1650-ден астам осындай арбалар жасақталды. Бір ғана Ақтөбе облысының өзінде осындай қызыл арбамен 2530 рет егін тиісті орнына жеткізілді. Облыстың осылай тасушы жастары 200 мың центнерге жуық астықты тасыды.

Соғыстағы бетбұрыс жылдар колхоздардағы жастар ұйымдарының ұйымдастыру жұмыстарын жігерлендіре түсті. Жастар одағының мүшелері 8 мыңға көбейіп, олар 749 колхоздар мен 8 МТС-терде жаңа жастар ұйымдарын құруға мүмкіндік берді.

Жоғары көрсеткіште егін жинау күресіне 3200 аса звенолар жұмылдырылып, оларға 98 548 га жер бекітілді. Әсіресе елеулі табыстарға әйгілі тарышы Ш. Берсиевтің оқушылары жетті. Ақтөбе облысы Ойыл ауданы «Кемерші» колхозындағы звено жетекшісі Зәуре Баймолдина 3 га жерден 85 центнерден

тары жинады. Осы ауданның «Жаңа қадам» колхозының Т. Адаев басқаратын жастар звеносы 3 га жерің әр гектарынан 150 центнер тары жинады. Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы «Октябрь» колхозындағы А. Азимовтың жастар звеносы гектарынан 600 центнер кант қызылшасын жинады. Науқан барысындағы ерен еңбек Павлодар облысы, Лозов ауданы «От-өзек» колхозының жастар ұйымының хатшысы Анна Дацкованың даңқын шығарды. Оның жастар звеносы 15 га жерге еккен егінінің әр гектарынан 30 центнерден астық алды. Республика бойынша бұл уақытта және мұндай ауыр жағдайда астық жинау гектарына 3-5 центнер көрсеткішін құрайтын еді.

4418 жастар бригадаларын біріктіретін 33 мыңнан аса жастар мен қыздар 23 млн. пұттан аса астықты Отан қамбасына құйды. Жастар ұйымдары ауыл жастары арасында мемлекетке артық қордан астық тапсыру жұмыстарын жүргізді. 1943 жылы жас патриоттар мемлекетке артық қордан мың пұтка жуық астық және 24 мың пұт картоп сатты.

1944 жылы Қызыл әскер қорына Көкшетау облысының жастары артық қордан 27 мың пұт астық, Оңтүстік Қазақстан жастары 15 мың пұт астық, Ақмола жастары 9 мың пұт, Солтүстік Қазақстан облысының жастары 4108 пұт астық тапсырды. Барлығы Республика бойынша жастар ұйымдары мен оның мүшелері артық қордан 57902 пұт астық тапсырды [26]. Республиканың колхоз және совхоз далаларында көктемгі егін егу науқаны барысында 59500 жастар жұмыс істеді, бұл көрсеткіш ауылдағы жастардың 66 %-ы еді [27].

Бұл жылы Жастар ұйымдары Қазақстанның колхоз және совхоздарында 3793 жастар звеносын ұйымдастырды, бұл 1943 жылмен салыстырғанда 590 звеноға артық еді. 1944 жылы егін науқанындағы дала жұмыстарына 13446 жас колхозшыларды біріктірген 3496 звено қатысты. 11 облыстың мәліметі бойынша 2096 жастар звеносы өз жоспарларын артығымен орындады.

1944 жылы комсомол ұйымдары осы жылғы ауыл жастары арасындағы жарыстың қорытындысын шығарды. 151 әйелдердің тракторшы бригадаларының 87-сі Бүкілодақтық жарыстың шартын орындады. 8 трактор бригадасы мен 78 тракторшы көктемгі егістегі үлгілі жұмыстары үшін Жастар одағының Құрмет грамотасымен марапатталды. Жыл қорытындысы бойынша П.Н. Ангелинаның бригадасы Жастар одағының Қызыл Туын жеңіп алды, ал 30 әйелдер бригадасы мен 98 тракторшы Жастар одағының грамотасымен марапатталды. П. Ангелинаның басшылығындағы Буденов МТС-інің бригадасы жыл бойына 5406 га жерді өңдеп, тракторшылар жұмысының жылдық жоспарын 237%-ға артығымен орындады және 14 мың кг жанар-жағар май материалдарын үнемдеді. Бүкілодақтық Жастар одағының 25 жылдығына өткізілген социалистік жарыста біріншілікті республикада Атырау және Қарағанды облысының жастар ұйымдары жеңіп алды [28].

Ауыл жастарының жарысы жаңа күшпен жандана түсті. 1944 жылы көктемде еселі еңбек науқаны үшін жастардың 3793 звеносы құрылды. Әйел тракторшылардың жарысы жастар бригадалары мен жас тракторшылар жарысымен үледі. Жастардан құралған тракторшылар бригадалары арасынан Шаяхмет Рахымжанов (Ақмола облысы, Комсомольский МТС-і), Орынкүл Көбейсінова (Қазалы МТС-і), сынды тракторшылар жарысты табысты бастады.

1944 жылы жазда Ақмола облысы «Октябрь» колхозының жастары егін науқанында егін шабатын машина жүргізушілердің звеносын құрды. Оның же-

текшісі тәжірибелі колхозшы П. Елемесов болды. Ауысымда жұмыс істеген бұл звено бір науқанда 400 га жердің шөбін шапты.

Жастар звенолары астық жинау науқанында жоғары табыстарға жетті. Қызылорда облысы, Шиелі ауданы «Авигард» колхозының жастар звенолары гектарынан 100 центнерден күріш жинады. Олар Бүкілодақтық Жастар одағының Қызыл Туын жеңіп алды. Қарағанды облысы, Тельман ауданы «Қызыл октябрь» колхозының Агафьи Литвишко звеносы 207 пұт астық және 146 пұт тарыны гектар жерден өндірді. Бүкілодақтық Жастар Одағы звеноны Құрмет грамотасымен марапаттады [29].

1944 жылы мақта өсірудің ең жоғарғы көрсеткішін (гектарына 93 центнер) Оңтүстік Қазақстан облысы, «ҚазКСР-ға 15 жыл» колхозындағы Рысқұл Махатованың звеносы көрсетті. 1945 жылы ол республикада гектарына 110 центнерден мақта жинап жаңа жоғары көрсеткіш жасады. Жамбыл облысы, құлан ауданы «Көкарық» колхозындағы Қылышкүл Мұсабекованың жастар звеносы ерен еңбек етті. Олар жыл сайын гектарынан 700-800 центнер кант қызылшасының өнімін жинады.

Отан егін шаруашылығына белсене қатысқан жас шеберлердің ерлігін жоғары бағалады. Рысқұл Махатова Ленин орденімен, Қылышкүл Мұсабекова, Анна Дацкова Еңбек Қызыл Ту ордендерімен марапатталды. Соғыс жылдарындағы жастардың батырлық жылнамасының жарқын беттеріне звеношылар Бибі Бахмарова (Солтүстік Қазақстан облысы), Нұрқашила Ниязова (Алматы облысы, Талдықорған өңірі), Ульяно Матишко (Алматы облысы), Гүлнар Усубалиева (Оңтүстік Қазақстан облысы), Галина Аракельян (Қарағанды облысы), Күлміс Нұрдыбаева (Ақтөбе облысы), Мырзагүл Айтқұлова (Жамбыл облысы), Мунира Сатыбалдина (Павлодар облысы) өз аттарын қалдырды. Олар «қандай шығыс болса, сондай табыс болады» деген ұран аясында еңбек етті [30].

Шашу шығармай егін жинауда үлкен табыстар кіргізген жас механизаторлар қатары аз болған жоқ. Олар Шаяхмет Рахымжанов, Иван Кудлай, Мариям Махамадиева, Василиса Бондарева, Анна Степанова, Алімхан Омаров, Сүйіндік Сүлейменов, Григори Фомин, Орынбасар Шаймерденов, Петр Кузнецов, О.Серікеевтер болды. Бұл жас механизаторлар «МТС трактор бригадаларының үздігі» омырау белгісімен марапатталды.

Ауыл еңбеккерлеріне үлкен көмек берген жастар одағының мүшелері мен мектеп оқушылары болды. 1941-1945 жж. ауыл шаруашылық жұмысына 800 мың оқушы қатысты. 1944 жылы колхоз және совхоз далаларына 5651 отрядтан тұратын 181 332 оқушы, 10 421 мұғалім қатысты. 1945 жылы республика оқушылары төрт млн. астам еңбек күн жасап, 592 948 сом тапты.

1945 жылы дала жұмыстарына жастар одағына мүше 43 309 адам және одаққа мүше емес жастардан 60 мың адам қатысты. 1945 жылы звенолар саны 4639-ға жетті, олардың қатарына кіретін 20 мыңнан астам адам жас балалар мен қыздар болды. Өңделген жер көлемі 94 776 га жерді құрады [31]. Жастардан жасақталған звенолардың құрылуы соғыс жағдайындағы ауыл шаруашылық өндірісін ұйымдастыруда кедергі келтірмеді, керісінше септігін тигізді дейді кейбір зертеушілер. Звено тек жұмыстың емес, ұйымдасу мен тәртіптің, еңбексүйгіштіктің үлгісі болды.

Соғыс жылдары жастардан жасақталған еңбекшілер армиясы тылдағы шаруашылық пен өнеркәсіп өндірісінде осылайша еңбек етті. Күн-түн де-

мей дамылсыз күреске шыққан олар майдан жеңісіне өз үлестерін қоспай қойған жоқ. Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін деген ұрандар олардың әрдайым жүрегінде болды. Сондықтанда жастар және олар ұйымдастырған елеулі күш тыл жұмыстарында да ерен еңбектер көрсетіп таныла білді. Олардың тылдағы ерліктері мен еңбектері Ұлы Отан соғысының тарихында мәңгі сақталып қалды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. К.Р.Аманжолов. Қазақстан тарихы, II-том, А., "Білім", 2004ж., 130-бет.
2. ҚР ПМ 708-қор, 5/1-тізбе, 1245-іс, 78-бет.
3. Бұл да сонда.
4. В.Я.Басин. Тяжелая промышленность Казахстана в Великой Отечественной войне. А., 1965ж., 51-бет.
5. ҚР ПМ 708-қор, 9-тізбе, 1326-іс, 22-бет.
6. Бұл да сонда.
7. ҚР ПМ 708-қор, 9-тізбе, 1326-іс, 20-бет.
8. ҚР ПА 708-қор, 7/1-тізбе, 766-іс, 1-бет.
9. М.Қозыбаев "Казахстан арсенал Фронта", А., "Қазақстан", 1970 ж., 181-бет.
10. Д.А.Шаймуханов. Комсомол Караганды в борьбе за уголь. 25-бет.
11. М.Козыбаев, Б.Рахматуллин. Равнение на коммунистов. А., "Қазақстан", 1977ж., 146-бет.
12. ҚР ПМ 708-қор, 9-тізбе, 1326-іс, 22-бет.
13. Бұл да сонда, 25-бет.
14. М.Козыбаев, Б.Рахматуллин. Равнение на коммунистов. А., "Қазақстан", 1977ж., 146-бет.
15. И.Спиридонов "Қазақстан комсомолы Ұлы Отан соғысы күндерінде", А., 1948 ж., 51-бет.
16. Ш.Өміралиев, Т.Сарбақанов. Қазақстан комсомолы Ұлы Отан соғысы жылдарында. А., 1971ж., 25-бет.
17. ҚР ПМ 708-қор, 9-тізбе, 1326-іс, 22-бет.
18. Ю.Арутюнян. "Сельское хозяйство в годы Великой Отечественной войны". М., 1963ж., 30-бет.
19. ҚР ПМ 708-қор, 5/1-тізбе, 1245-іс, 78-бет.
20. Бұл да сонда.
21. М.Козыбаев, Б.Рахматуллин. Равнение на коммунистов. А., "Қазақстан", 1977ж., 162-бет.
22. Бұл да сонда, 118-бет.
23. И.Спиридонов "Қазақстан комсомолы Ұлы Отан соғысы күндерінде", А., 1948 ж., 54-бет.
24. ҚР ПМ 708-қор, 9-тізбе, 1326-іс, 7-бет.
25. Бұл да сонда, 10-бет.
26. Бұл да сонда, 5,6-беттер.
27. Бұл да сонда.
28. Бұл да сонда, 10-бет.
29. И.Спиридонов "Қазақстан комсомолы Ұлы Отан соғысы күндерінде", А., 1948 ж., 56-бет.
30. Бұл да сонда.
31. М.Козыбаев, Б.Рахматуллин. Равнение на коммунистов. А., "Қазақстан", 1977 ж., 162-бет.

Г.И. Пацевич еңбектеріндегі көне дәуірлер тарихының сауалдары

Досбол БАЙҒОНАҚОВ,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың аға оқытушысы,
тарих ғылымдарының кандидаты

Қазақстан тарихнамасында ілкі замандар проблемаларымен айналысқан көрнекті ғалымдардың ғылыми мұрасын терең талдаудан өткізу қажеттілігі күннен күнге артып келеді. Бұл ретте көне дәуірдегі Қазақстан тарихнамасы басқа кезеңдер немесе дәуірлер тарихи таңымымен салыстырғанда кенжелеп қалып келе жатқандығын айта кету керек. Сондықтан ғылыми еңбектерінің зерттеу өзегін Қазақстан көне замандары тарихының өзекті де ділгір мәселелері құраған зерттеушілердің ғылыми ізденістерін жүйелеп, бір ізге түсіруіміз қажет. Сонда ғана отандық тарихнаманың ең ерте кезі толыққанды баяндалатындығы белгілі. Бұл жерде ең алдымен артында өшпес із қалдырған ғалымдар еңбектерін саралауымыз керек. Мұндай зерттеушілердің қатарына биыл туылғанына 115 жыл толатын Героним Иосифович Пацевичті де жатқызуға болады.

Ғалымның ғұмырнамасына қысқаша тоқталып кетер болсақ, Г.И. Пацевич 1893 жылы Белоруссиядағы Витебск облысында, Шатрово деревнясында туылып, 1970 жылы 4-қазанда Алматы қаласында дүниеден қайтқан. 1910 жылы Смоленск реальды училищесін бітіргеннен кейін, Мәскеу археология институтына түсіп, оны 1914 жылы тәмамдайды да, ғалым археолог атағын алады. 1919-1924 жылдары Қызыл Армия қатарында болады. 1924-1933 жылдары инженер болып қызмет атқарады. 1934-1938 жылдары Г.И. Пацевич Қазақстан Орталық музейінде ғалым хатшы болып жұмыс істейді. Осы жылдары ол атақты А.Н. Бернштам басқарған Жетісу археологиялық экспедициясының жұмыстарына қатысады да, Талас алқабындағы ескерткіштерді ғылыми айналымға енгізе бастайды. 1938 жылы ортағасырлық Тараз ауданындағы ескерткіштердің қорғалуын қамтамасыз ететін Жамбыл (Тараз) қаласында археологиялық пункт ашылғанда ғалым сонда көшіп барып, алғашқыда ғылыми қызметкер, 1940 жылдан бастап пункт директоры болып жұмыс жасады. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін бұл пункт Тарих, археология және этнография институты қарамағына берілгеннен кейін Г.И. Пацевич Алматыға қайта көшіп келеді де, осы Институтта он шақты жыл бойы жұмыс істейді [1]. 1954 жылы Мәскеуде «Историческая топография городов и поселений юга Казахстана VIII-XV вв.» атты тақырыпта ғылым кандидаты дәрежесін сәтті қорғады [2].

Г.И. Пацевич ғылыми еңбектері Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық тарих, археология мен сәулет өнері мәселелеріне арналған. Әйтсе де, ізденістерінің хронологиялық ауқымы темір дәуірінен басталады. Дәуірге

қатысты және оған жататын ескерткіштерді зерделеген ғалымның бірқатар еңбектерінде негізінен Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі заттай мәдениет тарихы сөз болады. Бұл кезеңмен айналысуына жоғарыда аталған Жетісу археологиялық экспедиция мүшелерінің ғылыми бағыттары мен жаңадан ашылған археологиялық пункт жұмыс спецификасы да әсер етсе керек. Г.И. Пацевич өзінің екінші дүниежүзілік соғыстан кейін жариялаған «Отчет об археологической разведке в Джувалинском районе Южно-Казахстанской области в 1939 г.» атты мақаласында Жуалы өңірінде жүргізілген жұмыстардың кейбір қорытындыларын түйіндеді [3]. Барлау Күйік, Үлкенсай, Боралдай, Қаратау, Құлантау жоталарында, Теріс, Қошқарата өзендері бойында жүргізіледі. Жуалы ауданы аумағынан ол тізбектелген бірнеше обалық қорымдарды, екі төрткүл ұшырастыра алды. Шындығына келгенде, Г.И. Пацевич мұнда кездесетін ескерткіштерге материалдық жағдайға байланысты қазба жұмыстарын жүргізе алған жоқ. Ғалым 1938-1939 жылдардағы Қаратаудың солтүстік беткейіндегі, Берікқара шатқалындағы материалдарға қарап, мұндағы обалық ескерткіштерді әріптесі А.Н. Бернштамның ізімен сарматтар дәуіріне (б.з.б. III ғ. – б.з. I-II ғғ.) жатқызады [3, 92]. Бірақ, Г.И. Пацевич мұндағы ескерткіштерді қалдырған тайпалар дәл сарматтар екендігін айтпайды, оның ойынша бұл өңірде қыста Билікөлде тіршілік еткен басқа тайпалар өмір сүрген. Ол ескерткіштердің нақты мерзімін көрсетпеді. Бірақ Берікқара тобындағы ескерткіштердің уақытына сай келуі мүмкін деп жорамал жасады.

Зороастризм мәселелеріне де Г.И. Пацевич көп көңіл бөлді. Оның «Зороастрийское кладбище на Тик-Турмасе» деген мақаласында Жамбыл облысы аумағындағы осы дін өкілдері қалдырған ескерткіштердің зерттелу тарихы бір жүйеге түсірілді [4]. Автордың айтуынша, хум секілді оссуарийлерде сақталған археологиялық олжалар Жамбыл төңірегінен (Базар көшесінен) алғаш рет 1904 жылы табылған. Мұндағы оссуарий созыла түскен киіз үйге ұқсас тұрпатта болған. 1931 жылы қала бакшасының аумағынан 2 м тереңдіктен биіктігі 50 см хум шыққан. 1939 жылы көктемде Колхоз көшесінен 1-1,5 м тереңдіктен де адам сүйегі салынған хум табылған. Осы олжалардың барлығы ұн базары маңына шоғырланған. Сол жылы көктемде осы базар төңірегінен тағы да адам сүйектері салынған екі хум табылғанымен, бұл жайында хабар археологиялық пунктке тек күзде ғана жетеді [4, 98-99]. Жамбыл (қазіргі Тараз қаласының аумағы) қаласынан 3 км шығысқа қарай Тектұрмас тау массивінен 1932-1933 жылдары құрылысқа тас алып жатқан кезде адам сүйектері салынған хумдар, адам бас сүйектері шыққандығы жайлы хабар алғаннан кейін Г.И. Пацевич 1939 жылы осында келіп зерттеу жүргізеді. Мұнда ол сегіз жерден қазба түсіреді. Нәтижесінде бірқатар олжалар табылып, зороастризмді тұтынған жергілікті адамдардың әлеуметтік жайын анықтауға мүмкіндік алынады. Г.И. Пацевич пікірінше, мұндағы халықтың мүмкіндігіне қарай түрлі оссуарийлер қолданылған, кейде кедей адамдар керек болса сүйек қалдықтарын бір жерге жинап көме салған. Сондай-ақ қыш ыдыстарында күн бейнесін, отты білдіретін штамптар түсірілген [4, 104]. Сайып келгенде, Қазақстан археологтары бұдан бері зороастризм дінін тұтынған халықтың жерлеу орындарын көп зерттей қойған жоқ. Мұның өзі аталмыш проблемалар бойынша іргелі зерттеулерді қажет етеді. Болашақта зороастризмдік діни таным-түсінік пен заттай мәдени қалдықтарды кешенді түрде жан-жақты басқа сала мамандарымен бірге зер-

делеу қажет. Сонымен қатар ерте темір дәуірінен бастап қазақ халқының салт-дәстүрінде, сондай-ақ жосын-жоралғыларында сақталған зороастризм қалдықтарын қарастырған абзал. Біздіңше, қазақ халқының кейбір ұлттық салттары (келін түсіргенде отқа май құю, отпен аластау, т.б.) сол көне замандардағы әдет-ғұрыптардан хабар береді.

Сондай-ақ Г.И. Пацевич өз мақалаларында Қазақстан археологиялық дамуының мәселелерін де қарастырып отырды. Басқа авторлармен бірге жазған «Основные итоги археологических работ на территории Казахстана в 1955 году» [5], «Обзор археологических работ в прошлом и исследования Южно-Казахстанской археологической экспедиции (1947-1951 гг.)» [6], т.б. бірнеше мақалалары жыл сайын республика аумағында жүргізілген зерттеулер тарихын толымды түрде баяндап берді. Мұнда ол отандық археологияның қалыптасып дамуын, қазақстандық және кеңестік әріптестері жүргізген далалық жұмыстарды қорытындылады.

Әйтсе де, Г.И. Пацевичтің Қазақстан археологиясына қосқан басты үлесінің бірі оның әріптестеріне (К.А. Ақышев, Г.А. Кушаев, А.Г. Максимова, Т.Н. Сенигова, Е.И. Агеева) «Археологическая карта Казахстана» атты ескерткіштер реестрін түзуіне немесе құрастыруына қолқабыс тигізуі болып табылады. Бұл еңбек Қазақстан археологиясы үшін жасалған үлкен маңызды қадам еді. Ол КСРО-дағы мұндай бағыттағы алғашқы жұмыс болатын. Онда 1958 жылға дейін белгілі әр дәуірдің барлық ескерткіштері жүйеленді [7]. Жинаққа республика аумағынан табылған 5 мыңға жуық археологиялық нысандар енді, әрбір мақалада ескерткіштің орналасқан орны, оны кімнің зерттегені, қандай материалдар алынғаны, қай уақытпен мерзімделінетіні жайында нақты ақпараттар берілді. Бұл кітап әлі күнге дейін мамандар үшін таптырмас ғылыми мәні зор дүние саналады. Онда Г.И. Пацевич Жамбыл және Қостанай облыстарындағы ескерткіштердің толымды картасын жасады [7, С.7]. Өзі зерттеген көптеген ескерткіштерді картаға енгізе отырып, әрқайсы жайлы толымды мәлімет беруге ұмтылды.

Ежелгі Қазақстан тарихнамасындағы күрделі проблемалардың бірі ерте темір дәуіріндегі халықтар мен тайпалардың қоныстануы, орналасуы және тіршілік еткен аумағын анықтау болып табылады. Г.И. Пацевич жазба дерек көздері мен тарихи зерттеулерді ғылыми талдаудан өткізіп, бұл жайында өзге әріптесімен бірге былай деп қорытындыға келген: «Скифтерді олар (антикалық авторлар – авт.) бірқатар тайпалық одақтарға бөлген, олардың ең ірілері қазіргі зерттеушілер тарапынан былайша локализацияланады: каспиилер – Каспийден шығысқа қарай, массагеттер – Әмудария мен Сырдария төменгі ағысын, сақтар болса Тянь-Шань жотасын, ал қазіргі Жетісу жерінде исседондар қоныстанған. Исседондардан солтүстікке қарай жалғыз көзді - аримаспылар, ал олардан солтүстікте алтын қорғайтын «грифтер» болған. Антикалық авторлар ұсақ бірлестіктер мен тайпалар туралы да айтады, мысалы, абии, пассиан, тохар, сакаравал, массагет, гомодот, гист, карат, комар, комед, гриней скифтері, тоорпы, бельттер және т. б. Олардың арасындағы абиилер (су сақтары) Сырдарияның ортаңғы ағысын, Қаратаудың таулы жоталарын мекендеген, Қаратаудың солтүстік және солтүстік-шығыс беткейлерінде қараттар тіршілік еткен» [8]. Автор айтқан өңірлердегі кейбір тайпалар мен халықтардың орналасуы да болашақта арнайы зерттеуді қажет етеді. Себебі мұндағы айтылған кейбір этностар жайлы отандық тарихнамада әлі күнге дейін арнайы сөз қозғалмай келе жатыр.

Г.И. Пацевич ұзақ жылдар бойы Е.И. Агеевамен бірге 1947-1951 жылдары Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы (жетекшісі А.Н. Бернштам) құрамында тұрақты түрде жұмыс істеген болатын. Онымен бірге бірнеше еңбектерін жариялады. Кейде олардың ғылыми ой-пікірлері бір жерден шығып жатты. Айталық, керамикалық материалдарға қатысты мағлұматтар негізінде зерттеуші Қазақстанның оңтүстік өңірлерінің археологиялық кезеңдерін былайша көрсетеді: «1. Сақ (б.з.б. III-IV ғасырлар). 2. Ерте кангюй (б.з.б. III ғасыр – б.з. I ғасыры). 3. Кейінгі кангюй (б.з. I-IV ғасырлары). 4. Кенгерес (Y-III ғасырлар). 5. Қарлұқ (VIII-XII ғасырлар). 6. Шығыс кыпшақ (XIII-XV ғасырлар) [9]. Сөйтіп, ол Е.И. Агеевамен бірге қыш ыдыстарын дерек көзі ретінде пайдалана отырып Орталық Азияда өмір сүрген тайпалар мен халықтардың көп ғасырлық саяси, экономикалық және мәдени байланыстарын ашып көрсетті. Оның ойынша, б.з.б. I-мыңжылдық пен б.з. алғашқы ғасырларындағы Қазақстанның оңтүстігінде өмір сүрген тайпалардың мәдениеті Ташкент жазирасы мен Сырдарияның орта және төменгі ағыстарын мекендеген халықтарға жақын. Түрік-оғыз кезеңіндегі байланыстар Сырдария төменгі ағысындағы оғыздармен, Жетісу қарлұқтарымен және Ташкенттік түрік-соғды тұрғындарымен жақын болғандығын аңғартады [8, 202]. Сөйтіп, Г.И. Пацевич археологиядағы маңызды дерек көзі болып табылатын керамикаға ерекше мән беріп, оның негізінде күрделі мәселелерді шешуге ұмтылды.

Аталмыш экспедиция Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда (шығыс бөлігі) мен Жамбыл (оңтүстік-батыс бөлігі) облыстарының аумағында зерттеулер жүргізіп, осы аймақтағы археологиялық ізденістер тарихында өз қолтаңбасын қалдырды. Сондай-ақ Г.И. Пацевич Орталық Қазақстан және Батыс Қазақстан археологиялық экспедицияларының жұмыстарына да белсенді түрде араласып, көне мәдениеттер жайында мол ақпарат жинастырды. Тіпті 1950-жылдар орта тұсында Қостанайдағы тың жерлерді игеруге байланысты археологиялық ескерткіштерді зерттейтін экспедицияны да басқарды. Ол алған мағлұматтар Қазақстанның солтүстік өңіріндегі бұрын ақтаңдақ болып келген мәселелерді шешуге көп септігін тигізді. 1955 жылы зейнеткерлікке шыққанымен, ұзақ жылдар бойы ғылыми ізденістерін жалғастырды. Тіпті 1959 жылы Шардара су қоймасы орнында жүргізілген зерттеулерге қатысты. Көне қалалар мәдениетінің ерекшеліктерін ашып көрсетті [1]. Осы жылдары алған мәліметтерінің негізінде ол Қазақстанның ежелгі тұрғындарының архитектурасын, құрылыс ісін, шаруашылығы мен тұрмысын, қалалар топографиясын зерделеуге арнаған 40-тан астам еңбектер жазды.

Г.И. Пацевич 1950-жылдар ортасында Қостанай археологиялық экспедициясының жұмыстарына жетекшілік етті. Мұнда отряд жетекшісі Т.Н. Сениговамен бірге игерілетін тың және тыңайған жерлерді археологиялық тұрғыдан зерттеді. Экспедиция картаға 88 археологиялық нысанды түсіріп, облыс жерінен 32 оба қазды. Ең маңызды ескерткіштер Таранов, Пешков аудандарындағы кеңшарлар мен ұжымшарлардың (Викторов, Асенкритовка, Курск, Львов, Комсомол, Приречный, Жетіқара қ.) аумақтарынан қазылып, түрлі археологиялық нысандар қола дәуірінен бастап орта ғасырлар уақытымен мерзімделді [9, 99-103]. Алынған материалдар Қазақстанның солтүстік өңіріндегі, оның ішінде Тобыл бойындағы археологиялық мәдениеттер проблемаларын қарастыруға мол жағдай жасады. Далалық жұмыстар нәтижесінде сан алуан бұйымдар мен заттар, қару-жарақтар (құмыра, жебе ұшы, қола білезік, пышақ, қанжар, моншақ, сүйек және төсеніш

қалдықтары, т.б.) алынып, оба құрылыстарының сипаттамасы жасалынды. Қабірге қойылған мәйіттердің орналасуы, байырғы адамдардың дүниетанымы секілді сауалдар қарастырылды.

Ғалымның қаламынан бірқатар іргелі еңбектер де шықты. Солардың бірі де бірегейі Е.И. Агеевамен бірігіп жазған «Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана» атты ізденісі еді [8]. Мұндай іргелі еңбекте көне замандар тарихындағы сан алуан мәселелер өрбітіліп, салихалы қорытындылар жасалынды. Айталық, онда зерттелген ауданның тарихи-географиялық анықтамасы, археологиялық ескерткіштердің зерттелу тарихы, қоныстар мен қалалардың тарихи топографиясы, қыш ыдыстардың хронологиялық классификациясы, керуен жолдары, ежелгі мәдениеттер ерекшеліктері, мәдениеттердің дамуы сынды түйіні түйіткілді көптеген сауалдар қарастырылды.

Еңбекте кангюйлер (қаңлылар) тарихының кейбір қырлары да қарастырылған. Сол уақыттарда зерттеушілер кангюйлердің орналасуы жайлы өз пікірлерін білдірген болатын. Айталық, С.П. Толстов кангюй мемлекеті шығыста Ферғанамен, оңтүстікте Парфия және Бактрия жерлерімен шектесті, батыста оған Хорезм мен Бұхара жазиралары енген деп есептеді [10]. Ал, А.Н. Бернштам болса кангюйлердің шығыс шекарасы Талас өзені арқылы өтті деген еді. Бұл ғалым кангюйдің қытай дерек көздерінде айтылатын бес иеліктерін былай орналастырды: Юе-ни – Ташкент жазирасында, Сусе – Сырдарияның орта ағысында, Фуму – Жанакорғаннан Қазалыға дейінгі жерде, Ги – Сырдарияның төменгі батпақты, көлді аудандарында, Юегань – Хорезм аймағында жайғасқан [11]. Г.И. Пацевич өз кезегінде аталмыш еңбек телавторымен бірге А.Н. Бернштамның айтқан пікірлерін қолдады, бірақ бұл мәселенің әлі де даулы екендігін ескертті [8, 9]. Мұны авторлар проблеманың әлі толымды түрде зерттелмегендігімен түсіндірді. Дегенмен, Г.И. Пацевич ізденістеріне ерте темір дәуірі мен орта ғасырлар кезеңінің материалдық байланыстары үздіксіз дамып тұрды деген ұстаным тән екендігін айта кету керек.

Жалпы алғанда, Г.И. Пацевичті мамандар көбіне орта ғасырлық қала мәдениетін зерттеуші ретінде кеңінен таниды. Біз өз кезегімізде ғалымның ортағасырлық мәдениетке қатысты айтқан басты-басты ой-пікірлеріне аздап қана тоқталып кетсек дейміз. Себебі археологтың ортағасырлық тарихымыздың проблемаларына қатысты жүргізген ізденістері, келелі пайымдаулары арнайы ғылыми талдауларды қажет етеді.

Ол ортағасырлық бірнеше қалалардың орнын қазды. Солардың бірі – көне Тараз қаласы. Мұнда ол 1940 жылы қазба жұмыстарын А.Н. Бернштамның кеңесшілігімен жүргізіп, бес кезеңге тән қала стратиграфиясын, мәдени қабатын нақтылады [12]. Қазба барысында алынған материалдар (монета, құмыра, шаруашылық заттар, металл бұйымдар, т.б.) 1936-1938 жылдардағы осы қала орнынан А.Н. Бернштам алған мағлұматтардың растығын дәлелдеді. Ғалым әсіресе көне Тараздан табылған монеталарға ерекше көңіл бөлді [13]. Олардың жасалу жолына, пайдаланылған металл көздеріне және уақытына қатысты өз пайымдауларын жасады.

Сарайшықта қазба жүргізген Ә.Х. Марғұлан экспедициясының жұмыстарына да Г.И. Пацевич қатысқан болатын. Оның Сарайшықтағы құмыра жасайтын пешке [14], кірпіш күйдіретін пешке [15] арналған мақалаларында тұрғызылған пеш кірпіштерінің көлемі (36-37X36-37X7-8 см), пештің құрылысы, мерзімі

(XIII ғ. бас кезі), т.б. мәселелері анықталды. Г.И. Пацевич пікірінше мұндағы пештер құрылысы ешқандай да сырттан әкелінген емес, олар жергілікті қоғамда шаруашылықтың көркеюіне орай дербес түрде ежелден дамыған.

Қазіргі Тараз қаласынан 40 шақырым шығысқа қарай жатқан Ақыртас кешенін де Г.И. Пацевич зерттеген болатын. Мұнда ол 1940, 1945-1946 жылдары зерттеу жүргізіп, Ақыртас топографиясын, сарай құрылысы бөлмелерін, су жүйелерін, т.б. сипаттап жазды. Ғалым Қасрыбас елді мекеніне қарап, Ақыртасты IX ғасырға дейін тұрғызылған кешен деп есептеді [16]. Бір қызығы, Ақыртастың өзіндік зерттелу тарихы бар. Алғаш рет оны 1864 жылы суретші М.Н. Знаменский көріп, суретін салған. 1867 жылы белгілі ғалым П.И. Лерх кешенді қарап шығады да, оны XIII ғасыр бас кезіндегі құрылыстармен салыстырып, Ақыртас кешенін будда храмы деп есептеген. 1893 жылы Ақыртаста әйгілі В.В. Бартольд та болып, оны несториандардың монастыры деген пікірге келген. В.А. Каллаур Ақыртасты Қасрыбаспен салғастырды. Мұнда 1936-1938 жылдары А.Н. Бернштам экспедициясы болып, аталмыш кешенді зерттеді. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Ақыртаста болған Т.К. Басенов оны ешқандай храм да, монастырь да емес, ол VIII-IX ғасырларда тұрғызылған сарай-камал деген деген қорытынды жасады. Одан кейін бұл кешеннің мәнін Л.Ю. Маньковская шешуге тырысты. Бұл ғалым Ақыртасты құрылысы X ғасырдан кем емес уақытта басталған керуен-сарай деп болжам жасады. Бүгінгі күні К.М. Байпақов Ақыртасты IX-X ғасырлардағы қарлұқтар ставкасы деген өз көзқарасын ұсынып отыр [17, 145-147].

Сонымен қатар Г.И. Пацевич ортағасырлық архитектуралық кешендерге, олардың сақталуына және қалпына келтірілуіне көп көңіл бөлген [18]. Әсіресе мерзімді басылымдарда Айша-бибі, Қарахан, т.б. ескерткіштерді қорғау қажеттілігі, олардың тарихи маңызы жайлы мақалалар жариялап, көне дәуірлерден жеткен мұраны келер ұрпаққа жеткізу керектігі жөнінде сөз қозғады [19]. Сондай-ақ зерттеуші аталмыш ескерткіштерге қатысты халық арасындағы аңыз-әңгімелерді де мақалаларында көтеріп отырды. Сәулет өнерінің ескерткіштері жайлы зерттеуші жасаған қорытындылар бұл кешендерді осы заманда қайта қалпына келтіру жұмыстары кезінде ескерілгендігін айта кеткен жөн.

Қорыта айтқанда, Г.И. Пацевич Қазақстанның көне және ортағасырлық тарихына, мәдениетіне, археологиясына қомақты үлес қосты, оның қалдырған сан салалы ғылыми мұрасы (50 шақты еңбегі бар) бүгінгі күні ежелгі замандар сауалдарын қарастырған отандық тарихнаманың бір бөлігін құрайды. Кезінде жарық көрген еңбектерінің барлығы мұқият әрі терең талдаудан өтуді қажет етеді. Әсіресе, ортағасырлық кезеңдегі мәселелерге арналған ізденістері өз салалары (қала мәдениеті, сәулет өнері, нумизматика, құмырашылық дәстүр, топография, т.б.) бойынша болашақта кешенді түрде қарастырылғаны жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сенигова Т. Г.И. Пацевич / СА, 1971. №2. С.308
2. Пацевич Г.И. Историческая топография городов и поселений юга Казахстана VIII-XV вв. (по археол. данным). Автореф. дисс. канд. ист. наук. М., 1954. -16 с.

3. Пацевич Г.И. Отчет об археологической разведке в Джувалинском районе Южно-Казахстанской области в 1939 г. / Известия АН КазССР, 1948. Серия археологическая. Вып. 1. С. 92-97
4. Пацевич Г.И. Зороастрийское кладбище на Тик-Турмасе / Известия АН КазССР, 1948. Серия археологическая. Вып. 1. С. 98-104
5. Акишев К.А., Агеева Е.И., Пацевич Г.И., Маргулан А.Х. Основные итоги археологических работ на территории Казахстана в 1955 году / Известия АН Казахской ССР, 1954. Серия истории, экономики, философии, права. Вып. 3. С. 94-106
6. Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Обзор археологических работ в прошлом и исследования Южно-Казахстанской археологической экспедиции (1947-1951 гг.) / Труды ИИАЭ АН КазССР, 1958. Т.У. Археология. С. 12-60.
7. Археологическая карта Казахстана. Реестр. А.-А., 1960. - 449 с. с прил.
8. Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана / Труды ИИАЭ АН КазССР, 1958. Т.У. Археология. С. 3-215
9. Акишев К.А., Агеева Е.И., Пацевич Г.И., Маргулан А.Х. Основные итоги археологических работ на территории Казахстана / Известия АН КазССР, 1956. Серия истории, экономики, философии, права. Вып. 3. С. 94-106
10. Толстов С.П. Древний Хорезм. М., 1948. С. 20-24
11. Бернштам А.Н. Древний Отрар / Известия АН КазССР, 1951. вып. 3. С.97; Сонікі. Проблемы древней истории и этногенеза Южного Казахстана. Сонда. 90-6.
12. Пацевич Г.И. Раскопки на территории древнего города Тараза в 1940 году / Труды ИИАЭ АН КазССР, 1956. Археология. Т.1. С. 73-86
13. Пацевич Г.И. Монеты древнего города Тараза / Коммунист, 1940. №116
14. Пацевич Г.И. Гончарная печь на городище Сарайчик / Труды ИИАЭ АН КазССР, 1956, Т.1., Археология. С. 221-226
15. Пацевич Г.И. Печь для обжига кирпича в древнем городе Сарайчике / КСИИИМК, 1957, Вып. 69. С. 111-114
16. Пацевич Г.И. Акыр-Таш / Вестник АН КазССР, 1949, №4. С. 80-85
17. Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Жамбылская область. А., 2002. С. 145-150
18. Пацевич Г.И. Ремонт и реставрация мавзолея-мечети Ходжа-Ахмеда Ясови в 1939-1941 гг. / Известия АН КазССР, 1950. Серия архитектуры. Вып. 2. С. 95-100
19. Пацевич Г.И. К реставрации мавзолея Айша-биби / Коммунист, 1950 №6; Сонікі. Архитектурные памятники нашей области / Коммунист, 1949. №42; Сонікі. Легенды о мазаре Аулие-ата Карахана / Коммунист, 1940. №133; Сонікі. Мазар Аулие-ата Карахана / Коммунист, 1941. №133; Пацевич Г.И., Ремпель Л.И. Сохранить архитектурные памятники / Коммунист, 1940. №173.

Патшалық Ресейдің Қазақстанды отарлаудағы Орынбор діни басқарма- сының қызметі

Фарида АДИЛОВА,

Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-дың Қоғамдық пәндер
кафедрасының оқытушысы

Ресей империясы қазақ даласын отарлауда түрлі айла тәсілдерді қолдана отырып, өз билігін орнатқан болатын. Қазақстан арқылы Орта Азияны бағындыруды мақсат еткен патшалық Ресей мұсылман дініне қолдау көрстекен еді. Осылайша 1789 жылы Уфа мұфтилігі ашылып 1797 жылы ол Орынбор мұфтилігі деп аталды [1]. Қазақстан тарихында Орынбор діни басқармасының құрылуы әлі күнге дейін арнайы зерттелмеген өзекті мәселенің бірі.

Белгілі бір уақыт аралығында мұсылман және православ діндерін уағыздаушылардың халық арасында және оның рухани мәдениетіне тигізген ықпалы күшті болды. Осы ықпалды патша өкіметі өзінің халыққа қарсы саясатында жемісті пайдалана білді және халықты қанау жүйесіндегі діннің орнын көрсетті.

Патша өкіметінің саясатын қатаң түрде қолданып, соның қорғаушысы болған православ және мұсылман діндерінің басшылары «зорлық-зомбылыққа қарсыласпау» идеясын таратты. Дәл осы идеяны тарату арқылы көпшілік қауымды үстем тап өкілдеріне қалтысыз қызмет көрстеуге үйретті. Этностар арасындағы байланысты кең көлемде нығайту процесі барысында және патша өкіметі жүргізген саясаттан кейін, Орынбор губерниясында тұратын қазақтардың басым бөлігі имламның догмаларынан алшақтап, өзінің бұрынғы дінінен айырмашылығы бар, бөтен діндерге сене бастайды. Яғни поликонорессионалды процесс жүріп отырған. Ал бұл процесті зерттеудің өзі өте маңызды.

Осы айтылғандардың бәрі «әр түрлі тарихи процестер мен құбылыстарды дұрыс танып-білу үшін этникалық қарым-қатынастарды анықтау, айқындау үшін жұртшылықтың діни құрылымына талдау жасау керек» [2] екендігін аңғартады.

Дәл осы тұста Орынбор губерниясын мекендеген қазақтар жайлы сөз қозғағанымыз орынды болар.

XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басында Орынбор губерниясының барлық тұрғындары дінді уағыздаудың 9 түрі бойынша бөлінген екен: православтар, діндестер, ракольниктер, католиктер, лютерандар, иудейлер, караимдар [3]. Орынбор губерниясында саны жағынан біршама адамнан құралған топ православиені қабылдағандар болды. Олар сол өлкедегі тұрғындардың 73,5

пайызын құраса, одан кейінгі тұрған мұсылмандар тобы 22,8 пайыз еді. Ал басқа дінге сыйынатын тобы аздаған қазақтардан, сонымен қатар башқұрттар, татарлар және тағы басқа ұлт өкілдерінен құралды. Орынбор губерниясында тұратын барлық тұрғындардың үштен бір бөлігі мұсылман дініне, ал бірқатар бөлігі православиеге бағынды [4]. Осы себептен біз Орынбор губерниясы тұрғындары арасында дінді уағыздаушылардың 9 түрінің ішіндегі халыққа көп тараған мұсылмандықпен православиеге тоқталып өтпекпіз.

Мұсылман дінінің аса кең көлемде және тереңдеп тараған ірі діни орталықтар – Хиуа мен Бұхараның ықпалында болған оңтүстік Қазақстан өлкелерін есепке алмағанда, жалпы қазақ халқының ортодоксалды мұсылман болмағандығы бәрімізге белгілі. Патша өкіметі жүргізіп отырған саясатқа бағынышты болғандықтан, экономикалық және саяси себептердің нәтижесінде орыс халқымен іргелес немесе Қазақстан территориясымен шектесіп отырған, бөгде ұлттар ортасында өмір сүрген қазақтардың арасында таралған мұсылман догмалардың әлсіздігі расталды.

Қазақтардың діни сенімге төзімділігі мәселесі бойынша патша өкіметі әр кезеңдерде әр түрлі бағытты ұстанып, әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданды. Мәселен, Қазақстанның Ресейге қосылған кезеңінде қазақ халқын дінге бағындырудың әдіс-тәсілдерінің бірі ретінде – православиені халықтың өз ішінде зорлап тарату әдісін қолданды. Бұл 1740 жылы 11 қыркүйекте Анна Ионовнаның жарлығымен заңдастырылды [5].

Сөйтіп, қазақ даласында миссионерлер бірінен соң бірі ағылып келе бастады. Бұлардың бәрі христиан дінінен шыққандықтан, «жәдігөй ағартушылар» болған еді. Олар қазақтарды христиан дініне зорлық-зомбылық көрстеу арқылы мәжбүрлеп бағындырмақшы болды [6]. Осы абайсыздан жасалған іс-шаралардың салдарынан Қазақстанның Ресейге қосылу процесінің өзі дәл соққының астына кесе-көлденең қойылады да, бұл әрекетке ризашылығын білдірмеген адамдардың тарапынан қарсылық туындайды. Сондықтан қазақтарды христиан дініне зорлықпен шоқындыру патша өкіметіне абырой әкелмейтінін байқаған және оның күрделі мәселеге айналып кеткенін көрген соң, Сенат 1744 жылы 23 шілдеде - № 28978-ші «Бұратана халықтарды күшпен шоқындыру» туралы жарлық шығаруға мәжбүр болды [7]. Патша өкіметі енді қазақтарды дінмен дуалап бағындырудың жаңа тәсілін ойлап табады. Ол қазақ халқының жанына жақын, өздері сыйынатын және шаманизмнің белгілерімен үйлесіп, өзара сіңісіп кеткен мұсылман дінін халықтың «өз еркін жүгендеудің» бірден-бір ыңғайлы жолы деп біледі [8]. Діндарлықты халық арасына сіңіру және дін арқылы оларды есеңгіретудің, басын айналдырып алудың өзінен-ақ патша өкіметі қазақ халқын бағындырып, өз уыссында ұстаудың тиімді құралы екендігін көрсетеді. Бұл отаршылардың халықты қанауы үшін қолайлы жағдай тудыра алатын еді. Осы себептен патша өкіметі қазақтардың арасында мұсылман дінін тереңірек уағыздауды Жан-тәнімен қолдап, оны таратуға ыңғайлы жағдай жасап отырды.

Бірақ патша өкіметі қазақ халқын күштеп шоқындырудың сәтсіз аяқталғанын естен шығармай, оларды мұсылмандандыру процесін қалай болса солай, бағытсыз-бағдарсыз, өз бетінше жүргізгісі келмеді. Өйткені дәл осы кезде ірі-ірі мұсылман орталықтары – Хиуа мен Бұхара қазақтарға ықпалын күшейте түскен еді. Сондай-ақ ортаазиялық молдалар Ресей империясының тұрғындарына үнемі қарсылық білдіріп отыратын. Сондықтан Ресейлік Волга жағалауындағы тұрғындар арасы-

нан шыққан татар молдаларының көмегімен қазақтарға мұсылман дінін кеңірек сіңіруді жөн көрді. Осы мақсатпен 1755 жылы Орынбордан солтүстікке қарай 18 версток жерге Сейтовский деп аталатын құдайға құлшылық ету орнының негізін қаланып, ол жерлерге татар халқының қоныстанауына рұқсат етеді. Бұл қонысқа мешітер салынып, олардың жанынан татар, башқұрттардан басқа, Орынбор мұсылмандарына арналған медресе мен мектептер ашылды.

Мұсылман дінін уағыздаушы дінбасыларының қызметін жақсарту үшін 1788 жылы 22 қыркүйекте II-Екатеринаның рақымымен Уфа қаласында «Орынбор Мұхамедтік құлшылық ету собраниесі» құрылады. Бұл патша өкіметіне Жан-тәнімен берілген мұсылман дінін уағыздайтын мамандармен қамтамасыз ететін, қазына қарамағына қарайтын мекеме болды.

Сонымен қатар патша өкіметі қазақтар арасында мұсылман дінін нығайтудың тағы бір құралы ретінде мұсылман дінін уағыздайтын діни кітаптарды басып шығару қолға алынды. 1797 жылғы жарлық бойынша қазына есебінен қазақтар арасына тарату үшін «Құранды» басып шығару керектігі жоспарланды. 1797 жылы Петорборда 3600 дана «Құран» басылып шықты. Одан кейін Петорбордағы осы баспахана қазан қаласына көшіріліп, онда алғашқы үш жыл бойы, негізіне діни мазмұндағы 14300 дана кітап басылып шағарылды. 1858-1859 жылдары Қазан баспасы 32600 кітап басып шығарылды: оның ішінде – 82300 дана «Құран», 165900 дана «Хафтиан» (Құранан алынған қағидалар) және 77500 дана «Шариат-әл-иман» [9].

Патша өкіметі «Ислам орыс өкіметіне және кез-келген басқа да христиандық өкімет билігіне көмектесе алмайды, татардың сатқын дінбасыларына сенім артуға болмайды» [10] деген сөздерді естен шығарып, тағы да исламның көмегі арқылы мұсылман халықтарын өзінің қол астына бағындырғысы келді. Шынында да, татар мұсылмандығы қазақтарды бағындыруды сенімді тірек бола алмады. Татар молдаларының көпшілігі өздерінің діни қызметін пайдаланып, тек қара бастарының ғана қамын ойластырды. Бұл жағдай мұсылман дінінің беделінің түсуіне әкелді және патша үкіметі көздеген «өз еркін жүгендеуді» ашықтан-ашық жүзеге асыра алмады. Қазақтар татар солдаларының қазақтың кең даласындағы саудаға салған сатқындық – раставшистік операуияларындағы теріс ой-пиғылдарын көріп, олардың діни уағыздарына сенімсіздікпен қарады.

Дінге сенушілердің алдында сенімсіздігін жоғалтқан татар мұсылманшылдығы өз бағытын тұрақтандырып, мұсылман дінін ұстанатын халықтарға өз ықпалын тигізуді күшейтуді ойластыра бастады. Ал патша өкіметі өзі жоспарлаған «бұратана халықтарды орыстандыру» саясатын қызу жүргізіп жатқанда, татардінбасылары бұл іске бірден жармаса кеткен болатын. Олар өздерінің «кішкентай кезінен орыстардың бәріне сенімсіздікпен қарап, пассивті немесе активті қарсылыққа тәрбиеленген қараңғы, сауатсыз бұратана халықтарды арандату ісіне ылғи да қатысып жүргендігін ұмытып та кетті».

Патша өкіметі мұсылман дінін уағыздаушыларды өз жағына тарту мақсатымен татар молдаларына бірнеше жеңілдіктер жасайды. Мемлекеттік қызмет атқарады деп есептелгендіктен, молдаларға діни іс-шаралар атқару үшін жол қатынасына қазынадан ақша бөлініп отырды. 1900 жылы 22 мамырдағы Орынбор собраниесінің мәлімдемесінде: «... Мұхаммед молдалары олардың міндетті түрде қатысуға тиіс деген жерлерге шақырылған кезде, Қылмыстық сот өндірісінің уставындағы

979 және 988 баптарына сүйеніп, оларды ақшамен және тәуліктік қаражатпен қамтамасыз ету керек», - [11] деп жазылған.

Мұсылман дінін уағыздаушы дінбасыларына берілген тағы бір жеңілдік молдалардың пошта корреспонденцияларын ақысыз пайдалану болды. Бұл туралы ішкі істер министрінің 1893 жылы 14 шілдеде жеберген № 2512-ші мәлімдемесінде полиция басқармасы мен болыстық басқармаға молдалардың пошта арқылы лауазымды тұлғалар мен өкімет мекемелеріне жолдаған хат-хабарларының немесе оларға келген корреспонденцияларының ақысыз, дәл уақытында жеткізіп тұруын қамтамасыз ету керектігі туралы тапсырма-нұсқаулар берілген [12].

Патша өкіметі мешіт салу жұмысына да ерекше көңіл бөлген. Бұған мешіт құрлысын жүргізу мемлекеттік құрылыс Уставының «Мұхаммед мешіттерін салу туралы» деген тарауына сәйкес арнаулы мемлекеттік мекемелердің жобасы бойынша және олардың бақылауымен жүзеге асырылғандығы дәлел бола алады.

Орынбор губерниясындағы мешіттер тастан және ағаштан салынды. Дерек мәліметтеріне қарағанда, 6 жыл ішінде Орынбор губерниясында тастан салынған мешіттер саны 13-тен 30-ға дейін өскен, егер 1895 ж. тас мешіттер тек Орынбор және Орск уездерінде ғана болса, алты жыл ішінде Орынбор губерниясының барлық уездерінде де тас мешіттер салынып, пайдалануға берілген [13].

Орынбор губерниясындағы қазақ тұрғындарының көпшілігі осы мешіттерге келіп, құдайға құлшылық еткен. «1868-1870 жылдары Орынбор губерниясы тұрғындарына жүргізілген халық санағының статистикалық есебіндегі» мәліметтерге қарасақ, 2851 қазақтың әйелдері мен еркектерін бірге есептегенде – қазақ мұсылмандар қатары 2823 болып, Орынбор губерниясындағы барлық қазақ тұрғындарының 99 пайызын құраған екен. XIX ғасырдың аяғына таман 4971 ер адамдар мен 1704 әйел мұсылман дініне сыйынған.

Орынбор губерниясында тұратын қалған қазақтар православиеге құлшылық еткен.

